Ел ішінде оңтүстіктің «бүйірі тоқ отыр» деген үміт шырағы өлмеші лапылдаған жақсы сипаттағы хабар аштық жайлаған солтүстік өңір халқының босқыншылық көшін жандандырды. Қазақстанның солтүстіктегі көшпек болған ашыққан халық барған жерінде керек болып қалар деп, ауылшаруашылығы құралдарын, киім-кешек, азық-түлік алуға талпыныста жасаған. Ойлары Түркістан жеріне амалдап жетіп, күн-көріс амалын жасамақ. Жолдары болса, пышақтан аман қалған малына айырбастамақ. Босқындардың бірқатары қайтып оралғанда, олардың мүлде басқа жай тосып тұр еді. Жергілікті билік органдары әр болыстың шекарасына бекет құрып тастаған. Бекеттегілердің өкпек жолаушының қолындағы, қоржынындағы тіскебасар дүниенің бәрін түгел сыпырып алып қою оқиғалары да жиі кездескен.

²²⁴Базанова Ф.Н. Формирование национального состава населения Казахстана в годы Гражданской войны и восстановление народного хозяйства // Вестник АН Казахской ССР, № 1 (1979). 59 б.

²²⁵ҚРОМА. Р 40 қ. 1 т. 221 іс. 63 п.

²²⁶ Доклад III Всеказахскому съезду Советов о деятельности киргизского Народного Комиссариата земледелия с начала 1922 года. Оренбург, 1922. С. 47; Шмидт В. Голод в Казахстане в 1921-1924 годах. Причины и последствия // Этнодемографические процессы в Казахстане и сопредельных территориях. VI Международная научно-практическая конференция. Усть-Каменогорск, 27–28 ноября 2004 г. Сборник научных трудов. Ч. II. Усть-Каменогорск, 2005. С. 196-211.

²²⁷Лубны-Герцык Л. Движение населения на территории СССР за время мировой войны и революции. Москва: План. хоз-во, 1926. 124 с. С. 29.

Осы 1921 ж. қарашасындағы қазақстандық басшылардың Орталыққа хат жазып жағдайдың ауырлығын, ашаршылыққа ұшырап, халықтың жаншай өліп жатқанын, босқыншылықтың зиянды салдарларын дәлелдегеннен кейін ғана басқа ашаршылыққа ұшыраған аймақтарға бөлінген көмек мөлшерінен жырымдап алып, алғашында Қазақстанға аз мөлшерде көмек бөлінеді²²⁸.

Бірақ, Қазақстан апатты өз қаражатымен жою жұмыстарын жүргізу қажеттілігіне тап болды. Уездік атқару комитеттері 1921 ж. желтоқсан айында ашыққан адамдарға көмек көрсету туралы қаулы қабылдағанымен, көмек көрсетуге қауқары жоқ болатын. Адамдардың азық-түлікті базардан сатып алу мүмкіндігі туралы айтсақ: сол кезде базардағы бағаның мөлшері төмендегідей болса керек. Мысалы, сары майдың бір келесі 120 мың, пұжық 200 мың, картоп 22 мың рубль болған. Архив құжаттарында азық-түлік бағасы анық көрсетілген. Салыстыру үшін әр адамның табысы туралы да айта кетелік. Орташа 1 есеппен алғанда, жан басының табысы айына 219 800 рубльден айналған. Сонда айлық табысқа бір келі пұжық, әйтпесе, екі келіге жетер-жетпес сары май ғана сатып алуға болады екен²²⁹.

Бұл қаладағы қысылтаяң жағдайдың бір көрінісі, ал ауылдағы ахуал тіпті ушығып тұрған. Егер қаладағы мекемелер мен кәсіпорындарда жұмысшылар мен қызметшілерге паяз берілсе, ауылдағы адамға ештеңе берілмейтін. Қазақстанның солтүстік уездерінің барлық болыстарын аштық жайлады. Ашаршылық туралы естеліктердің біріне сөз берсек, «Аштық ешкімді аяуды білмейтін. 1921 жылдың 21 желтоқсаны күні Көкшетау уезінің Кривоозерный болыстық атқару комитетінің төрағасы былай деп мәлімдеме жазады: «Жағдай өте күрделі. Ашыққандар саны әр күн сайын көбейіп келеді. Олар атқару комитетіне келіп, азық-түлік талап етуде. Дайындау мекемесіндегі астықты тартып ала ма деген қауіп бар». Сондай-ақ, Көкшетау уездік партия комитетінің 1922 жылдың 8 ақпан күнгі отырысындағы хаттамада «барлық уезд халқы азық-түліксіз отыр» деген шынайы дерек көрсетіліпті²³⁰.

Осындай жағдайда «Поволжье республикасының 30 миллионға жуық тұрғыны бір түйір нансыз қалды. Аштан өліп жатыр. Қажетті азық-түлікті Украина, Түркістан, Сібір өңірінен жинау қажет деген бұйрық жолдады. Жоғары билік осындай талап қойып отыр. Шұғыл шара қолдануымыз керек. Тығып қойған азық-түлікті тауып, кәмпескелеп жеткізу туралы М.И. Калинин басшылық ететін орталық комиссия бұйрық етіп отыр. Осыған орай, жұмыс істеуіміз керек» делінген тапсырмалар бойынша халықтың қолындағы барын алып қою шаралары ашаршылықты күшейтті. «Шаш ал десе, бас алатын» шалақ белсенділер халықтың қолындағы соңғы азық-түлікті тартып алып, Еділ бойындағы аштарға көмекке жөнелтіп, қазақ жерінде ашаршылықтың өршуін жеделдетті.

²²⁸РФМА. 1064 қ. 1 т. 88 іс. 55-56 pp.

²²⁹Бәйәділ Байқал. Сұрапыл жылдар сұлбасы // «Бұқпа» газеті, № 21(1018) 27 мамыр 2021 жыл. 2 б.

²³⁰Бәйәділ Байқал. Сұрапыл жылдар сұлбасы // «Бұқпа» газеті, № 21(1018) 27 мамыр 2021 жыл. 2 б.

Қазақстандағы ашыққандар саны 1921 ж. қараша айында 1 558 927 адам, желтоқсанда 1 572 291 адам аштық құрсауында болып²³¹, мыңдаған адам босқыншылыққа ұшырап, көрші республикалар мен сырт елдерге жансауғалап кеткен еді.

Алапат аштықтың жан түршіктірер хабары өз алдына, «әне жерде атып кетіпті, мына жерде бауыздап кетіпті» деген алыпқашпа ақпараттың өзі аштықтан әбден қажыған, құр сұлдері қалған адамдардың кеудесіндегі үміт отын үрлеп өшіргендей. Жалпак жонда тіске басар азықсыз, тақымына басар көліксіз қалған кәрі-құртан, жас бала баудай түсті. Мұның арғы жағында ел құлағы естімеген сұмдық оқиғалар да орын алды. Мысалы, 1921 ж. соңында Полтава губерниясындағы Никольское селосынан көшіп келе жатқан жолаушы әйелдің жанында ауру меңдеген күйеуі, екі жас баласы және бірнеше бауырлары бар екен. Жол үстінде бір ағасы көз жұмады. Аштықтан әбден көзі қарауытып, жүйкесі жүндей түтіліп, ақыл-естен ада болған міскіндер мәйітті жеп қойыпты. Көш жолы тұйықтала келе, әлгі әйел екінші ағасын да жеген. Кезек балаларға жетіпті. Арғы жағын тәптіштеп айтпаса да болады²³².

Қазақстандағы жағдайдың ушығуына Ресей мен Украинаның аштық жайлаған аймақтарынан Қазақстанға босқын халық шұбыруының тоқтамауы зиянды әсерін тигізді. Қазақстанда да елдің өз ішінен көрші губернияларға, елден сырт жақтарға халықтың тамақ іздеп, жан сақтау үшін көшуі орын алды. Мысалы, Қырғыз (Қазақ) ОАК Төралқасының 1921 жылғы 10 маусымдағы отырысында Бөкей губерниясындағы ауыл шаруашылығының жай-күйі туралы баяндамада Струпе осы уақытқа дейін Бөкей губерниясынан Орал губерниясының Калмаков уезіне, атап айтқанда, Глинин және Карманов болыстарына жем-шөп үшін 10 мыңға жуық жанның қоныс аударғанын атап өтеді. Оны «Қалмақ уездік билігі мен Губземотделдің баяндауы бойынша босқындар мен жергілікті халықтың арасында ешқандай түсініспеушілік болған жоқ» деп берген мәліметінен көреміз²³³.

Ашыққан халық Түркістан АКСР-іне де қашты. Мысалы, бір ғана Перовск қаласына Ресейдің аштық жайлаған орталық аудандарынан 1921 ж. 20 қыркүйегінде мәлімет бойынша 18 мың аш босқын жұмысшыларды отбасыларымен қабылдауға арнайы лагерьлер ұйымдастырылды²³⁴. Айта кету керек, босқын жұмысшыларды Қызылордадағы су тасқынына қарсы күреске қолданбақшы болды.

Сондай-ақ, Түркістан қаласы 1921 ж. 15 қазаннан бастап 200 мың аштыққа ұшырағандар, 10 мың балалар, 10 мың әскерге шақыру алдында тұрғандарды қабылдауға міндеттелді²³⁵. Сондай-ақ, 1916-1918 жж. ашаршылық кезінде Түркістаннан Қазақ АКСР аумағына қоныс аударған босқындарды кері

²³¹Отчет СТО КАССР за апрель – сентябрь 1922 г. Оренбург, 1922. С 231-235.

²³²Бәйәділ Байқал. Сұрапыл жылдар сұлбасы // «Бұқпа» газеті, № 21(1018) 27 мамыр 2021 жыл.

²³³ҚРОМА. 5 к. 1 т. 54 іс. 38 п.

²³⁴Қызылорда облыстық мемлекеттік архиві (КОМА). 1 к., 2 т., 106 іс. 8 п.

²³⁵КОМА. 1 к., 2 т., 116 іс. 48 п.

Түркістан Республикасына қайтару шаралары жүрді. Мысалы, 1921 ж. маусым-шілде айларында 28 эшалон аш босқындарды теміржол бойымен тасымалдап, Қазалыдан бастап, Ташкентке дейінгі жол бойы түсіріп қалдырып отырды. Ол, босқындарды орналастыру жергілікті атқару комитеттеріне міндеттеді, НКВД арқылы бақыланатын болды²³⁶.

Қалалар мен станцияларда ашыққан жергілікті халық пен сырттан келгендердің босып жүрген есепсіз топтары көбейіп, араларында әртүрлі ауру түрлерінің: шешек, сүзек; бөртпе сүзек, қайталама сүзек, оба, мерез, корсан, өкпе аурулары және т.б. жұқпалы ауру түрлері мен соған сәйкес өлім-жітім көбейгеннен соң, жергілікті жерлерде билік халықтың мәжбүрлі көші-қонын реттемекші шараларды ойластыра бастайды. Мысалы, 1921 ж. мамырында Қазақстан аумағына бұрыннан Украинадан келіп қоныстанған шаруалар, сектанттар, артель жұмысшылары т.б. контингенттерді өз елдеріне қайтаруға немесе, осы жерлерде қалдыруға қатысты мәселе көтеріліп, шешімі қарала бастады, босқындарды елдеріне қайтару жұмыстары да жүргізіле бастады. Олардың өз бетінше стихиялы түрде қайтқаны қайтып, көбісі босқыншылықпен бір бөлігі көрші Түркістан Республикасына, көпшілігі ашаршылық жайламаған, астығы мен нан бар деген үмітпен Семей мен Ақмола губернияларына қарай босыды. Көп ұзамай анағұрлым жайлы деп есептелінген Семей губерниясы Ресейден ағылған босқындардың мәселесін шешем деп жүргенде өзі де аштық қамытын киді. Ол ол ма, алдын ала айтсақ, Павлодар уезінде аштық тоқтамай, 1922 жылы тіпті өршіді²³⁷. Осы жылдары сырттан кшіп келушілер легі тоқтамады, сонымен бірге ашаршылықтан қашқандардың кері көші-қон да белсендірілді. Мысалы, Қазақ Жер халық комиссариаты Алқасы отырысының 1921 жыл 15 маусымдағы №42 хаттамасының үзіндісінен Ақтөбе және темір уездерінен украиндарды өз Отанына стихиялық қоныс аударудан бас тарттыру қажеттігі туралы мәселені талқылау барысы туралы мәлімет аламыз:

«Украиндардың Украинаға көшуі туралы» сұрақ.

Мәселе Ақтөбе және темір уездерінің өкілдері Кревцанова, Зигаленко және Кормич жолдастардың қатысуымен талданады.

Тыңдалды:

Жолдас Щелоковтың айтуынша, 1921 жылы Украинаға қоныс аударушылардың өздері Республиканың мүддесі үшін қоныс аудару мүмкін емес, өйткені қазіргі уақытта республиканың барлық зауыттары шикізаттың жоқтығына байланысты тоқтап тұр, ал қоныс аудару (босқыншылық – авт.) оларды аштықтан құтқармайды. Украиндықтардың қоныс аударуы Украинаға да, Қырғызстанға да зиян тигізеді, өйткені ол жаз бойы жұмыс істеуге қажет уақытты алады. Щелоков жолдас қоныс аударушыларды Украинаға өздігінен қоныс аударудан сақтау шараларын ойластыруда

²³⁶ҚОМА. 1 к., 2 т., 116 іс. 50 п.

²³⁷Абай облыстық қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығы (АО ҚЗТҚО). 1-к. 1-т. 1033 іс. 135 п

аралас тұр. Щелоков жолдас Мәскеу мен Украинаның халық көмекшілерімен қоныс аудару туралы мәселеде ақылдасуды ұсынады.

Сириус мырза көшіп келушілерді ұстау мүмкін емес деп санайды, бірақ қоныс аударуды реттеу керек.

Сириус жолдас уездердің жағдайын қоныс аударушылар үшін де, Қазақстан үшін де қауіпті деп санайды. Сириус жолдас аштықтың бірнеше жағдайын тіркеді. Қалғандарын қоныс аударушыларды мемлекеттік қоғамдық жұмыстарға тартуды ұсынады».

Айта кету керек, Орталық Қазақстанға көмек көрсету, соның ішінде балаларға көмек көрсетуде болашақ жұмыс күші ретінде мемлекеткек пайда келтіретін жайт болғандықтан да 630.000 қазақ балаларына көмек көрсетуді ойлады²³⁸.

Енді бір мәліметке кезек берсек, 1921 жылы 12 қарашада осы жылдың шілде айында ғана құрылған Ақтөбе губерниясында 536 455 адам өмір сүрді. Негізгі халқы – қазақтар 67 ½ %, қалғаны 32 ½ % – орыстар мен татарлар. Қазақ халқының негізгі кәсібі-мал шаруашылығы, орыстар, негізінен Украинадан қоныс аударушылар, аралас шаруашылықпен: мал шаруашылығымен және егіншілікпен айналысады. Губернияның тек солтүстік бөлігінде, топырағы құнарлы, оңтүстік бөлігі құнарсыз – құм. Провинцияның басты байлығы-мал, шикізат және жүн. Рас, егін жинау жылдарында губерния нанға бай болады. Азамат соғысы кезінде Ақтөбе губерниясы аш Түркістанды тамақтандырды. Азамат соғысы кезінде аймақ кедейлене бастады. 1920 жылы басталған жұт апатынан мал өлімі жаппай орын алып, соңында қазақтардың басты шаруашылығы жойылды. Мәліметтерге сәйкес Қырғызстанда 65 ½ % және орыстарда 45% малдары өлген²³⁹. Мұндай жағдай Қазақстанның батыс бөлігін түгел қамтыды.

1921 ж. шілде айында (1921 ж. 10 шілдеде) ҚазақОАК Ашаршылыққа ұшырағандарға көмек көрсету комиссиясын құру туралы шешім қабылданып, осы жылдың 15 шілдесінде С. Мендешовтың басқаруымен Компомгол – Ашыққандарға көмек комиссиясы құрылады. Айта кету керек, 8 шілдеде аштық орнаған губернияларда салықтар түрін жою туралы шешім қабылданады, жер-жерде жергілікті деңгейде шешім қабылданады. Мысалы, 16 шілдедегі Семей губерниялық Атқару комитеті Төралқасының мәжілісінде ашаршылықтың қазақтың мал шаруашылығы мен халық санының күрт құлдырауына тигізген апатты әсеріне қатысты Қазақ ОАК көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықпен айналысатын қазақ халқының 1921 ж. көшпелі және жартылай көшпелі халықтан ет, жүн, тері салығы алынбайтын болып шешім қабылданады. Сондай-ақ, 1921 ж. 11 мамырында қабылданған май салығы туралы шешімнің де күші жойылады²⁴⁰.

²³⁸ҚР ОМА. Р-320 қ. 1 т. 43 іс. 106 п., 106 кп.; РФМА. 1064 қ. 1 т. 88 іс. 55-56 пп.

²³⁹Ақтөбе облыстық мемлекеттік архиві (АОМА). 3 қ. 1 т. 600 іс. 61-61 кп.

²⁴⁰АО ҚЗТҚО. 1 қ. 1 т. 161 іс. 120, 126 пп.

Комиссия аштықтың көлемін анықтау үшін Жер халық комиссариатына, Азық-түлік халық комиссариатына, Орталық статистикалық басқармаға аштықтан өлгендер саны мен жиналған егіннің мөлшері және тұқымдық астық аен азық-түлік мөлшерін анықтау туралы тапсырма береді.

Қазақ АКСР-ндегі жағдайдың барлық губернияларға тән екендігіне орай, ашаршылыққа ұшыраған халықтың тамақ іздеп жан-жаққа шұбырғанын тоқтату үшін, губернияларға жеделхаттар арқылы арнайы нұсқаулар жіберілді. Мысалы, Орталық ашаршылыққа ұшырағандарға көмек комиссиясының 1921 ж. № 318 жеделхаты негізінде Қостанай губерниясының аштыққа ұшырағандарға көмек комиссиясына губернияның аштыққа ұшыраған халқын есепке алуды жүргізу туралы Қазақ ОАК № 344 жеделхатына орай барлық аудандық, болыстық және ауылдық кеңестер мен партиялық ұйымдарға жер-жерлерде ашаршылыққа ұшыраған адамдардың есебін дәл және тез арада алу мақсатында басқа губернияларға қоныс аударғысы келетін халықты жібермей ұстаудың барлық шараларын қабылдауды, соңғысының мақсатсыздығын түсіндіруге қатысты тапсырмалар берді. Аштыққа ұшыраған халықты үш категорияға бөліп есебін алып отыру мен мынадай мәліметтерді алу тапсырылды: 1) 16 жасқа дейінгі балаларды, карттар мен әйелдерді, 2) ештеңесі жоқ 16 жастан жоғарғы жастағы еңбекке қабілеттілердің есебін алуды; Сондай-ақ еңбекке қабілетті адамдарды өз қызметі бойынша жұмыс істеуі үшін құрал-жабдықтарының болуы бойынша ескеруді: 1) тірі құралы барларын, 2) олардың санын көрсетіңіз, бұл ретте 1) 1921 жылы қанша егілгенін және десятинадан қанша пұт жиналғанын, 2) алдағы егіске қанша десятина егуге болатынын, 4) қанша тұқым қажет болатынын және 5) 1922 жылға қанша жер дайындалғанын көрсетіңіз» т.т. деп ұсынынылады²⁴¹.

Айта кету керек, барлық тапсырмалардың орындалуы әскери тәртіптей бақыланды. Орындалуы керек және қажетті мәліметтерді болыстық және аудандық атқару комитеттері осы жылдың 25 қазанынан кешіктірмей Қостанай губерниялық төтенше аштыққа көмек комиссиясына жеткізе алатындай есеппен жеткізуі керек еді.

Осы циркулярды орындамаған барлық адамдар сотқа тартылатын болды²⁴².

Осындай шешімдер мен нұсқаулар қабылданды, бірақ азық-түліктің болмауы мен нақты көмектің келмеуіне байланысты ашыққандарға көмек көрсетілмеді. Қазақ АКСР ауылдары мен ауылдарына аштыққа ұшыраған халықаралық АРА-ның көмегі жеткен де жоқ. Жергілікті органдардың күш-жігеріне қарамастан, аштықтан қашқан мәжбүрлі босқындар ағыны тоқтаған жоқ. Аштықтан зардап шеккен Қазақ республиканың барлық бес губерниясында халықтың басқа жерлерге қоныс аударуы байқалды. Халықты шаруашылығының қажетіне орай, өлкенің босап қалуынан қорғау

²⁴¹АО ҚЗТҚО. 1 к. 1 т. 161 іс. 10 п.

²⁴²Қостанай облысы мемлекеттік архиві (ҚостОМА). 298 к. 1т. 1 іс. 1 п.

мақсатында халқын сол жерлерде ұстап қалу үшін қабылданып жатқан шаралар оң нәтиже бермеді. Орталықтың көмегінің болмауына байланысты аштық отырықшы жерлерден де қашып кетті. Көптеген босқындардың мініс аттары жолда өліп, шаруалар қалаларда, теміржол станцияларында қоныстанды. Ол жерлердің мүмкіндігі шектеулі, ресурстары жоқ болғандықтан, құжат тілімен айтқанда «Аштыққандар, ісі. балалар да көп өлуде. Теміржолшыларды тамақпен қамтамасыз ету жоқтың қасы, сондықтан, мысалы, жұтқа қарсы күресте ерекшеленген Ақтөбенің теміржолшылары ереуіл жасаймыз деп қауіп төндіруде».

Қазақ босқындарын қабылдау туралы Түркістан Республикасымен келісіп жатқан кезде (мысалы 10.000 қырғызды-қазақты қабылдау туралы) Ақмола мен Семей облыстарына жиырма мың орысты қоныстандыруға болады деген шешім де қабылданып жатты. Қоныс аударушылар деген атпен аталып, Ресейдің аштық жалмаған аймақтарынан әкелінген адамдарды Қазақстанның анағұрлым жайлы деген аймақтарына орналастыру жұмыстары да жүргізілді. Мысалы, Семей РКП(б) губерниялық комитетінің 1921 ж. қарашаның алғашқы жартысындағы ақпараттық жиынтығында жекелеген ашыққан қоныс аударушылардың Семей губерниясына келуіне кедергі жасамауды, эшалондармен келіп жатқан қоныс аударушыларды жұмысқа пайдалануды, Орталықтың наряды бойынша келетіндерден бөлек, ұйымдаспаған түрде қоныс аударушыларды Сібірэвакуациялық бөлімінен Семей губерниясына өткізбеуді, келгендерін еңбекпен қамтамасыз етуді қажет деп шешкен мәліметтер бар. Сондай-ақ, Павлодар уезіне Еділ бойынан 800 аш баланы әкелгені және оларға арнап 18 балалар үйінің ашылғандығы туралы айтылады²⁴³.

Семей губерниясына 1921 ж. шілде-желтоқсан айларында сырттан 9217 адам (оның 3072-сі балалар) келген. Санитарлық поезбен тағы 4981 аш адамдар, барлығы 14198 адам келген. Өз бетімен, стихиялы түрде арып ашып келгендер де болды. Олар есепке алынбады²⁴⁴.

Тамақ іздеп, көшіп, босып кеткендер мен босып келгендердің станцияларға жиналатыны белгілі. 1921 ж. 12 қарашасындағы мәлімет бойынша Ақтөбе теміржол станциясында жиналып қалған 4899 адамның барлығы дерлік аштықтан өлгендігі, мүрделерін жинауға да үлгермей, өлген жерлерде жатқандығы айтылады²⁴⁵. Ақтөбе губерниясы мен жергілікті жерлердің мәліметтері бойынша облыста осы кезде 12 жасқа дейінгі 87.725 бала, ересек 286.490 адам, барлығы 374.215 адам көмекке зәру деп есептелінді.

Ақмола губерниясына келген босқындарға келсек, Қазақ губернияларынан 600, Симбирскіден 250, Уфадан 300-дей, Нижегородтан 50, Самарадан 500, Вяткадан 100, Рязаньнан 250, Воронежден 100, Петроградтан 100,

²⁴³Абай обл ҚЗТҚО. 1 к. 1 т. 70 іс. 71 кп.

²⁴⁴Смағұлова С. Ашаршылық қасіреті / С. Смағұлова. 1-кітап. Алматы: Елтаным» баспасы, 2019. 272 б. 215 б.

²⁴⁵АОМА. 3 к. 1 т. 600 іс. 61п., 61кп. Көшірме.

Саратовтан 75 адамды аштық айдады²⁴⁶. Ерекше Сібірден келген босқындар мөлшері көп болды. Сібір орталық одағы, Сібір сыртқы байланыс және Омбы эвакуациялық базасының күшімен бұл аймақтан Қазақ АКСРінің құрамындағы Ақмола және Семей губернияларына 250 мың босқын жіберілді (1922 ж. 7 маусымдағы мәлімет)²⁴⁷.

Ақмола губерниясы ашаршылық қатты кеулемеген, керісінше, аштық жайлаған аймақтардан келген босқындарды орналастыруға ыңғайлы деп, мұнда стихиялы және жоспарлы түрде босқын аштарды орналастырған губерния болды. Бірақ, 1922 ж. мұнда жағдай өзгерді. Нақты айтқанда, бұл губернияның адамдары да босып, анағұрлым тамақ тауып, күнкөріске ыңғайлы деп есептелінген Түркістан Республикасына қоныс аударды. Босқындардың жолда өлгеніне бөлек, барған жерлерінде де «шолақ белсенділердің» қысымынан қиындық көргенін айтып, Түркістан Республикасы Сырдария облысының Түркістан уезінің «Көкшекұм» деп аталатын жерге босқыншылықпен қоныс аударып келген Шымбек Адамбай деген ақмолалықтың шағымы кездесті. Өздерінің бұрынғы мекендеген жерінен Әділов деген милиционер 4 орыс жолдастармен және тағы 10 милиционермен келіп, Ақмола губерниясына қайтуларын талап етіп, бұйрыққа бағынбаған жағдайда «жер бетінен жоқ қылатынын» айтып, күш көрсетіп, ол-ол ма, винтовкасымен оқ жаудырып, бейбіт тұрғындарды қорқытып, шарасыздық жағдайға түскенінен хабардар етеді. 1922 ж. 29 наурызында жазылған хатта Түркуезінен Ақмола облысына дейін 1200 верст қашықтықта екендігін, ол босқындардың кері қарай көшкен жағдайда Шу ауданына ғана жетуі мүмкіндігін, ал Ақмола жеріне жетуге шамаларының жетпейтіндігін айтып Түркістан қаласының Атқару комитетінің өкілі (фамилиясын анықтау мүмкін болмады, жазба нашар – авт.) Түркістан Орталық атқару комитетінің Қырғыз (Қазақ) өкілдігіне баяндама хат жазады. Яғни, жан-жаққа босып кеткен халықтың аман қалғандарын қайтару үдерісінің жүруіне аш адамдардың шамасы болмағандығынан және босқындарға деген қокан-лоқыдан хабар береді бұл құжат²⁴⁸.

Қазақстанда ашаршылық көлемі ұлғайған сайын, шаруалар тамақ тауып жеу үшін ыңғайлырақ деп аштыққа ұшыраған аймақтарға жақын орналасқан қалалар мен теміржол станцияларына қарай қашты. Аштардың стихиялы көш-толқынын күтпегендіктен, қалалық мекемелер босқындарды қабылдауға даяр болмады. Жылдам ұйымдастырылған аштыққа ұшырағандарға көмек комиссиясы аш адамдарды егіні бітіктеу болған аймақтарға бағыттамақшы әрекеттер жасады. Сырттан келгендерді де өз елдеріне қайтару жұмыстары жүргізді. Теміржолдар бойында жиналған адамдарды тасымалдауда қиындықтар туды. Эшалондардың шаруашылық қажеттеріне жұмсалудан кейін босай бастауына қарай, Эвакуациялау басқармасының жұмысы

²⁴⁶ҚРОМА. 320 к., 1 т., 51 іс. 51 п.

²⁴⁷ҚР ОМА. 5 к. 3 т. 83 іс. 30 п.

²⁴⁸ҚР ОМА. 5 к. 3 т. 83 іс. 11 п.

реттеле бастады. 1922 ж. 18 маусымындағы мәлімет бойынша Қазақ АКСР станцияларында жиналып қалған контингенттердің әртүрлі топтарын, соның ішінде ашыққан адамдардың легін тасымалдау нәтижесі төмендегідей болды: Қазақ АКСР-інің аумағында (Орынбор губерниясын есептемегенде, мұнда барлығы – 41544 адам тасымалданған) ашаршылықтан қашқандары мен елдеріне қайтаруы керек адамдар санын айтсақ, 1921 ж. қаңтар желтоқсан айлары арасында Ақтөбе губерниялық эвакуация комитеті бойынша: әскери тұтқындар мен әскери міндеттілерден 32 адам; Польшалық босқындардан 3188 адам; Латвия мен Литвалық босқындардан – 91 адам, Түркістаннан келген босқындар – 1135 адам, ашаршылыққа ұшырағандардан – 4578 адам, станцияны жайлағандардан – 13000 адам, барлығы – 22024 адам; Орал губэвакуация бойынша (қаңтар-маусым, 1922 ж.): Польшалық босқындардан – 54 адам, әскери тұтқындар мен әскери міндеттілерден – 34 адам, Латвия мен Литвалық босқындардан – 51 адам, болгарлық азаматтардан – 18 адам, барлығы – 157 адам; Қостанай Губэвакуация бойынша (қаңтар-маусым, 1922 ж.): Польшалық босқындар мен қоныстанушылардың 3500 адам, Бұхар азаматтығындағы – 101 адам, әскери тұтқындар мен әскери міндеттілерден – 1482 адам, ашаршылыққа ұшырағандардан – 3000 адам, барлығы – 6749 адам; Елек уездік эвакуациялау орталығынан (қаңтар-маусым, 1922 ж.) – Польшалық босқындардан – 1848 адам, әскери тұтқындар мен әскери міндеттілерден 48 адам, барлығы – 1896 адам; Семей губэвакуация бойынша: Литвалық босқындардан – 61 адам, Латвия босқындарынан – 109 адам, эстондық босқындардан – 36 адам, Польшалық босқындардан 419 адам; әскери тұтқындар мен әскери міндеттілерден 242 адам, Түркістан өлкесінің босқындары – 442 адам, Барлығы – 1289 адам. Орынбор губерниясын қоспағанда, Қазақ АКСР-інің ашаршылыққа ұшыраған аудандарынан теміржол арқылы ашаршылықтан қашып кеткендердің толық емес саны – 32115 адам болған екен²⁴⁹. Орынбор губерниясындағы тасымалды қоссақ, теміржол арқылы осы кезде тасымалданғандар саны 41679 адам болды.

Жалпы алғанда 1921-1922 жж. Эвакуациялау басқармасының ұйымдастыруымен 74946 адам тасымалданды, соның ішінде Түркістан Республикасына 47207 ашаршылықтан қашқан адам, 3352 Түркістан өлкесінен келген босқындар, 2947 басқа қоныс аударушылар, барлығы 53506 адам көшірілді²⁵⁰.

Назар аударатын жайт, бұл мәліметтер толық емес. Одан бөлек ашаршылық жылдарында теміржолдарда адамдарды тасымалдау кезінде оларды азықпен қамтамасыз ету үшін бөлінетін қаржының аздығына орай, көмек нашар көрсетілді. Станция маңында жиналып қалғандарға көмек көрсетілмегендіктен, тамақтанбауына байланысты араларында сүзек ауруы

²⁴⁹ҚР ОМА. Р-320 к. 1 т. 43 іс. 106 п., 106 кп.

²⁵⁰Смағұлова С. Ашаршылық қасіреті / С. Смағұлова. 1-кітап. Алматы: Елтаным» баспасы, 2019. 272 б.(79, 80)

тарап, адамдар көп шоғырланған жерлерде адам өлімі жиналғандардың 56%-не дейін жететін²⁵¹.

Көрші Түркістан Республикасына Қазақ АКСРінен де, сырттан, әсіресе, Еділ бойынан да босқындар ауып келді. Жергілікті билік оларды кері қайтару шараларын ұйымдастырды. Мысалы, Түркістан Республикасының Түркістан, Перовск, Қазалы қалалары мен Арал теңізінен Еділ бойындағы аштықтан зардап шеккендіктен босып келгендерге көмек туралы құжаттың бірі босқындарды қайтару шаралары туралы айта отырып, елге келген халықтың мөлшері туралы да хабар береді. Мысалы, Түркістан Республикасындағы халықты эвакуациялау бас басқармасының Ташкент қаласында орналасқан Санэвак бөлімінің РКФСР ІХК (НКВД) Орталық эвакуация бөліміне 1922 ж. 17 қазанда № 5691 номермен жіберген Түркістан, Перовск, Қазалы қалалары мен Арал теңізінен Еділ бойына қайтаратын босқан халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету туралы хабарламасында Еділ бойынан келген екі эшалон ашыққан адамдарды кері қайтару шаралары туралы айтылады²⁵². Хат эшалондарды азықпен қамтамасыз ету үшін қаражат пен азықтың жетіспеушілігін тағы көрсетеді. Босқындарды қайтару үдерісі жалғасып жатты. Бірақ, азық жетіспеушілігі шешілмеді.

1922 ж. қазан айында босқындардың қалаға ағылуының тиімсіздігіне орай босқыншылықты тоқтату, Ресейдің жақын аймақтарынан босқындарды кері қайтару жұмыстары жүргізілді.

1922 жылы 19 (немесе 29) қазанда жазылған «1922 ж. қазан-желтоқсан айларында «Еділ бойындағы аштықты тіркеу және оларды Отанына эвакуациялау туралы» хатта Ақмешіт уезінен 1 қарашада аштыққан 350 адамның кері қайтарылатыны, Помгол Орталық Комитетінің бұйрығы негізінде жөнелтілгендер кеткеннен кейін 7 күн ішінде азық-түлікпен қамтамасыз етілу керектігі айтылады. Бұл құжат та Жергілікті помголда азық-түлік жоктығы, оларды округтен сұрау керектігі айтылып, өзара көмектесуін немесе Қосшы Одағынан ең аз көлемде – жиырма пұт ұн немесе 25 пұт бидай сұрайтыны айтылған. Уезд азық-түліктерді алғаннан кейін Қосшы Одағына қайтаратынын айтып, уәде береді²⁵³. Осы хаттың негізінде Ақмешіт уезі кеңестерінің уездік-қалалық атқару комитеті басқармасының бөлімі Қосшы Одағынан Ақмешіт уезінің Экономикалық кеңесінің төрағасы предпомголға өнім беру туралы өтініш жасайды. Бірақ, 1922 жылы 30 қазанда жіберілген хатқа Қосшы Одағынан 1922 жылы 7 қарашада «астық жоқ» деген жауап алады.

1922 жылдың желтоқсанында да осындай жайт қайталанады.

Айта кету керек, губерниялардағы Аштыққа ұшырағандарға көмек комиссиясының көмегі де айтарлықтай болмады. Қолдарындағы бар қаражат пен азық-түлік мөлшері тез таусылып қалатындығына байланысты тұщымды

²⁵¹ҚР ОМА. Р-320 қ. 1 т. 43 іс. 106 кп.

²⁵²ҚОМА. 1 қ. 2 т., 147в іс. 2 п.

²⁵³ҚОМА. 1 қ. 2 т., 147в іс. 1-кп.

көмек көрсете алмаған Аштарға көмек комиссиялары болды. Мысалы, Қостанай губерниясының Аштарға көмек комиссиясының көмек көрсетуге мүмкіндіктерінің өзі аянышты жағдайда болды²⁵⁴.

Аштықпен күрес комиссиясы губерниялардың уездік атқару комитеттерінде құрылған уездік комиссиялар арқылы ашыққандардың санын, оларға керекті көмек мөлшерін, қолдағы бар азық-түліктік мүмкіндіктер туралы есепті алып тұрды. Ауру мен өлім-жітімнің де есебі алынып, жұқпалы ауру тараған уездерге медициналық көмек көрсету, дәрігерлік бөлімшелер ашу мен дәрі-дәрмектер алуды жүзеге асыруды қолға ала бастады. Қолдағы мәліметтер негізінде 19-27 ақпанда Орынборда өткен Қырғыз (Қазақ) облыстық Қазақстан Орталық Атқару комитетінің төрағасы С. Мендешовтың хабарламасы бойынша, 1921-1922 жылдардағы Қазақ АКСР-ін шарпыған алапат аштық көшпелі қазақ шаруашылығын апатқа ұшыратып, аймақта демографиялық күрделі ахуал туғызды. Сол тұстағы Қазақ АКСР-іне қарасты 20 аудан мен 21 уез аштық құрсауында қалды. Олар Орынбор, Орал, Қостанай, Ақтөбе, Бөкей губерниясы мен Адай уезінің аудандарына қарайтын елді мекендер болатын. Аштықтың көлемі архив құжаттарына сәйкес өте ауқымды болды. Аштықтың анық белгілері көрінген алғашқы жылы, яғни 1921 жылдың наурыз айында халықтың жалпы саны 3 353 228 адамды құраған бұл аймақтардағы ашыққандар саны 2 286 591 адамды немесе 68%-ды құрады²⁵⁵.

Архив құжаттары ашаршылыққа ұшырағандардың саны туралы әркелкі болғанымен, мөлшерлері ұқсас мәліметтер береді. Өлкелік партия комитетінің БКП(б) Орталық Комитетіне жолдаған ресми ақпараты бойынша, жоғарыда айтқандай, 1921 жылғы наурызда Қазақстанның бес губерниясындағы аштыққа ұшырағандардың саны 2 млн 286 мың 591 адам болып, сол аймақтардағы халықтың 68,2%-ын құраған»²⁵⁶. Ал, Қырғыз (Қазақ) Республикасындағы 1921-22 жылдардағы аштыққа қарсы күрестің нәтижелері туралы мақалалар жинағында (*ҚРОМА-ның Р-320 қорында жинақталған құжатта кездескен*) төмендегідей мәлімет беріледі:

Аштарға көмек Қырғыз ОК 1921 жылы 15 шілдеде құрылды. Республика халқы 4.757.552 адам; оның ішінде ересектер 2.522.997 адам, балалар 1.994.655 адам (Адай уезі енбеді, онда ересектер мен балаларға бөлінбегенде уезде 240.000 адам бар). жалпы саны 2.653.300 адам болатын 5 губерния мен 1 округ аштыққа ұшырады.

Жылдар бойынша есепке келсек:

²⁵⁴ҚР ОМА. 5 к. 3 т. 83 іс., 22 кп.

²⁵⁵Қазақстандағы ашаршылық. Голод в Казахстане. 1921-1923. Сборник документов и материалов. Том 2. Июль 1922 – ноябрь 1923 / Сост. С.К. Шилдебай (отв.), З.М. Толенова, Г.М. Каратаева, Р.Е. Оразов, Б.Н. Орынбасар. Алматы: «Алматы-Болашақ», 2021. 752 (157).

²⁵⁶Смағұлова С. Ашаршылық қасіреті / С. Смағұлова. 1-кітап. Алматы: Елтаным» баспасы, 2019. 272 б. (66); Қазақстандағы ашаршылық. Голод в Казахстане. 1921-1923. Сборник документов и материалов. Том 2. Июль 1922 – ноябрь 1923 / Сост. С.К. Шилдебай (отв.), З.М. Толенова, Г.М. Каратаева, Р.Е. Оразов, Б.Н. Орынбасар. Алматы: «Алматы-Болашақ», 2021. 752 с. (157).

1922 жылдың 1 қаңтарында 1.600.452 адам;

1922 жылдың 1 сәуірінде- барлығы 1.761.470 адам;

1922 жылдың 1 шілдесіне барлығы-2.065.394 адам аштыққа ұшырады.

Сонымен қатар, Акмола губерниясының 3 уезі көмекке мұқтаж болды²⁵⁷.

Осы айтылған мәліметте Адай уезінің есебі кірмеген. Ал енді ҚАССР Халық Комиссарлары Кеңесі жанындағы Еңбек және қорғаныс кеңесінің (СТО КАССР) сәуір мен қыркүйек аралығындағы есебі бойынша 1921 ж. Қазақстандағы ашыққандар саны **қараша айында 1 558 927** адам, желтоқсанда 1 572 291 адам болған. 1922 ж. мәліметтер тіпті сорақы: қаңтар айында **1554197**, ақпанда 1625387, наурызда 1719234, сәуірде **2 286 486**, мамырда 2093403, маусымда **2019475** адам деп тіркеген²⁵⁸. Міне осы мәліметтер бойынша 1921-1922 жж. республикада 2 млн. 300 мың адам ашаршылыққа ұшырады деген зерттеушілер арасындағы есептің шындыққа жанасымды екенін көрсетеді. Бұл жылдары өлім-жітім күрт өсіп, халықтың босқыншылығы күшейді.

Мемлекет пен қайырымдылық ұйымдарының кештеу болса да (1922 ж.) азық-түлік және медициналық көмек көрсетуі ғана мыңдаған адамдарды өлімнен құтқарды, аштыққа ұшырағандар қатарының азаюына, Қазақстанның аштыққа ұшыраған халқының дамуының қалыпты арнаға кіруіне көмектесті. Біртіндеп, ашаршылықтың салдарын жоюға қатысты жаңа міндеттерді шешуге бағыт алды.

1922 жылы 25-27 ақпанда Орынборда өткен 2-ші облыстық партия конференциясының делегаттары алдында С. Мендешев «КСРО-дағы ашаршылық және оған қарсы күрес туралы» баяндама жасады. Оның айтуынша, осы уақытқа дейін аштықтан барлығы 2653300 адам зардап шеккен²⁵⁹.

4 айдай уақыттан соң, 1922 жылғы 8 шілдеде КазОАК-нің Төрағасы С. Мендешевтің КазОАК-нің III сессиясында жасаған баяндамасында осы жылдың көктемінде алынған толық емес дерек бойынша Қазақстанда **аштыққа 2 832 000** адам ұрынған деген мәліметті айтады²⁶⁰. Өлім-жітім өсіп, апатқа ұшыраған аудандардан халықтың көші орын алды.

Ашаршылық кезінде өлген адамдардың саны Ашыққандарға көмек көрсету комиссиясының төрағасы Мұхтар Әуезовтің пікірі бойынша 1 млн 700 мың адам.

Украинаның «Наше слово» газетінде (украин тілінде) 2010 жылдың 12 желтоқсанында шыққан қазақстандық саясаттанушы Данила Бектұрғановтың «Ұлы жұт немесе қазақ даласындағы Ұлы аштық қырғыны жайлы» мақаласында «Кеңестік деректер **1 114 000** адам өлді» деп көрсеткен.

²⁵⁷Қазақстандағы ашаршылық. Голод в Казахстане. 1921-1923. Сборник документов и материалов. Том 2. Июль 1922 – ноябрь 1923 / Сост. С.К Шилдебай (отв.), З.М. Толенова, Г.М. Каратаева, Р.Е. Оразов, Б.Н. Орынбасар. Алматы: «Алматы-Болашақ», 2021. 752 с. (291-292); КРОМА. Р-320 к. 1 т. 29 іс. 9 п.

²⁵⁸Отчет СТО КАССР за апрель – сентябрь 1922 г. Оренбург, 1922. С. 231-235.

²⁵⁹ҚР ОМА. 139 к. 1 тіз. 252 іс. 126 п.

²⁶⁰III Сессия Киргизского Центрального Исполнительного Комитета 2-го созыва (Полный Стенографический Отчет: Бюллетени № 1-6). 1922 жылғы 8-16 шілде. Оренбург: Тип. Губсовнархоза №8, 1922. 211 с. (2).

ҚАССР Халық Комиссарлары Кеңесі жанындағы Еңбек және қорғаныс кеңесінің²⁶¹ (СТО ҚАССР) сәуір мен қыркүйек аралығындағы есебі бойынша 1922 ж. Қазақстандағы ашыққандар саны қазан айында 1558927 адам, желтоқсанда 1572291 адамға өскен. 1922 ж. мәліметтер тіпті сорақы: қаңтар айында 1554197, ақпанда 1625387, наурызда 1719234, сәуірде 2286486, мамырда 2093403, маусымда 2019475 адам деп тіркеген²⁶².

Негізгі шынайы мәлімет ретінде Сейітқали Меңдешевтің Қазақ АКСР Орталық атқару комитеті жанынан құрылған Аштарға көмек көрсету орталық комиссиясының төрағасы ретінде, Өлкелік партия комитетінің БКП(б) Орталық комитетіне жолдаған ресми ақпараты бойынша 1922 жылы шілдеде көрсеткен аштыққа ұшырағандардың саны 2 млн 286 мың 591 адам деп көрсетіп, соның 68,2% – 1,5 млн қазақ деген мәліметті қабылдаймыз²⁶³. Бірақ бұл санға 1922 жылдың екінші жартысы мен 1923 жылы да жалғасқан ашаршылық құрбандарының санын қосылмағанын атап көрсетеміз.

Қорыта айтқанда, архив құжаттарын талдағанда ашаршылықтың көлемі анық болғанымен нақты санын анықтауда әркелкілік кездеседі. Бірақ, ол сандық мәліметтердің айырмашылығы болғанымен, ашаршылыққа ұшыраған халықтың саны мен аумақты анықтауда негізгі дерек болады. 1921-1923 ж. ашаршылық негізгі тұрғылықты халық – қазақтардың өсімін тежеген алпауыт апаттың бірі болып табылады. Халық саны мен құрамындағы өзгерістерді зерттеу әлі де жалғасын табуы керек деп есептейміз.

2.4 Крестьянские восстания начала 1920-х гг. в Казахстане

Л.А. Гривенная

«Военный коммунизм» как система военно-коммунистических мер в экономической политике советского государства достиг своего апогея в конце 1920 – начале 1921 гг. Давление на крестьянство со стороны государства было продиктовано не только стремлением советского правительства мобилизовать материальные и людские ресурсы для победы в гражданской войне и упрочению позиций большевиков после ее окончания, но и революционным нетерпением параллельно осуществить уникальный эксперимент по форсированному строительству коммунистического общества. Не случайно, экономическая политика большевиков в годы

²⁶¹ҚАССР Халық Комиссарлары Кеңесі жанындағы Еңбек және қорғаныс кеңесі 1921 ж. 14 қаңтарда ҚАССР Халық Комиссарлары Кеңесінің комиссиясы құқығында құрылады. Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасының орынбасарлары Еңбек және қорғаныс кеңесінің төрағалары болды. 1923 ж. қыркүйек айында ҚАССР Халық Комиссарлары Кеңесі жанындағы Өлкелік экономикалық кеңес ретінде өзгертіледі.

²⁶²Отчет СТО ҚАССР за апрель – сентябрь 1922 г. Оренбург, 1922. С 231-235.

²⁶³Сейітқали Меңдешев: «Аштық туралы мәселе» бойынша сөз (аударған Сәбит Шілдебай) // Егемен Қазақстан. 2021. 19 мамыр. 12-б.

гражданского противостояния была названа «военным коммунизмом», так как в это время была проделана попытка внедрения элементов будущего коммунистического общества, таких как: всеобщая трудовая повинность, свертывание товарно-денежных отношений, запрет на свободную торговлю, ликвидация средней и мелкой частной собственности и др. с применением силовых методов давления на крестьянство.

Продовольственный вопрос был одним из самых сложных и острых вопросов, стоявших перед советской властью с первых дней ее существования, особенно в период гражданской войны. Борьба за хлеб вышла за рамки экономической проблемы, она стала еще и проблемой политической, от решения которой зависело быть или не быть советской власти. Борьба за хлеб, по сути, превратилась в «борьбу за укрепление нового общественного строя, за социализм»²⁶⁴.

Советское правительство с самого начала было намерено придерживаться продовольственной монополии и твердых цен на хлеб. Во взаимоотношении города и деревни был внесен элемент «пролетарского» насилия. Первые реквизиционные отряды из красноармейцев направлялись еще в деревню в ноябре 1917 г. и просуществовали до 1921 г. Деятельность продовольственных отрядов зачастую была грубой и несовершенной. Порождая множество злоупотреблений, она обернулась для крестьян беспощадными контрибуциями, налогами, открытым произволом, разжиганием классовой вражды в деревне, которая позже вызвала ужасающие последствия.

Сводки о политическом положении на местах свидетельствовали о недовольстве, прежде всего, проведением советскими властями продовольственной разверстки как таковой, поставившей крестьянство на грань голодной смерти. При выяснении обстоятельств крестьянских вооруженных выступлений в сводке о политическом положении Петропавловского уезда в марте 1921 г. говорилось: «Восстание производилось на почве недовольства продразверсткой с лозунгом «Долой коммунистов».

К концу 1921 – началу 1922 гг. сообщалось, что «количество голодающего населения КССР простирается до 1 309 тыс. душ, что составляет 59% общего количества голодающих губерний»²⁶⁵. В западных губерниях в ноябре 1921 г. число голодающих равнялось 63,4%, к апрелю 1922 г. их число достигает 93% общей численности населения²⁶⁶. Западные губернии КССР оказались в более бедственном положении ещё и по причине миграций переселенцев из центральных губерний России и Поволжья.

Голод принимал катастрофические размеры вследствие усиливающегося потока беженцев, даже вопреки запрещению со стороны органов Советской

²⁶⁴ Ленин В.И. Доклад о борьбе с голодом // Полн. собр. соч. М: Политиздат, 1974. Т. 36. – С. 60 – С.411-412.

²⁶⁵ ЦГА РК. Ф.5. Оп.2. Д.68.

²⁶⁶ Масанов Н.Э., Абылхожин Ж.Б., Ерофеева И.В., Алексеев А.Н., Баратова Г.С. История Казахстана: народы и культуры. – Алматы, Дайк-Пресс, 2001. – 600 с.

южной и северную, западную и восточную часть КССР из Центральных районов России, Польши, Украины.

Таким образом, голод 1921-1922 гг. явился следствием борьбы большевиков за власть и закрепления этой власти. Определяя значение «военного коммунизма», необходимо отметить, что, с одной стороны, он способствовал победе большевиков в гражданской войне и расширению социалистических завоеваний, но, с другой стороны, он вызвал взрыв недовольства многочисленного класса крестьянства, что поставило под угрозу существование самой власти большевиков. Доведенная до крайностей система чрезвычайных мер «военного коммунизма», жестокие репрессивные формы и методы продовольственной кампании, многочисленные злоупотребления со стороны советских и партийных работников, привлечение населения к выполнению гужевой повинности, запрещение свободной торговли – все это вызвало волну крестьянских вооруженных выступлений и массовый голод в начале 1920-х гг.

Освещение событий XX в. в советской исторической науке выполняло, в большей мере, идеологическую задачу, чем научную. В истории XX в. заслуживает особого внимания тема гражданской войны в Советской России 1918-1922 гг., так как это событие оказало огромное влияние на дальнейшее политическое и социально-экономическое развитие страны.

Основополагающими вопросами историографии гражданской войны были: изучение руководящей роли коммунистической партии, обобщение победоносного опыта Советской власти и Красной Армии. Крестьянские вооруженные выступления на завершающем этапе гражданской войны (1920-1922 гг.), называемые в современной исторической науке «малой гражданской войной», трактовались как «кулацко-эсеровские», «кулацко-белогвардейские», «бандитские» мятежи. Такая трактовка антикоммунистических выступлений на территории Советской России в 20-е гг. XX века в советской историографии указывала не только на их характер, движущие силы, но и диктовала определение их оценок и исторического значения.

Антикоммунистические вооруженные выступления, вспыхнувшие в различных регионах страны, приобрели широкий размах в начале 1920-х гг. Одним из крупнейших выступлений этого периода было протестное крестьянское движение 1921 г. на территории Западной Сибири, Северного и Восточного Казахстана. Оно было наиболее массовым, кровопролитным и широкомасштабным. В литературе предыдущих лет оно получило название – Западно-Сибирское (Ишимско-Петропавловское) восстание 1921 г.

В этом году исполнилось 90 лет со времени трагических событий 1921 г. Но до сих пор, в сознании многих граждан так и не решен вопрос: кто прав и кто виноват? Неоспоримые факты позволяют исследователем сегодня сделать вывод о том, что у каждой стороны была своя правда. Однако, это

не является оправданием для той вакханалии, которая охватила просторы Советской России в начале 1920-х гг.

В приграничном городе Ишиме Российской Федерации ведется большая совместная работа администрации города, краеведческого музея и Государственного педагогического института им. П.П. Ершова по изучению истории своего края через издательство регулярного краеведческого альманаха «Коркина слобода». На базе Ишимского государственного педагогического института имени П.П. Ершова при поддержке комитета по профессиональному образованию и науке администрации Тюменской области издается научно-информативный сборник «Западносибирское краеведение» по различным проблемам истории, образования и культуры с участием ученых Сибири. В выпусках этих сборников отражаются под различным углом зрения события 1921 г. в различных статьях, очерках, заметках, воспоминаниях, что подтверждает живой интерес к этой теме жителей города Ишима и Тюменской области. В 2001 и 2006 гг. Ишимский государственный педагогический институт им. П.П. Ершова, являясь инициатором, провел юбилейные научно-практические конференции, посвященные Ишимскому (Западно-Сибирскому) восстанию 1921 г. К работе конференций привлекались ученые и исследователи из городов России и Казахстана. Благодаря проведению конференций, были опубликованы тезисы докладов по различным вопросам темы антикоммунистических выступлений начала 1920-х гг. на территории Советской России. В изучении Западно-Сибирского восстания в научный оборот был введен обширный фактический материал, раскрывающий малоизученные вопросы темы.

В краеведческом музее г. Ишима представлены материалы, ценность которых состоит в том, что они отражают военную организацию, вооружение, атрибутику участников повстанческого лагеря. Отображение хода восстания 1921 г. в Ишимском уезде выполнено местным художником Романом Моновым в виде карикатурной диорамы, на которой изображены населенные пункты и участники вооруженных столкновений 1921 г. на территории Ишимского уезда в сатирической форме, что объясняется стремлением автора скрасить тужестокость, которая была характерна обеим противоборствующим сторонам. В небогатой коллекции вещественных символов тех дней особенно выделяется красное знамя ишимских повстанцев, на котором серыми буквами начертано: «На защиту свободы». Вооружение повстанцев представлено боронами и плутами, которые вмораживались в снег и служили в целях обороны населенных пунктов и подступов к ним. Другими видами вооружения крестьян были: ружья, обреза, револьверы, кинжалы, вилы и дубинки. В экспозиции представлены портреты и биографические сведения участников крестьянского повстанчества и его подавления.

Десять лет назад, в 2001 г., в центре города Ишима, в сквере, при участии

гостей и жителей города, состоялось открытие памятника всем жертвам восстания 1921 г. Памятник представляет собой невысокую стелу из двух прижатых друг к другу толстых пластин из красного и белого мрамора, обжатых посередине черной полосой с надписью: «Землякам – жертвам трагических событий 1921 года». Установление единого обелиска-памятника символизирует первый шаг к оценке восстания как исторического явления, в котором и повстанцы, и подавлявшие их коммунисты и их сторонники – все являются жертвами тех обстоятельств, в которых они оказались.

До сих пор «белым пятном» отечественной истории остается происхождение, динамика, численность участников, итоги и последствия Западно-Сибирского восстания 1921 г. на территории Казахстана. Особый интерес представляет детальное изучение организационной структуры, социальной базы, вооружения повстанцев, хода и масштаба восстания.

В организации восстания, как утверждалось в советской исторической науке, наряду с кулачеством приняли активное участие эсеры, создавшие в городах Сибири свои первичные ячейки. В связи с этим все крестьянские выступления периода начала 1920-х гг. трактовались как «кулацко-эсеровские мятежи». Но в настоящее время архивные данные не подтверждают руководящей роли со стороны эсеров. То, что выступления прошли одновременно во многих населенных пунктах, подтверждает не общее организующее руководство со стороны партии эсеров, а стихийное проявление недовольства крестьян политикой коммунистических властей и, в первую очередь, продразверсткой.

Поводом восстания 1921 г. стало проведение органами местной власти семенной разверстки по решению VIII съезда Советов в декабре 1920 г.

Первоначально центрами локальных крестьянских выступлений с активным участием женщин, стали населенные пункты, где находились продовольственные конторы, ссыпные пункты, а так же – крупные железнодорожные станции. Женские бунты быстро улаживались, и были похожи на небольшие конфликты. Всплески недовольства, носившие более устойчивый характер, проявились с осени 1920 г., когда в лесах появившиеся банды «зелёных» стали нападать на обозы с хлебом.

Началом восстания считается дата – 31 января 1921 г., когда в Челноковской и Чуртанской волостях Ишимского уезда произошло организованное выступление крестьян против Советской власти, которое 5 февраля было подавлено. В ночь на 6 февраля в нескольких волостях Северо-Восточной части Ишимского уезда вспыхнуло массовое восстание (Челноковская, Чуртанская, Викуловская, Озернинская, Больше-Сорокинская и Абатская волости). Одновременно начавшиеся вооруженные выступления в нескольких местах доказывают стихийность крестьянских выступлений.

С 7 по 9 февраля 1921 г. повстанческое движение охватило почти весь Ишимский уезд, а также Курганский уезд Челябинской губернии,

Петропавловский и Кокчетавский уезды Акмолинской губернии, ряд волостей Шадринского и Камышловского уездов Екатеринбургской губернии. В ночь, с 6 на 7 февраля 1921 г., была занята повстанцами станция Голышманово, после чего связь между городами Ишим и Тюмень прекратилась. 9-10 февраля была занята станция Петухово, в результате чего Сибирь оказалась отрезанной от Центральной России. 10 февраля 1921 г. вооруженные крестьяне совершили налет на город Ишим и захватили половину западной части города. 11 февраля 1921 г. «мятежники» подошли к городу Тюмень на расстоянии 4 версты. 12 февраля 1921 г. был осуществлен захват железнодорожной магистрали по направлению к станциям Маслянка – Мангут. Связь между Ишимом и Омском была прервана. Ишим оказался в кольце повстанческих отрядов.

Наивысшего развития вооруженное выступление крестьян достигло к середине февраля 1921 г. К 12 февраля повстанцы стали стягивать свои силы к Петропавловску, и в ночь с 12 на 13 февраля они заняли почти весь город. Только к 15 февраля мятежники были выбиты из города. В ночь с 20 на 21 февраля был захвачен город Тобольск. 23 февраля повстанцы ворвались в город Кокчетав. Вооруженные отряды крестьян осадили города Курган и Ялуторовск, подступили к Акмолинску и Атбасару. В первой половине марта они овладели Сургутом и Березовым.

Продолжались крестьянские выступления до поздней осени 1921 г., когда «осколки» воинских формирований, скрываясь по лесам, давали о себе знать. И только с наступлением сибирских морозов восстание было окончательно ликвидировано.

В кульминационный период восстания, в феврале-марте 1921 г., повстанческие отряды оперировали на огромной территории – от Обдорска на севере до Каркаралинска на юге, от станции Тугулым на западе до Сургута на востоке. Таким образом, Западно-Сибирское восстание 1921 г. было самым крупным по масштабу, по сравнению с восстаниями 20-х гг. XX в. на территории Советской России. Масштабность восстания во многом объяснялась недооценкой его со стороны центральных и краевых властей, которые не ликвидировали восстание в начальной стадии. Местные органы власти оказались неспособными дать отпор повстанцам без привлечения частей регулярной армии.

Численность участников восстания доказывает то, что на территории Западной Сибири и Северо-Восточного Казахстана антикоммунистические выступления были самыми массовыми в серии крестьянских выступлений начала 1920-х гг. По мнению ряда исследователей, число повстанцев достигало от 30 до 100 тысяч человек. Третьяков Н.Г. считает, что их численность в феврале-марте 1921 г. достигала свыше 40 тысяч человек²⁶⁷. Массовость этого выступления объяснялась включением в борьбу крестьянства, представлявшего крупный слой в обществе.

²⁶⁷Третьяков Н.Г. Западно-Сибирское восстание 1921 года. Автореферат. Новосибирск, 1994. 30 с. С. 17.

Стремление крестьян отстоять свое право на существование в условиях гражданской войны сопровождалось с их стороны всплесками деструктивного поведения. Участники Западно-Сибирского восстания применяли широкомасштабный террор, направленный на коммунистов, советских работников, продкомиссаров, милиционеров и членов их семей. Иногда в действиях повстанцев проявлялись явно садистские наклонности и побуждения, цинизм, мародерство, грабежи, неоправданно жестокие насилия и убийства.

Ожесточенность повстанческих выступлений во многом объяснялась условиями военного времени: первой мировой и гражданской войнами, революционными потрясениями и бурными политическими событиями. Мировосприятие, рожденное войнами, способствовало проявлению терроризма и экстремизма, обуславливало поведение многих людей, порождая различные проявления насилий и преступлений. Кроме того, к восставшим примыкали уголовные элементы, в том числе из тюрем, освобождаемых во время захвата повстанцами уездных городов, в которых находились дома лишения свободы, концентрационные лагеря.

В отношении руководителей необходимо отметить, что в повстанческом движении не было единого организующего центра и одного руководителя. Именно этот факт еще раз доказывает то, что восстание было стихийным. Повсеместно были свои лидеры, которых повстанцы выбирали из числа не только опытных организаторов, имевших военные навыки, но и крестьянства. Несмотря на то, что командующим «Сибирским фронтом» повстанцы избрали бывшего учителя Налобинской школы В. Родина, он не стал лидером повстанческого движения. Начальником штаба при Сибирском фронте был избран служитель церкви Торбоскин. Одним из командиров, вначале повстанческого отряда, затем – дивизии, значился зажиточный крестьянин из села Песьяново – А. Бардаков. Сподвижник Бардакова – щучинский кулак Киселев – был избран «полковником». Одним из командиров отряда, входившего в дивизию Бардакова, был Рыбалкин, организовавший захват на станции Токуши в феврале 1921 г. эшелона партийных и советских работников, их членов семей и раненных, высланных из «мятежного» Петропавловска в Омск. Во главе войск, оперировавших на севере Петропавловского уезда, стоял Яненко – бывший лесничий Соколовского лесничества, «полковник» повстанческой армии, также участвовавший в нападении на эшелон на станции Токуши вместе с Рыбалкиным и Бардаковым²⁶⁸. В западной части Петропавловского уезда командовал «Сибирской казачьей дивизией» «генерал» Белов²⁶⁹. Высокие офицерские звания руководителям присуждали сами крестьяне. Лидеры повстанческих воинских формирований находились на руководящих постах до тех пор, пока восставшие не начинали терпеть поражение. Как только повстанцы

²⁶⁸СКГА. Ф.158. Оп. 1. Д. 60. Л. 49.

²⁶⁹СКГА. Ф. 158. Оп. 1. Д. 60. Л. 23-24.

теряли позиции, их руководители в лучшем случае отстранялись, но зачастую с ними жестоко расправлялись физически. Такова была судьба В. Родина – командующего «Сибирским фронтом».

В списках лиц, мобилизованных в повстанческие отряды, убитых и раненых в боях, расстрелянных по обвинению в участии в восстании и заключенных в концлагеря за «контрреволюционную деятельность» можно определить половозрастной и социальный состав участников, семейное положение, образовательный уровень, партийную и национальную принадлежность.

Возрастной состав участников восстания был от 15 до 80 лет²⁷⁰. Преимущественно это были мужчины в возрасте 30-50 лет. Но среди участников вооруженных выступлений были и женщины. В списке лиц, расстрелянных представителями Советской власти Кокчетавского уезда за участие в восстании, из 232 человек трое были женщины в возрасте 51-го, 36-ти и 32-х лет²⁷¹. Семейное положение большинства повстанцев свидетельствовало о наличии у них семей, в большинстве – многодетных²⁷².

В отношении образованности повстанцев документы свидетельствуют о подавляющем большинстве безграмотных или малограмотных участников восстания²⁷³. Как правило, грамотные участники повстанческого движения, обладая определенным кругозором и ораторскими данными, возглавляли повстанческие воинские формирования.

Доминирующее большинство повстанцев по роду занятия были «хлебопашцами», то есть крестьянами. По сведениям комендантов Петропавловского, Кокчетавского, Акмолинского, Кустанайского концентрационных лагерей, в период восстания весной 1921 г. подавляющее большинство заключенных были крестьянами. К ноябрю 1921 г. в Петропавловском концентрационном лагере насчитывалось 356 заключённых, 256 из которых значились «хлебопашцами», из них за «контрреволюционную» деятельность было осуждено 197 человек²⁷⁴.

Преимущественно крестьянская социальная база крестьянских выступлений 1921 г. на территории Западной Сибири и Северо-Восточного Казахстана, позволяет характеризовать их как крестьянские.

Многочисленные архивные документы подтверждают, что национальный состав участников восстания преимущественно был из числа переселенческого русскоязычного крестьянства. Привлечение казахского населения повстанцами игнорировалось. Это проявлялось в том, что к мобилизации населения в повстанческие отряды призывалось мужское население в возрасте от 18 до 45 лет, за исключением «киргизского». Тем

²⁷⁰СКГА. Ф. 2. Оп. 4. Д. 3. Л. 7.

²⁷¹Государственное учреждение (ГУ) «Госархив в г. Кокшетау» Акмолинской области. Ф. 131. Оп. 1. Д. 6. Л. 1-2 об.

²⁷²Государственное учреждение Тюменской области «Госархив в г. Ишиме». Ф. 2. Оп. 5. Д. 38. Л. 15-21.

²⁷³СКГА. Ф. 351. Оп. 5. Д. 35. Л. 1-24.

²⁷⁴ЦГА РК. Ф. 610. Оп. 1. Д. 74. Л. 50.

не менее, в повстанческом движении 1921 г. на территории Казахстана казахское население приняло участие²⁷⁵. Факт участия коренного населения в вооруженных выступлениях на территории Казахстана объясняется социально-экономической напряженностью, ущемлением политических прав и свобод скотоводческого населения, активностью переселенческого крестьянства. Казахское население использовало своеобразные формы борьбы: нападения на обозы, сопровождаемые продработниками; скотокрадство; создание самостоятельных вооруженных отрядов; стихийное вступление в повстанческие крестьянские формирования; массовые откочёвки в пределы российских губерний и Туркестан и др.²⁷⁶ Активность казахского населения во многом объяснялась недовольством продразверсткой и гужевой повинностью, проводимой революционной властью. Специфика форм протеста уходит корнями в традиционные устои кочевого образа жизни и ментальность казахского народа.

Вооружение участников восстания, как свидетельствуют архивные данные, было представлено охотничьими ружьями, самодельными пиками из вил и кос, заостренными железными кольями, «у немногих были винтовки, револьверы, которые мятежники отобрали у убитых красноармейцев и продовольственных работников»²⁷⁷.

Действия повстанцев были направлены на уничтожение коммунистов и продработников, разграбление складов для пополнения повстанческих отрядов боеприпасами, вооружением и продовольствием. Массовое уничтожение коммунистов привело к тому, что на охваченной восстанием территории, почти полностью были ликвидированы партийные и комсомольские организации.

В подавлении восстания были задействованы регулярные части Красной Армии: 255 полк, 29 дивизия, кавалерийский полк «Кубанцы», бронепоезда «Красный Сибиряк», «Мститель», отряды ЧОН, коммунистические отряды²⁷⁸. 249 полк 21-й дивизии ВНУС г. Петропавловска был награжден за вклад в ликвидации мятежа Красным Знаменем²⁷⁹. Бронепоезда освобождали от повстанцев железнодорожные станции и облегчили восстановление железнодорожных путей и движение поездов.

В автобиографическом романе «Школа жизни» С. Муканов описывает события, которые развернулись в феврале 1921 г. в г. Петропавловске.

Подавление восстания осуществлялось в двух направлениях – со стороны Омска и Кургана. После освобождения Петропавловска военные действия проходили в северном направлении – в сторону г. Ишима и в Южном

²⁷⁵ЦГА РК. Ф.5. Оп.2. Д.42. Л.34 об.

²⁷⁶Гривенная Л.А. Участие казахского населения в крестьянском повстанческом движении в 20 гг. XX века в Северном Казахстане. // Валихановские чтения - 9: сборник материалов международной научно-практической конференции. Т.1. Кокшетау, 2004. – С. 236 -240.

²⁷⁷СКГА. Ф. 158. Оп. 1. Д. 60. ЛЛ. 22-23.

²⁷⁸СКГА. Ф.158. Оп.1. Д. 60. Л. 34.

²⁷⁹СКГА. Ф. 158. Оп.1. Д. 60. Л. 38.

– к Кокчетаву. Уступая в вооружении и организации, а также военном командовании, основные силы повстанцев были разгромлены в феврале – начале апреля 1921 г. Окончательно повстанческое движение было ликвидировано в конце 1921 – начале 1922 гг.

Насколько были жестокими и зачастую садистскими действия представителей «Народной армии», столь бескомпромиссными и преступными по отношению к восставшим были меры со стороны центральных и местных органов власти. Члены исполкомов могли применять «самые беспощадные и немедленные меры пресечения восстания, не останавливаясь к сопротивляющимся применять меру расстрела на месте»²⁸⁰.

После подавления восстания по отношению к членам семей повстанцев начались репрессии. Для того, чтобы арестовать всех участников восстания, коммунисты шли на крайние меры: от конфискации имущества участников восстания до взятия в заложники членов их семей.

Сотрудники милиции зачастую производили самочинные обыски и конфискации имущества семей расстрелянных, бежавших с бандитами и подозреваемых в участии в восстании, после чего конфискованное имущество перераспределялось между милиционерами²⁸¹.

Для урегулирования размеров конфискации имущества участников восстания, Петропавловский ревком принял решение 22 марта 1921 г. о том, чтобы оставлять на каждого родственника из имущества расстрелянного «обычную норму обихода рабочего человека»²⁸². Однако эта норма не была конкретно определена. Председатель Петропавловского ревкома Барлебен на этом заседании определил смысл конфискаций следующими словами: «...цель конфискации – предупредить участие родственников и вообще всех граждан в возможно будущих восстаниях, чтобы конфискацией показать чего лишатся граждане, которые будут участвовать в восстаниях»²⁸³.

Вооруженные крестьянские выступления начала 1920-х гг. стали трагедией всего населения, охваченных им районов. Гибель, ранения, заключения в концентрационные лагеря, миграции населения, материальный ущерб, нанесенный боевыми действиями и конфискацией имущества семей участников восстания, срыв сельскохозяйственных работ – все это привело к глубокому экономическому кризису 1921-1922 гг. в этом регионе. Следствием упадка экономики, вызванного военно-коммунистическими мерами Советской власти и восстанием, стал голод начала 1920-х гг. Западно-Сибирское восстание оказало дестабилизирующее воздействие на общественно-политическую ситуацию в стране. Наряду с Кронштадтским и Тамбовским Западно-Сибирское восстание 1921 г. привело к кардинальным

²⁸⁰СКГА. Ф. 43. Оп. 2. Д. 76. Л. 18.

²⁸¹Приказ № 20. / Мир труда. 18 октября 1921 г. С. 4.

²⁸²СКГА. Ф. 1482. Оп. 1. Д. 75. Л. 19.

²⁸³СКГА. Ф. 1482. Оп. 1. Д. 75. Л. 19 об.

политическим решениям X съезда партии в марте 1921 г. – отмене продразверстки и дальнейшему свертыванию «военного коммунизма».

Главным уроком трагических событий «малой гражданской войны» является отказ от сталкивания различных слоев общества, насаждения нетерпимости, насилия и произвола, как метода государственного строительства и способа «осчастливить» народ. Ставка на революционное насилие привела к обратным результатам и стала одной из причин обострения взаимоотношений крестьянства с коммунистическими властями. «Малая гражданская война», представлявшая собой ряд крестьянских выступлений, увеличила число жертв и стала катализатором гражданской войны в начале 20-х гг. XX века в России.

3-ТАРАУ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕСТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ / ОРГАНИЗАЦИЯ БОРЬБЫ С ГОЛОДОМ В КАЗАХСТАНЕ

3.1 Орталық және жергілікті билік органдарының Қазақстандағы 1921-1923 жылдардағы ашаршылықпен күресі

Р.Ж. Байдалы

Биыл 1921-1923 жж. қазақ жерінде орын алған ашаршылықтың болғанына 100 жыл болды. Ашаршылықтың мерзімін 1921-1923 жж. деп көрсеткен себебіміз, Кеңес үкіметі халықаралық қауымдастыққа «жаңадан пайда болған социалистік мемлекеттің жағдайы мүшкіл емес, қиындықты жылдам шешті, 1922 ж. ашаршылық тоқтады» – деген пікір туғызбақшы болды. Барлық тарихи зерттеулерде осы мерзім орын алды. Бірақ, тақырыпты арнайы зерттеу ашаршылықтың 1923 жылы да жалғасқанын көрсетті. Сондықтан ашаршылықтың орын алған мерзімін 1921-1923 жж. деп бердік.

Кеңес үкіметінің құрылғаннан бастап жүргізген саясаты қазақ жеріндегі халықты аштықта ұстау болды – деуге негіз бар. Билікті демократиялық жолмен емес төңкеріс арқылы қолдарына алған үкімет азық-түлік салғырты, азық-түлік саясаты, шаруашылықты әскерилендіру, экономиканы басқарудың әміршілдік жүйесі арқылы өз халқын, соның ішінде қазақ елін де күйзеліске ұшыратты. Ал, осы жүгенсіздікке қарсы ұйымдасып, қолына қару алып қарсы шыққандарды «бандылар», «бұзақылар» деп атады. Бұл атау барлық архив деректерінде кездеседі. Қазақстан тарихнамасында 1921-1923 жж. және 1931-1933 жылдардағы ашаршылық сырт көзге ұқсас көрінгенімен екеуі екі бөлек. 1921-1923 жылдардағы ашаршылықты большевиктер билігі амалсыздан мойындап, шетелден көмек сұрап, кеш те болса шара қабылдап, аштықпен күресті. Ал, билік органдарының 1931-1933 жылдардағы аштықпен күресін 1921-1923 жылдардағы комиссия жұмысымен салыстыруға мүлде келмейді. Жалпы, 1921-1923 жж. ашаршылықтың екі себебі анық. Біріншісі, I дүниежүзілік соғыс пен ұлт азаттық-қозғалыстары, 1917 жылғы Ақпан және Қазан төңкерістері, Азамат соғысы және «бандылардың» көтерілістері. Екіншісі, экономиканың мүшкіл жағдайы: мал санының азаюы, егістік көлемінің қысқаруы, табиғи қуаңшылық, қыстың қатты болуы, егіннің шықпауы және «жұт». Профессор Т. Омарбековтың «ашаршылықтың орын алуына ауа райының қолайсыздығы емес, Азамат соғысының нәтижесіндегі шаруашылықтың күйзелуі, большевиктердің біржақты саясат жүргізуі себеп болды»²⁸⁴, деген тұжырымымен келісеміз. Себебі Бүкілресейлік Орталық Атқару комитетінің декретімен Орал,

²⁸⁴Қазақстандағы ашаршылық. Голод в Казахстане. 1921-1922. Сборник документов и материалов. Алматы «Алматы-Болашақ», 2021. 1 том. 12 с.

Орынбор, Ақтөбе, Бөкей, Қостанай губерниясы ашығушылар қатарына жатқызылып, еліміздің бес губерниясы ашығып жатқанда 1921 жылдың жазында Орталық Мәскеудің азық-түлік отрядтарының Семей мен Ақмола губернияларында ауылшаруашылық өнімдерін күшпен тартып алып, Ресейдің еуропалық бөлігіне жібергенін айтсақ та жеткілікті. Кеңес билігі Азамат соғысынан күйреген Ресейдің халық шаруашылығын Қазақстандағы қазақтардан күшпен тартып алған астық пен мал арқылы қалпына келтіруге тырысты.

1921-1923 жылдардағы аштық қазақты үлкен демографиялық апатқа ұшыратты. Академик М. Қозыбаевтың есебінше 1922 жылдың наурызында Қазақстанның батыс және солтүстік аймақтарында 2 миллион 350 мың адам аштыққа ұшырап, көбісі өлді. Үкімет тарапынан көрсетілген көмек тек қала тұрғындарына ғана жеткізілгенін айта келіп, М. Қозыбаев ол тұста қалаларда қазақтардың екі пайызының ғана орныққанын, ал дені ауылдарда тұрғанын жазады. М. Қозыбаев кейбір деректерде Орталық Қазақстанға төніп тұрған аштық апатын орталық басшылығы дер кезінде көріп, мән бермегендігін, тіпті Орталықтан келген азық-түлік жинаушы Ф.Э. Дзержинскийдің отрядтары Түркістан республикасы, Ақмола, Семей губернияларындағы еңбекшілердің қолындағы астықты артық деген желеумен күшпен алып кеткендігі туралы айтылады²⁸⁵. Демек, 2 миллион 350 мың адамның қаншасы аштықтан, індеттен, ал қаншасы көршілес республикаларға босып кеткенін зерттеуіміз керек.

Зерттеу барысында архив құжаттарын, жарияланған жазба деректерін, баспасөз мәліметтерін қолдандық. Деректердің негізін Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінен, Қостанай облыстық мемлекеттік архивінен алынған материалдар құрайды. Бұл статистикалық мәлімет беретін есептер, ресми хаттамалар, баяндаулардан және тағы басқа құнды деректерден тұрады. Сонымен қатар қарастырылып отырған кезеңде жарыққа шыққан «Ақ жол»²⁸⁶ газетіндегі ашаршылыққа қатысты мақалалар мен редакция мәліметтері жинақталған кітабымен 1921-1923 жылдардағы Қазақстандағы ашаршылық тарихы жөніндегі «Қазақстандағы ашаршылық. Голод в Казахстане. 1921-1923. Сборник документов и материалов»²⁸⁷ атты екі томдық жинақтағы деректер ғылыми айналымға енгізілді.

Кеңес одағы кезінде 1921-1923 жылдардағы Қазақстандағы ашаршылықты ғылыми және көркем әдебиетте кеңестік және қазақстандық зерттеушілер мен әдебиет өкілдері көтергенімен, кеңестік идеологияға қайшы келетін тақырыптардың бірі болғандықтан, ол ары қарай жалғасын таппады. Тек

²⁸⁵Қазақстандағы ашаршылық. Голод в Казахстане. 1921-1922. Сборник документов и материалов. Алматы «Алматы-Болашақ», 2021. 1 том. 12 с.

²⁸⁶«Ақ жол». Көп томдық. 3-том. / Х. Есенқарақызы. Алматы: Қазақпарат, 2015. 380 б., «Ақ жол». Көп томдық. 6-том. / Х. Есенқарақызы. Алматы: Қазақпарат, 2015. 380 б.

²⁸⁷Қазақстандағы ашаршылық. Голод в Казахстане. 1921-1922. Сборник документов и материалов. Алматы «Алматы-Болашақ», 2021. 1 том. 652 с., Қазақстандағы ашаршылық. Голод в Казахстане. 1921-1922. Сборник документов и материалов. Алматы «Алматы-Болашақ», 2021. 2 том. 752 с.

1990 жылдардан бастап қана 1930 жылдардың басындағы ашаршылық жөнінде ғалымдарымыз іргелі зерттеулерін жүргізе бастады. Бес томдық Қазақстан тарихы²⁸⁸ академиялық еңбегінде 1921-1923 жылдардағы ашаршылыққа бір бөлім берілген. Қысқаша жазылған бөл бөлімде ашаршылықтың себебі, ауқымы, зардабы, аштықты ауыздықтаудағы әр деңгейдегі атқарылған шаралар және салдары баяндалады.

Ал, соңғы жылдары 1921-1923 жылдардағы ашаршылық жөнінде Қазақ тарихнамасы толығымен түсті. Бұған мысал ретінде белгілі ғалым С. Смағұлованың²⁸⁹ қазақ жеріндегі ашарлықты архив деректері негізінде кешенді түрде зерттеген еңбегін айтуға болады. Сонымен қатар осы аталмыш тақырып жөнінде республикалық деңгелек үстелдер мен конференциялар ұйымдастырылып өткізілді. Сондай-ақ Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының «Отан тарихы» ғылыми журналында кәсіби тарихшы ғалымдардың мақалалары жариялануда. Атап айтқанда С. Шілдебай²⁹⁰, Б. Боранбаева²⁹¹, М. Қозыбаева²⁹², С. Гиззатов²⁹³ тағы басқалар 1921-1923 жылдардағы ашаршылықтың әртүрлі қырларын, соның ішінде орталық және жергілікті билік органдарының 1921-1923 жылдардағы ашаршылықпен күресі туралы тақырыпты көтерді. Олардың мақалаларында ашаршылықпен күрес жөніндегі әртүрлі деңгейдегі комиссияның жұмысы қысқаша көрініс тапты.

Қазіргі таңда орталықтағы, өңірлердегі, көршілес шет елдердегі архив қорлары, сол дәуірдегі жарияланған мерзімді баспасөздегі деректерді және зиялылар мен аштықпен күрескен мемлекет және Алаш қайраткерлерінің естеліктерін ғылыми айналымға енгізуіміз қажет.

Қазақ Республикасы Орталық Атқару комитетіне 1921 жылдың маусымынан бастап қазақ даласында аштықтың басталғаны жайлы губерниялық атқару комитетінен ақпараттар, мәліметтер түсе бастады²⁹⁴. Түркістан Республикасындағы Ташкентте жүрген қазақ зиялысы Міржақып

²⁸⁸Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық.: Т 4. Алматы: Атамұра, 2010. - 681 б.

²⁸⁹Смағұлова С. Ашаршылық қасіреті. - 1-кітап. Алматы, 2019. 272 б.

²⁹⁰Шілдебай С.Қ. Аштық пен ауруға қарсы күрес (1921-1922 жылдар). Қазақстандағы аштық / 1920 жылдардың басындағы ашаршылықтың 100 жылдығына арналған деңгелекүстелдің материалдары. Алматы: Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, 2021. 158 б.

²⁹¹Боранбаева Б.С. Бөкей губерниясындағы ашаршылық (1920-1922 жж): себеп-салдары мен зардаптары / «Қазақстандағы XX ғасырдың 30-шы жж. басындағы ашаршылық және қазақтардың көршілес аумақтарға мәжбүрлі көші-қоны: зерттеу мәселелері»: респ.-тәжірб. конф. мат.-ры. Алматы: Литера-М, 2021. 296 б. (127-135).

²⁹²Қозыбаева М.М., Құдайбергенова А.И., Байдалы Р.Ж.Қазақстандағы 1921-1922 жылдардағы ашаршылық және оның зардаптары (Солтүстік Қазақстан материалдарының негізінде): Отан тарихы № 4 (96) 2021, 149-157 б., Қозыбаева М. Участие иностранных организаций в помощи голодающим в 1921-1922 гг. в Казахстане / «1921-1922 жылдардағы Қазақстандағы ашаршылық және оның салдары: зерттеудің жаңа дереккөздері, мәселелері мен болашағы»: Республикалық ғылыми-теориялық конференцияның материалдар жинағы. Алматы: Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, 2022. 242 б.

²⁹³Гиззатов С.М. 1921-1922 жылдардағы Орал және Бөкей губернияларындағы ашаршылық және оның зардаптары. Отан тарихы 2023. №26 (2). 303 б.

²⁹⁴Смағұлова С. Ашаршылық қасіреті. – 1-кітап. Алматы, 2019. 76 б.

Душпұлының 1921 жылы 9 сәуірде «Ақ жол» газетінде «Ел күйзелді» деген табыл қаққан мақаласы жарияланды: «Соңғы күндері алынған хаттардың анық хабарына қарасак, жас көңілге қайғы толып отыр. Жұтаған мал, қалың ауру, қаптаған өлім. Торғай уезінде мал қырылып жатыр. Жазға салым ашаршылық күтіп отырмыз. Қарқаралы уезінде шаруа күйзелді, мал өліп жатыр, жұрт жаяу, аш-жалаңаш. Темір уезінде жұт, ауру қалың. Бөкей ордасының казактары «томаршық» деген ағаштың безін қағып жиып отыр. Он қарасы бар үй бүкіл бөкейліктерге бай саналады. «Томаршылық» тілесен ет, тілесен нан. Ырғыз уезінің казактары саршұнақ тышқан жеп жатыр. Күзде өлген малдардың өлексесін қазып алып жеп отыр. Өлексе әрі ас болмай, әрі аурулы қытып бейшаралар қырылып жатыр» - деп сол кездегі ащы шындықты естір құлаққа жазды²⁹⁵. Осы «Ақ жол» газетінде «Шын» деген бүркеншек есіммен жазылған мақалада: «біз даусымызбен барынша бақырып жатқанда Қазақстанның азық-түлік комиссариаты биыл егін бітік деп жариялап жатты. Басқа жерлер егіннің бітіктігін жасырып жатты. Ақырында Қазақстан әуел кезде ашыққан жерлердің есебіне кірмей қалды. Өзіміз Ақмола, Семейден ішкі Россияға астық жіберіп отырып, Түркістаннан қалай ұялмай жәрдем сұраймыз, сендер газеттеріне аштықты өсіріп жазып отырсындар, - деп бізге сенбеген. Аштың даусын естімеген Қазақстанның талай меңіреуін көргенбіз»²⁹⁶ - деп жазған.

1921 жылы 8 маусымда Орынбор қаласында Ресей коммунистік партиясы Қазақ облыстық комитетінде пленум отырысы болды. Онда облыстық комитеттің мүшелері Костеловская, Авдеев, Мурза-Галиев, Жангелдин, Коростылев, Мендешев, Струппе, кандидаттар: Арганчев, Журевский, казак еңбек комитетінен Заморский және казак азық-түлік наркомы орынбасары Шлейферлер қатысып, күн тәртібінде екі мәселе қарастырды. Жолдас Шлейфер Орынбор қаласының азық-түлік жағдайының ауыр екенін, алдағы уақытта жағдайды түзей алмайтынын баяндап, тез арада шара қабылдап, Ақмола азық-түлік комитетінен 30 пұт астық алдыруға Қазақ азық-түлік наркомына шешім шығарып, Орынбор қаласының мұқтаж еңбекшілерін қанағаттандыру керек екен айтады. Бұл үшін Кеңес Одағының азық-түлік наркомының рұқсатын күтпей істеу керектігін баса айтады. Ал, екінші сұрақ ашыққан Қазақ Республикасы тұрғындарына көмек көрсету жөнінде болды. Бұл бойынша Орынбор қаласының және екі ай бойы құрғақ азық алмаған темір жолшылардың аса ауыр жағдайын ескеру, базарда азық-түліктің жоқтығы, бар болған жағдайда оның өзі өте қымбат екендігі айтылды. Құрғақшылықтың салдарынан егін шығымының мүлдем төмендігі, азық тапшылығынан тырысқақ індетінің күннен-күнге күшейіп бара жатқандығы, қала күннен-күнге бандитизмнің күшейуінен әлсірегені айтылды. Қазақ Орталық комитеті жанынан ашыққан тұрғындарға көмек беру төтенше комиссиясын шақыру қаулысын қабылдайды²⁹⁷.

²⁹⁵ «Ақ жол». Көп томдық. 3-том. / Х. Есенқарақызы. Алматы: Қазақпарат, 2015. 58-59 б.

²⁹⁶ Ақ жол, 2015 – «Ақ жол». Көп томдық. 6-том. / Х. Есенқарақызы. Алматы: Қазақпарат, 2015. 5 б.

²⁹⁷ АОМА 516 к. 1 т., 18 іс. 5-6 п.

Бұл архив құжатынан көріп отырғанымыздай, ел астанасы Орынборда осындай қиын жағдай болып жатқанда, өңірлерде жағдайдың бұдан да ауыр болғандығын тұжырымдаймыз. Араға аз уақыт салып, 1921 жылдың 20 шілдесінде «Қазақ Республикасының аштыққа ұшыраған көшпелі тұрғындарына көмек көрсету»²⁹⁸ туралы Қазақ Орталық Атқару Комитеті Президиумының съез кеңесі құжатында комиссия жөнінде айтылған. Төрт мәселеден тұратын қаулыға тоқталсақ:

1. Жұт және егіннің шықпауынан зардап шеккен көшпелі қазақ, казак шаруаларға көмек көрсету жөнінде өкілеттілігі бар Қазақ Орталық Атқару Комитеті жанынан төтенше комиссия құру.

2. Комиссия құрамы: Төраға С. Мендешов, Азық-түлік наркомы орынбасары Шлейфер, Жер-су наркомы Харлов, Әлеуметтік қамсыздандыру наркомы Жангелдин және Статистикалық бюро төрағасы өкілдері кірді.

3. Орталық комиссияның жергілікті жерлерде губерниялық, уездік атқару комитеттерінде Орталық комиссияның принципінде құрылуы керек. Сонымен қатар, болыстық, селолық комитеттерге ашыққан шаруашылықтар өкілдерін қосу керек.

4. Комиссия міндеттері:

- а) жұт және құрғақшылықтан зардап шеккен нақты аудандарды анықтау;
- б) азық-түлікті тікелей жеткізу арқылы да, өзара көмекті ұйымдастыру арқылы да көмек көрсету шараларын белгілеп, оған қаражат табу;
- в) көшпенділердің малы мен жұмыс малын сақтап қалу шарасын қабылдау;
- г) 1921-1922 жж. тұқымдық астықпен қамтамасыз ету жоспарын құрастыру;
- д) зардап шеккен тұрғындардың Украина, Түркістан және Сібірге бей-берекет қоныс аударуын реттеу;
- е) көрші Республикалар мен орталықтан көмек алу үшін тиісті көмек көрсету мекемелерімен байланыс орнату;
- ж) бұл бағытта комиссариат жұмысын біріктіріп реттеп отыру;
- з) Қазақ Орталық Атқару Комитетінің Президиумында апта сайын комиссияны баяндама жасауға міндеттеу және зардап шеккен аудандар мен комиссия жұмыс барысы жөнінде хабарлап отыру²⁹⁹.

Сонымен 1921 жылдың 20 шілдесінен бастап қазақ республикасында аштықпен күресетін комиссия құрылып жұмысын бастады. Шлейфердің аштықпен күрес жөніндегі баяндамасында былай дейді³⁰⁰. Қазақ республикасында аштықпен күрес іс-шарасына жалпы мемлекеттік сметаға өте кеш қосылды. Біз мамыр айына дейін республиканың азық-түлік мәселесі өте жақсы болды деп ойладық. Егіннің шығымы жөніндегі мәліметтер жақсы, тіпті 32 млн. пұт астықты артық аламыз дедік. Бірақ маусым айының

²⁹⁸АОМА 3 к. 1 т., 611 іс. 7 п.

²⁹⁹Сонда 7 п.

³⁰⁰Стенографический отчет 2-го съезда Советов Кргызский Социалистический Советской Республики 4-10 октября 1921 года. 196 с.

басында біз күн сайын егіннен үмітіміз азайа берді. Құрғақшылықтан кеш себілген егін өспеді. Маусым айының ортасында оған шегіртке қосылды. Бұл уақытта Орталық Кеңестік Ресейде аштыққа ұшыраған өңірлерге көмек көрсету комиссиясы құрылған жоқ еді. Бірақ бұл уақытта бізде қазақ жерінде аштықпен күресетін комиссия болды. Біздегі бұл комиссия жұмысы жақсы жұмыс істеген жоқ³⁰¹.

Қарап отырсақ қазақ оқығандары үкіметтің жүргізіп отырған саясатынан аштықтың болатынын алдын-ала білді. Дабыл қағып, жаңадан құрылған қазақ республикасы аштықты ауыздықтауға әрекет жасады. Бұл уақытта Ақмола мен Семей облыстары Сібір революциялық комитетіне бағынғандықтан, осы өңірдің астығын Мәскеудің келісіміңіз ала алмайтын.

Апаттың мөлшерін анықтау Жер Халық комиссариатына, Азық-түлік халық комиссариатына және Орталық статистика басқармасына жүктелініп, аштықтан өлгендердің саны мен жиналған астық барысы, сонымен бірге қажетті тұқым мен азық-түлікті нақтылау тапсырылды. Азық-түлік халық комиссариаты мен Орталық тұтынушылар одағына азық-түлікті есепке алу мен сақтау, «Ашыққандарға көмек көрсету Орталық комиссиясының» тапсырмасы бойынша осы азық-түлікті бөлу жұмысы жүктелінді. Сонымен қатар Азық-түлік комиссариатына тамақтандыру пунктерін ашуға басшылық жасау тапсырылды. Аштықтан жүре алмаған адамдарға көмек көрсету мен жұқпалы аурумен күресу, өлген адамдардың мүрдесін жинауды Денсаулық сақтау халық комиссариаты, салық салудың жаңа жобасын жасау мен оны үйлестіру ісін Қаржы Халық комиссариаты қолға алды³⁰². Қазақ ОАК-і мен ХКК-нің шешімімен Қазақстан территориясында төтенше санитарлық комиссия құрылды. Жалпы комиссияның құрамына ҚОАК төрағасы, ҚОАК-і мен Бүкілресейлік Төтенше комиссияның өкілдері енді. Комиссия құзырына оба, шешек және тағы басқа аурулардың ошағын анықтап жою, басқа өңірлерге таралуға жол бермеу мәселесі енді. Барлық губернияларда да осындай санитарлық комиссиялар құрылып, оның құрамына губерниялық денсаулық сақтау меңгерушісі, губерниялық төтенше комиссияның төрағасы және әскери-санитарлық ведомстваның бір өкілі енді³⁰³.

Қазақстан аймақтарындағы Ашыққандарға көмек беру бойынша арнайы комиссиялар (Губкомпомгол) әр түрлі уақытта, атап айтқанда Ақтөбе губерниясында 1921 жылғы 20 шілдеде, Бөкей губерниясында 4 тамызда, Орал губерниясында 8 тамызда, Орынбор және Семей губернияларында 10 тамызда, Қостанай губерниясында 30 тамызда, Ақмола губерниясында 15 қыркүйекте, Адай уезінде 23 қазанда құрылды. Бұл пошталық және телеграфтық байланыстың нашарлығынан, ұйымдастыру-түсіндіру

³⁰¹ Стенографический отчет 2-го съезда Советов Киргизский Социалистический Советской Республики 4-10 октября 1921 года. 73-74 с.

³⁰² Смағұлова С. Ашаршылық қасіреті. - 1-кітап. Алматы, 2019. 78 б.

³⁰³ Сонда 78 б.

жұмыстарының тиісті деңгейде болмауынан орын алды³⁰⁴. Губерниялық комиссиялардан кейін уездік-аудандық атқару комитеті жанынан уездік Ашком комитеттері құрыла бастады. Сол кездегі жағдай бойынша көп елді мекендер теміржол бекетінен алыс орналасқандықтан және байланыстың нашарлығынан ашылуы тиіс комитеттер кеш ашылды. Алғашқы кезде жергілікті билік органдары қаражатпен, транспортпен азық-түлікпен қамтамасыз ете алмады.

Қазақ Орталық атқару комитетінің алдындағы бірінші кезектегі міндеті Қазақстан аумағында аштықтың орын алғандығын Орталыққа дәлелдеу және аштыққа ұшыраған аудандардан азық-түлік салығын алып тастау үшін оның ауқымын анықтау болды. 1921 жылдың қарашасына қарай Қазақ жер халық комиссариаты, Қазақ азық-түлік халық комиссариаты және Қазақстан басқармасы Қазақ АКСР-ның жеті губерниясының бесеуін аштық жайлағанын анықтайды. Ашаршылық Орынбор, Қостанай, Ақтөбе, Орал, Бөкей губернияларын және жалпы аумағы 1 048 100 шаршы метр верст және халқы 2 633 300 адам болатын Адай уезінің кейбір болыстарын қамтиды. Ашаршылыққа ұшыраған 5 губернияда 1 508 900 адам зардап шекті ...«Кейінірек бұл жерлерден келген мәліметтерге сәйкес, ашаршылыққа ұшырағандардың саны 1 558 927 адамды құрады»³⁰⁵.

Кесте 1 Ашаршылыққа ұшыраған губерниялар, аудандар мен уездер (1921 жыл 1 қаңтар)³⁰⁶.

№	Губерниялар бойыншы аудандар мен уездер	№	Губерниялар бойыншы аудандар мен уездер
1	Орынбор губерниясы	1	Ақтөбе губерниясы
2	Елек ауданы	2	Ақтөбе уезі
3	Исаев ауданы	3	Ақбұлақ уезі
4	Краснохолмск ауданы	4	Можаровск уезі
5	Орынбор ауданы	5	Темір уезі
6	Орелск ауданы	6	Ырғыз уезі
7	Петровск ауданы	7	Шалқар уезі
8	Покровск ауданы	8	Ойыл уезі
	Шарлық ауданы		Қарабұтақ уезі
1	Орал губерниясы	1	Бөкей губерниясы
2	Гурев ауданы	2	Калмыцкий ауданы
3	Жымпиты уезі	3	Тарғын ауданы
4	Елек уезі	4	Нарын ауданы
5	Калмыков ауданы	5	Қамыс-Самар ауданы

³⁰⁴Гизатов С.М. 1921-1922 жылдардағы Орал және Бөкей губернияларындағы ашаршылық және оның зардаптары. Отан тарихы 2023. №26 (2). 302-303 б.

³⁰⁵Козыбаева М. Участие иностранных организаций в помощи голодающим в 1921-1922 гг. в Казахстане / «1921-1922 жылдардағы Қазақстандағы ашаршылық және оның салдары: зерттеудің жаңа дереккөздері, мәселелері мен болашағы»: Республикалық ғылыми – теориялық конференцияның материалдар жинағы. Алматы: Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, 2022. 242 б.

³⁰⁶ҚР ОМА. 320 к. 1 т., 29 іс. 9 п

	Орал уезі	6	Таловск ауданы
		7	1-ші Приморский округ
			2-ші Приморский округ
1	Қостанай губерниясы		Адай уезі
2	Қостанай уезі	1	Бозашы ауданы
3	Боровский уезі	2	Кенжар ауданы
4	Федоров уезі	3	Қаракоспұғыл ауданы
5	Семиозер уезі	4	Адай – Табын ауданы
6	Денисов уезі	5	Үстірт – Сары аудандары
7	Адамск уезі		
8	Урицкий уезі		
	Торғай уезі		

Бұл кестеден көретініміз 20 аудан 21 уезд аштыққа ұшыраған.

Ресей федерациясының мемлекеттік архивінде 1921 жылдың 8 қазанында Орынбордан С. Меңдешевтің В.И. Ленинге жіберген телеграммасында Қазақ губерниясының бесеуі аштыққа оранды. Біз шара қолданып тұрғындарды шаруашылықта ұстаудамыз. Орталықтан көмек жоқ. Қазақ республикасының Сібір аудандарының астығы толығымен Орталыққа жөнелтілді. Бес губернияға тамыз айының ішінде алты вагон астық алды. Ашыққандар өлуде, балалар өлуде, Дутовпен күресте ерекшеленген Ақтөбенің теміржолшылары көтерілеміз деп қорқытуда. Қиын жағдайда қалған қазаққа көмек қолын созыңыз делінген³⁰⁷. Бұл архив құжатынан біз «Ашыққандарға арнайы төтенше көмек көрсету комиссиясы» басшысы С.Меңдішевтің жедел хатынан жағдайдың қиын екенін Орталыққа жеткізді. Шара қабылдауға шақырады.

1921 жылғы тамыз айында Орал губерниялық Ашыққандарға көмек беру комиссиясы төрағасының орынбасары Ширявцев өз баяндамасында: «Орталықтан тапсырма түскен бойда шұғыл арада ашыққандарға көмек беру комиссиясы құрылды. Нақты нұсқаулықтың болмауына байланысты алғашқы күндері жергілікті жерлерде уездік және болыстық Ашыққандарға көмек беру комиссияларын құру жөнінде өкім шығарумен ғана шектелдік», - деп жазды³⁰⁸. Одан кейін ашыққан адамдардың санын анықтау мақсатында Губстатбюроға есеп карточкасының формасын жасау жөнінде тапсырма беріп, халық санағына кіріседі. Сонымен қатар «Ашыққандарға көмек апталығын» ұйымдастыру үшін арнайы үштік ұйымдары құрылды³⁰⁹.

Ең қиын жағдай 1921-1922 жылдары қыста орын алды. Бұл кезеңде адам жеу фактілері тіркелді. Мысалы, 1921 жылы желтоқсан айында Калмыков уезі Бударин ауылында бір отбасы қызы мен немересін өлтіріп, олардың етін жеген. Құзырлы органдардың мәліметінше тек 1922 жылғы 1 сәуірден бастап адам жеу үрдісі азая бастаған.

³⁰⁷РФМА 1064 қ. 1 т., 88 іс. 41 п.

³⁰⁸Гизатов С.М. 1921-1922 жылдардағы Орал және Бөкей губернияларындағы ашаршылық және оның зардаптары. Отан тарихы 2023. №26 (2). 303 б.

³⁰⁹Гизатов С.М. 1921-1922 жылдардағы Орал және Бөкей губернияларындағы ашаршылық және оның зардаптары. Отан тарихы 2023. №26 (2). 303 б.

Уақыт өткен сайын ашаршылық та күшейе берді. 1921 жылы Орал губерниясының төрт уезі бойынша 47 289 адам аштан қырылған. Сонымен қатар 20 851 адам Орал губерниясынан тыс жерге көшіп кетті. Осылайша бір жылдың ішінде губерния халқы 67 870 адамға азайды. Ал 1921 жылы қараша айында Орал губерниясында ресми түрде 239 037 адам ашыққандар ретінде тіркелсе, 1922 жылдың 1 қаңтарында олардың саны 348 816 адамға жетті³¹⁰. Мәселен, ашыққандарға көмек көрсету жөніндегі Орталық комиссияның №18 995 санды жеделхатының негізінде 1921 жылы 8 тамызда Бөкей губерниясында ашыққандарға көмек көрсету жөніндегі комиссия құрылып, ол жедел түрде жергілікті бөлімшелердің ашыққандарға көмек көрсету жұмыстарын ұйымдастырып басқаруға кіріседі³¹¹.

Бұл комиссия уездік және болыстық комиссия мүшелерінің атқаратын нақты тапсырмаларын көрсетіп 10 пункттен тұратын арнайы нұсқау (инструкция) дайындайды. Нұсқауда уездік және болыстық жерлерде комиссия бөлімшелерін құру қажеттігі, ауқатты адамдардан қарызға алған малды сойып ашыққандарды тамақтандыру, ата-анасы жоқ қараусыз қалған балалар үшін жатақханалар ашу, жұкпалы ауруларға қарсы күрес шараларын ұйымдастыру жұмыстары көрсетіліп, ашаршылыққа қарсы атқарылған істер туралы губерниялық комиссияға 2 аптада бір рет есеп беру міндеттелді³¹².

Ал губернияның Тарғын уезіндегі ашаршылыққа қарсы күрес жөніндегі төтенше комиссия Жәнібек кентіне орналасты. Кеңес аппаратының және партияның уездік органдарының барлық қызметкерлері дерлік ашаршылықпен күресті ұйымдастыру үшін шалғай ауылдарға жіберіледі. Уезд орталығында ашыққандарға арналған 8 тамақтандыру пункті жұмыс істеді, ата-анасыз қалған балалар үшін жатақхана ұйымдастыру міндеттелді³¹³. Осылайша Бөкей губерниясындағы ашаршылықтың салдарынан халықтың жаппай қатерлі жұкпалы ауруларға шалдығуы, өлкеде емханалар мен ауруханалардың және дәрі – дәрмектердің жетіспеуі ел ішінде адам өлімінің санын көбейтіп, нәтижесінде бұл Бөкей өңірінің демографиялық құлдырауына әкеліп соқтырады³¹⁴.

Ақтөбе губерниялық комиссиясы 20-шілдеден өз жұмысын бастады. Алғашқы кезде басқа губерниялар сияқты ашыққандардың нақты санын анықтау мүмкін болмады. 1921 жылы 12 желтоқсандағы Қазақ АССР-нің Орталық Атқару Комитеті ашыққандарға көмек көрсету комиссиясының

³¹⁰Сонда 303 б.

³¹¹Боранбаева Б.С. Бөкей губерниясындағы ашаршылық (1920-1922 жж): себеп-салдары мен зардаптары / «Қазақстандағы XX ғасырдың 30-шы жж. басындағы ашаршылық және қазақтардың көршілес аумақтарға мәжбүрлі көші-қоны: зерттеу мәселелері»: респ.-тәжірб. конф. мат.-ры. – Алматы: Литера-М, 2021. 123 б.

³¹²Сонда 124 б.

³¹³Боранбаева Б.С. Бөкей губерниясындағы ашаршылық (1920-1922 жж): себеп-салдары мен зардаптары / «Қазақстандағы XX ғасырдың 30-шы жж. басындағы ашаршылық және қазақтардың көршілес аумақтарға мәжбүрлі көші-қоны: зерттеу мәселелері»: респ.-тәжірб. конф. мат.-ры. Алматы: Литера-М, 2021. 124 б.

³¹⁴Сонда 124 б.

баяндамасында Ақтөбеде 315339 адам ашықты. Олардың 225348 ересек, 89991 бала. Губернияда 48 асхана ашылып, одан 15073 адам тамақтанды. 570756 адам тұратын өңірдің 8 желтоқсандағы мәліметі бойынша Темір, Ырғыз, Қарабұтақ, Ойыл аудандары қатты ашаршылыққа ұшырады³¹⁵. Ақтөбе губерниялық атқару комитетінің мәліметі бойынша 1921 жылдың қараша айында 469 өлген адамның мәйіті табылып, жинап алынды. Ақтөбе қаласындағы балалар үйінде 94 қазақ баласы өлді. Өлім халінде жатқан 232 орыс баласының жағдайы жақсарды. Көшеде өлім халінде жатқан 294 адам ауруханаға жеткізілгенмен ажал құшты³¹⁶. Ал, Ақтөбе губерниялық комиссияның 1921 жылдың 22 желтоқсанындағы есебінде 374215 адам аштықта, олардың 87725 балалар. Алғашқы кезде 326 000 000 сом ақша болды, азық-түлік болған жоқ. Қайырымдылықтан 38 472 662 сом, 105 ірі қара, 3-бас жылқы, 94 қой, 6 пұт ұн, 44 пұт картоп, 2 пұт шай, қант, 10 пұт тұз, ет 104 пұт, 1 пұт нан түсті. 34 асхана жұмыс істеп тұр. Оның 15 балалардыкі. Болыстардың санына байланысты 100 асхана ашу ойда бар. 1-ші тамызда Түркістан Республикасына 13 177 адам, Украинаға 4 206 бала, астықты губернияларға 4309 адам эвакуацияланды. Осы жыл яғни 1921 жылдың 23 желтоқсанында Ақтөбе губерниясына АРА-ның өкілдері келді және олардың барлық талаптары орындалады делінген³¹⁷.

Бұл есеп - мәліметтерден уақыт өткен сайын аштыққа ұшыраған адам санының әсіресе балалар санының өсуін көруімізге болады. Бұл статистика біздіңше нақты да болмауы мүмкін. 1922 жылдың 1-ші қаңтар мен 7 ақпан аралығындағы Ақтөбе губерниялық комиссиясының баяндамасында жағдайдың қиын болғандығы айтылады. «Қатты суық аштықпен күреске көп кедергі жасауда, аудандардан мәлімет түспеуде, ескі ережелерді басшылыққа алып жұмыс істеудеміз. Күн өткен сайын аштық күшейуде. Губерния орталығымен аудандардың, болыстардың, ауылдардың байланысы нашар. Ақтөбе, Ақбұлақ, Мәртөк, Шалқар станцияларындағы қоймалардан жіберілген азық-түлік барар жеріне жарты ай немесе үш аптада жетеді. Қазіргі таңда азық-түлікке деген қаңтар айына берілетін 639 000 000 сом әлі түскен жоқ. Қаңтар айынан бері 68 тамақтану пункті, 10 балалар асханасы және 27 балалар үйі жұмыс істейді. Осы қаңтар айында Ақтөбе қаласында 500 адамға арналған тамақтану пунктімен Ақтөбе ауданының болыстарында 70 тамақтану пункті ашылды. Басқа жаңадан ашылған тамақтану пунктері туралы мәлімет жоқ» - делінген³¹⁸.

Адай уезінде аштықпен күрес жөніндегі комиссия жұмысы 1921 жылдың 21 қазанында құрылды. Жұт жиі болатын бұл өңірге де ашаршылық өте ауыр тиді.

³¹⁵Қазақстандағы ашаршылық. Голод в Казахстане.1921-1922. Сборник документов и материалов. Алматы «Алматы-Болашақ», 2021. 1 том. 288 с.

³¹⁶Сонда 288 с.

³¹⁷Сонда 315 с.

³¹⁸Қазақстандағы ашаршылық. Голод в Казахстане.1921-1922. Сборник документов и материалов. Алматы «Алматы-Болашақ», 2021. 1 том. С. 396-397.

Енді Қостанай губерниясын біз «Қостанай губерниялық төтенше ашыққандарға көмек комиссиясының 1921 жылғы шілдеден 1922 жылғы шілдеге дейінгі губернияның жағдайы мен комиссияның қызметі туралы есебі» арқылы қарастырып көрейік.

Қостанай губерниясында аштықты жою жөніндегі төтенше комиссия 1921 жылы 30 тамызда құрылды. Бұл кезде аштық кең етек алған еді. Елді мекеннің алыстығы мен транспорттың жоқтығынан тез арада жергілікті жерлерде комиссияны құру бір айға созылып, «помголдар» 25 қазанда барлық аудан орталықтарында құрылса, 15 қарашада болыс орталықтары мен ауылдарда құрылды.

15 желтоқсанға дейін аштықпен күрес жөніндегі комиссиялар: губерниялық – 1, аудандық немесе уездік – 8, болыстық – 75, ауылдық – 358, барлығын қосқанда 442 комиссия құрылды. Жалпы губерниядағы 670 елді мекенде жоғарыда айтылған комиссия жұмыс істеді³¹⁹.

1922 жылдың қаңтарына дейін барлық партиялық, одақтық, кооперативтік ұйымдарда, атқару комитеттерінің барлық бөлімдерінде, сондай-ақ Қызыл Армия бөлімдері мен Әскери комитет мекемелерінде помгол болды. Барлық ұйымдасқан пролетариат аштыққа қарсы күреске тартылды деп айтуға болады, барлық мекемелер мен мемлекеттік аппараттар аштықпен күресті.

Комиссия өзінің алғашқы отырыстарында губисполкомның барлық экономикалық бөлімдерінің аштыққа қарсы күрес жөніндегі жұмыс жоспарының іс-шаралары мен жалпы қағидаттарын әзірледі және барлық бөлімдерге егжей-тегжейлі жұмыс жоспарларын әзірлеуді ұсынды. Бірден жоспарлаушы, қаржылық, бақылау және үгіт-насихат жұмыстары бойынша бірден 4-секция құрылды. Сол секциялар нұсқаушыларды жіберу арқылы аудандық комиссиялар жанынан ұйымдастырылды. Желтоқсан айының басында губкомиссия жанынан да, аудандық комиссиялар жанынан да қоғамдық тамақтану секциясы ұйымдастырылды. Губкомиссияның секциялық жұмысы қажетті нәтиже бермеді, сондықтан болашақта қоғамдық тамақтану секциясын қоспағанда, барлық секциялар жойылды. Бөлімдердің жұмысы губисполкомның бөлімдеріне және губкомиссияның төралқасына жүктелді.

Мамыр айында губерниялық қоғамдық тамақтану бөлімі горсекция болып өзгертілді және тек қала бойынша жұмыс істеді. Райпомголодтарда қоғамдық тамақтану секциялары сақталды. Қоғамдық тамақтану губерниясының жалпы басшылығы жаңадан құрылған губпомголодтың шаруашылық бөліміне көшті. Қазіргі уақытта аштықпен күресудің жалпы басшылығының құрылымы келесідей:

1. Губпомголод аштық жұмыс президиумынан, кеңейтілген президиумнан және пленумнан тұрады.

2. Жұмыс Президиумына үш мүше кіреді: біреуі губерниялық атқару комитетінен, біреуі губерниялық комитеттен және біреуі губерниялық кеңестердің екінші съезінен.

³¹⁹ҚОМА. 24-к., п., 1-т., 128-іс, 77-95 п.

1 Кең президумға сондай-ақ, губерниялық атком, предпомгол органдарлары, РКП(б) губкомының хатшысы, жас жұбайлар және әйелдер бөлімінің өкілдері, Қостанай губерниясындағы барлық шетелдік аштыққа қарсы көмек ұйымдары жанындағы РСФСР уәкілдері кіреді.

4. Губпомголод пленумы губисполкомның, губкодақтың және губпрофсоветтің барлық бөлімдерінің өкілдерінен тұрады. Губпом пленумы айына кемінде бір рет, кең төралқа аптасына кемінде бір рет, жұмысшы Төралқа қажет болған жағдайда жиналады» - делінген³²⁰. Бұл құжаттан аштықпен күресетін комиссия кеш құрылып, жергілікті биліктің барлық саласы аштықпен күрес жүргізуге жұмылдырылғанын көруге болады.

Қостанай губерниясындағы аштыққа ұшыраған халыққа көмек көрсетуді әртүрлі ұйымдардың жұмысы арқылы қарастырсақ.

Аштыққа ұшыраған халыққа тікелей көмек көрсету аштыққа қарсы барлық органдардың басты мәселесі болды. Ресейдің аштыққа ұшыраған өңірлерінен қоныс аударғандарды, жергілікті шаруалар, жұмысшылар, қызметкерлерді және ең алдымен балаларды тамақтандыру қажеттігі туындады. Ол үшін қаражат іздеу, оны ақылмен бөлу керек болды. Бұл бағыттағы жұмыс бүкіл есепті кезеңді алады. Губерния өз қаражатымен аштықты жеңе алмайтындығын біліп, алғашқы күндерден бастап барлық есіктерді қағып, жедел көмек сұрады. 1922 жылдың қаңтарына дейін мемлекеттік көмек екі жүз миллион рубль несие беруді бастады. Ол көп ұзамай тиісті тамақтану мақсатына және бір жағынан, ұйымдастырушылық шығындарға жұмсалды. Сонымен қатар, балалардың өмірін жақсарту жөніндегі комиссия 1922 жылдың қаңтарында екі жүз миллион рубль алды. Қаңтар айында орталықтың нарядынан 1082 пұт мөлшерінде бір тары вагоны және ақпан айында салмағы бес мың пұт 5 тары вагоны, мың екі пұт астықпен бір бидай вагоны және мың пұт кара бидай вагоны келіп түсті. 1922 жылдың 23 ақпанынан сәуірдің аяғына дейін губпомголод бірде-бір вагон азық-түлік алған жоқ.

Орталық Қостанай губерниясын қоғамдық тамақтануға енгізгені белгілі болып, қаңтар айында 25 мың балалар мен 5 мың ересекке, ақпан айында – 35 мың балалар мен 37 мың ересекке тамақтандыруға құрғақ азық, наурыз айына-дәл солай, сәуірге-дәл солай бөлінгенімен азық-түлік берілмеді. Тек қана сәуір айында орталықтың наряды бойынша 400 пұт саңырауқұлақ түсті, ал 26 сәуірден бастап өнімдер орталықтың наурыз айындағы наряды бойынша келе бастады³²¹. Қарап отырсақ жергілікті жердегі комиссия өз күштерімен аштықпен күрескенін, тек 1922 жылдың көктемінен бастап қана орталықтан көмектің келгенін байқаймыз.

Негізгі көмек негізінен қалада, аудандарда асығыс салынған асханалар арқылы көрсетілді. 1 ақпанға дейін іс жүзінде тек 20 асхана жұмыс істеді (үшеуі қалада және 17 аудан бойынша). 1 наурызға дейін губерния бойынша

³²⁰ҚОМА. 24-к., п., 1-т., 128-іс, 77-95 п.

³²¹ҚОМА. 24-к., п., 1-т., 128-іс, 77-95 п.

27 асхана жұмыс істеді (4 қалада және 23 ауданда). Күн сайын барлығы 17 700 құрғақ азық берілді, оның 4000-ы қала бойынша және 13700-і аудан бойынша. Негізінен балалар тамақтандырылды. Мамыр айында көмек ретіндегі азық-түліктердің келіп жетуіне байланысты жабдықталған асханалар саны 123-ке дейін азайды, ал шын мәнінде жұмыс істейтіндерінің саны 57-ге дейін өсті. Іс жүзінде оларда 15 244 бала мен ересек адам тамақтандырылды. 1 шілдеде губерния бойынша барлық асханалар саны келесідей болды³²².

2 кесте. Қостанай губерниясындағы асханалар³²³.

№	Орындардың атауы	Асханалар мен қоректік заттардың саны		Өткізу қабілеті	Нақты нормалар	
		жабдық.	Жұмыс істейтін.		балалар	ересектер
1	Қостанай	7	7	4150	—	4000
2	Қостанай ауданы	12	2	2400	400	—
3	Федоров ауданы	18	8	4000	2000	500
4	Боровской ауданы	20	10	6000	3000	500
5	Семиозерный ауданы	17	5	1700	500	—
6	Урицкий ауданы	30	11	3000	1710	—
7	Денисов ауданы	5	1	2500	414	—
8	Адамовский ауданы	13	13	1540	1300	240
9	Торғай ауданы	1	1	-	-	—
Барлығы:		123	57	25190	9324	5240
					Барлығы: 14 564	

Кестеде жұмыс істейтін асхана 57 деп берілгенімен, есептегенде 58 екен, өткізу қабілеті 25190 дегенімен, есептегенде 25290 болып шығады. Азық-түліктің жоқтығына байланысты бұл асханалар кей жағдайда дұрыс жұмыс істемеген.

Большую помощь в борьбе с эпидемиями в период голода оказывал Красный крест. В 1921–1922 гг. миссия Красного креста оказывала помощь голодающим Поволжья. Несмотря на трудности, работа Красного Креста постепенно расширялась, число медицинских и питательных пунктов росло. В Казахстане продовольственная и медицинская помощь Красного Креста распространялась на Оренбургскую, Актюбинскую, Кустанайскую и Букеевскую губернии. Работа велась, главным образом, среди казахского населения в аулах и кочевках. Перевозка грузов производилась караванным путем. На питание принимались беременные женщины, дети до 14 лет и голодающие вообще без различия пола, по списку помгол и сельсоветов.

Больше всего в период голода пострадала Уральская губерния. Площадь погибших хлебов достигла 80%, средний урожай с посевной десятины составил 1 пуд. За декабрь месяц 1921 г. в г. Уральске умерло 971 человек от голода и эпидемий⁵⁰². Губздрав принимал всевозможные меры: в губернии была открыта больница на 1400 человек, но эта цифра была далеко недостаточна, так как число больных в связи с голодом постоянно увеличивалось. Во всех районах губернии увеличивалась смертность среди детей. В Уральске за один день – 11 марта – заболело 99 человек⁵⁰³. Население из-за полного отсутствия каких-либо продуктов, вынуждено было употреблять в пищу падаль, отчего увеличивался процент заболеваемости. Имели место массовые заболевания холерой, корью и др.⁵⁰⁴

⁴⁹⁹ АП РК. Ф. 139. Оп. 1. Д. 211. Л. 69.

⁵⁰⁰ Отчет Совета труда и обороны Киргизской ССР за апрель-сентябрь 1922 г. Оренбург, 1922. С. 259.

⁵⁰¹ Холера в Республике Казахстан: пространственная и временная характеристики (атлас-справочник) / ред. З.А. Сагиев. Алматы: Казак университеты, 2020. 10.

⁵⁰² АП РК. Ф. 139. Оп. 1. Д. 364. Л. 115.

⁵⁰³ Там же.

⁵⁰⁴ АП РК. Ф. 139. Оп.1. Д. 364. Л. 46.

С появлением холерных заболеваний в Уральске, была создана губернская чрезвычайная санитарная комиссия по борьбе с холерой. Холера была занесена со стороны железнодорожной магистрали Саратов – Уральск и начала быстро распространяться, так за период с 21 июня по 6 июля 1921 г. ежедневно заражалось 70-80 человек по городу. По Уральской губернии с начала эпидемии 21 июня до 21 августа по неполным данным заболело 7142 человек, умерло 3396 человек⁵⁰⁵. Борьба с голодом осложнялась тем, что больницы были переполнены истощенными от голода людьми: 70-75% больных на почве голода размещались в больницах. В то время как наличие эпидемий тифов, холеры требовали отдельных коек в стационарах, которых не хватало. Был поставлен вопрос об организации врачебно-питательного пункта, который функционировал с конца ноября 1921 г. и был рассчитан на 250 человек, получали питание и приемный покой на 20 человек.

Большую работу в борьбе с эпидемиями в регионе проводил Красный крест. В Уральской губернии был сформирован отряд № 7, в Илекском уезде с базой и управлением его в г. Илеке. Отряд развернул работу на 2500 пайков, разбросал по волостям уезда 6 столовых. В Илеке открыт врачебно-амбулаторный пункт и фельдшерская амбулатория. В г. Уральске имеется районное управление Красного Креста, во главе с районным уполномоченным. Население губернии, главным образом, киргизское. Через некоторое время в г. Актюбинске был сформирован отряд № 8. Для оказания окрестному населению помощи, для чего отряду было выделено 2500 пайков. Было открыто 7 столовых и один фельдшерский пункт⁵⁰⁶. В отчетах Помгол сообщалось «Киргизы живут в самых тяжелых, в смысле гигиенических условиях, являвшихся причинами вспыхивавших эпидемий тифов и цинги..., в некоторых местах вспышки холеры. Главный процент смертности падает на заболевания от цинги и истощения. Медицинская работа функционирует слабо. Весной 1922 г. в губернии голодало до 100000 человек. Красным крестом приняты все меры к усилению медицинской помощи киргизам через свои вновь открытые фельдшерские пункты»⁵⁰⁷.

В Оренбургской губернии засуха уничтожила 287092 десятин, что составляет от общей посевной площади 52,9%. «Положение с каждым днем обостряется. Смертность до того увеличилась, что не успевают копать общие могилы. Мертвых хранят в амбарах, в опустелых домах, а потом увозят на кладбище. Обнищавшие крестьяне стали стаскивать одежду с мертвых, для своих нужд, а что получше тащат на рынок для того, чтобы купить фунт травы»⁵⁰⁸. В отчетах отмечалось: «В губернии зарегистрировано 100 случаев людоедства. Во всех районах губернии сильно прогрессирует

⁵⁰⁵ЦГА РК. Ф. 82. Оп. 1. Д. 78. Л. 42.

⁵⁰⁶АП РК. Ф. 139. Оп. 1. Д. 359. Л. 76.

⁵⁰⁷АП РК. Ф. 139. Оп. 1. Д. 359. Л. 78.

⁵⁰⁸АП РК. Ф. 139. Оп. 1. Д. 364. Л. 115.

смертность детей бедняков, за счет которых кормятся дети кулаков, духовенства, которые прикрепляются к органам АРА»⁵⁰⁹.

Значительно осложняли эпидемиологическую обстановку беженцы из центральных голодных губерний. Изможденные и истощенные от голода они представляли благоприятную почву для распространения эпидемий, особенно тифа. Беженцы не имели определенного места пребывания и расходились по всем районам города. Непростой задачей санитарно-эпидемиологического отдела было сконцентрировать их в определенных пунктах для установления врачебно-санитарного надзора и оказания медицинской помощи. В Оренбурге для этих целей был отведен Меновой двор, где был развернут изолятор на 30 коек; открыта амбулатория с тремя лекпомами, медсестрами. За период с 9 сентября по 26 октября прошло через амбулаторию 2785 человек, через изолятор 291, из которых 256 были направлены в больницы⁵¹⁰. Смертность была высокая как среди населения, так и медицинского персонала. В феврале 1922 г. скончался от тифа заведующий Петровской больницы замечательный доктор Никоновский Петр Петрович⁵¹¹.

В «Докладе о деятельности Губпомголов Киргизской Республики по данным с мест» от февраля 1922 г. отмечалось, что в Оренбургской губернии смертность от голода по отношению к общему числу смертей от разных заболеваний выражается в цифре 303%. В сентябре от брюшного тифа смертность равна 22, от сыпного 15%, дизентерии 25%; в октябре и ноябре смертность увеличилась приблизительно в полтора раза, общая дневная смертность по городу колеблется от 150 до 200 случаев. В лечебных заведениях 90%, всех мест представляется голодающим, причем наплыв больных с каждым днем увеличивается, например: по последним данным известно, что в Шарлыкском районе 60000 чел. обречены на смерть, так как они не в состоянии купить даже суррогатов⁵¹².

По всей КАССР было зарегистрировано 350005 больных инфекционными болезнями. Из этого числа так называемых острозаразных было 205 455 человек, что составляло 58,7 % от всех инфекционных больных⁵¹³. В 1922 г. этот процент составлял 76,1 %, что связано с распространением эпидемии тифа зимой 1922 г.

9 апреля 1922 г. состоялось совещание при Комиссии помощи голодающим Кирнаркомздрава, на котором выступили доктор Мискинов – уполномоченный РСФСР, доктор Розенберг – член коллегии КНКЗ, доклад о положении дел в здравоохранении в Киргизском крае сделал завздравотделом Коротков, содокладчиком которого от Губздравотдела г. Оренбурга был доктор Нестеров. Все выступавшие говорили о тяжелом

⁵⁰⁹АП РК. Ф. 139. Оп. 1. Д. 364. Л. 116.

⁵¹⁰ЦГА РК. Ф. 82. Оп. 1. Д. 43. Л. 7.

⁵¹¹ЦГА РК. Ф. 82. Оп. 1. Д. 43. Л. 16.

⁵¹²ГАРФ. Ф. Р-1064. Оп. 2. Д. 38. Л. 19-22.

⁵¹³Статистико-экономический обзор КССР. Оренбург: ЦСУ КССР, 1923. С. 9.

положении, сложившемся в КАССР, называли причины и искали пути выхода. «Лечзаведения из-за полной необеспеченности закрывались, ибо они превращались в места умирания. Перспектива врачебно-санитарного дела проявилась бы при надлежащем снабжении продовольствием, топливом, деньгами, так как Губздраву приходилось покупать продовольствие на рынке, заготовка топлива ему была разрешена слишком поздно. Все это обусловило столь плачевное положение лечзаведения данного момента. Явления эти будут ликвидированы при условии удовлетворения требования Кирнаркомздрави» - отметил Нестеров. Коротков в своем докладе отмечал, что снабжение больниц ниже всякой нормы: вместо 1275 пайков было отпущено 500. В данный момент не хватает около 1200 пайков для медперсонала и больниц. При таких обстоятельствах положение врачебно-санитарного дела на дороге становится критическим, что особенно ухудшается взаимным непониманием органов продовольствия на местах. Выступавший Райхман подчеркнул, что главная причина расшатанности врачебно-санитарного дела отсутствие контакта между продорганами, органами по топливу и Наркомфином, однако причина лежит глубже и заключается в слишком незначительном количестве медперсонала в Киркрае, почему степь почти лишена медпомощи. Наркомпрод в данный момент дать Кирнаркомздраву реальной поддержки не в состоянии.

С 1922 года значительно сократилось финансирование Наркомздрави. Лечебная сеть сократилась на 53%, это когда из-за голода в разных губерниях происходили вспышки тифа, холеры и др. заболеваний⁵¹⁴. Соответственно сокращался медицинский персонал, которого и так катастрофически не хватало в Киркрае. В 1922 г. это сокращение составило 47,7%. Эти необоснованные сокращения привели к высокой смертности среди населения: в уездах процент смертности составил 84%, в городах – 18,9% увеличивалось количество смертей на почве голода.

К примеру, в январе месяце 1922 г. почти прекратилось снабжение лечебных учреждений, это привело к закрытию всех больниц Петровского района Оренбургской губернии, которые вынуждены были прекратить стационарную деятельность, несмотря на то, что эпидемические заболевания на почве голода все более разрастались и требовали от больниц изоляции заболевших заразными болезнями. Из отчета о деятельности Петровского районного отдела народного здравоохранения мы видим следующие цифры по смертности: в феврале месяце 1922 г. санитарно-эпидемический отряд по уборке трупов и дезинсекции помещений убрал 1500 трупов это по одному районному отделу, в течение следующего месяца – 720. Смертность среди детей составляла только за один месяц февраль 1922 г. – 300 человек⁵¹⁵. Причины такого положения – отсутствие продовольствия, полное отсутствие необходимых медикаментов и медицинских кадров.

⁵¹⁴ Там же. С. 10.

⁵¹⁵ ЦГА РК. Ф. 82. Оп. 1. Д. 43. Л. 19.

В связи с продовольственным кризисом и отсутствием денежных средств Оренбургский губернский отдел здравоохранения вынужден был закрыть в середине мая 1922 г. дом грудного ребенка № 1 на 50 детей, 25 кормилиц и 14 служащих; Дом детей раннего возраста на 30 детей и 18 служащих. Дети ликвидированных детдомов переведены в Дом грудного ребенка № 2 и 3.

Помимо эпидемии тифа в Оренбургской губернии началась эпидемия холеры. За июнь месяц по губернии заболело холерой 97 человек, из них умерло 40 человек. В Оренбурге был открыт холерный госпиталь на 500 человек, из которых функционировало только 50, в 10 раз меньше. Главная причина – отсутствие продовольствия и денежных средств на закупку продуктов и медикаментов. Для борьбы с эпидемией холеры в городе было открыто 7 прививочных пунктов и 2 подвижных прививочных отряда, благодаря которым было привито против холеры по Оренбургу 2500 человек, по губернии – 5000 человек.

Врачебно-питательные отряды Красного креста расширяли свою деятельность в районах. Так, столовая 1 отряда находилась в Оренбурге. Пропускная способность достигала 563 человека. Кроме открытых столовых этот отряд взял на свое обеспечение питанием следующие больницы здравотдела: в Кашировске на 12 человек. В Дмитриевке на 15 человек, в Александровке на 15. Были развернуты фельдшерские амбулатории Красного креста в селе Кузьминка и Белоозерке. В г. Оренбурге находилось Окружное Управление Красного Креста по КССР. Им было взято в г. Оренбурге на питание: 1. Губернская детская больница на 135 коек, 2. Дезинсекционный отряд № 1–10 чел., 3. Дезотряд № 2 – 11 чел., 4. Санитарный отряд – 7 человек, 5. Психиатрическое отделение Оренбургской губернской больницы и диспансер⁵¹⁶.

Врачебно-питательный отряд № 2 действовал в Челкаро-Иргизском районе Актюбинской губернии, имея свою базу в Челкарском поселке. «Работа ведется исключительно среди степного киргизского населения и его аулах, кочевьях и отдельных юртах. Население не говорит на русском языке, поэтому отряд имел своего переводчика. Продовольствие в аулы перебрасывалось караванными путями. Кухни устраивались по-походному; котлы устанавливались в юртах. Отряд питал 4000 человек через питательные пункты: Через 14 столовых на 100-500 человек»⁵¹⁷.

В г. Челкаре отряд взял на свое питание: детский дом на 75 человек и больницу на 107 чел. В виду того, что Челкарская ж/д больница обслуживала только железнодорожников, оставляя соседнее киргизское население без стационарной медицинской помощи, Красный Крест, дав больнице питание, выделил для населения ближайших окрестностей 30 коек. В Челкаре открыта врачебная амбулатория Красного Креста и в аулах два фельдшерских амбулаторных пункта. Выделен специальный фельдшерский пункт для оказания помощи киргизам исключительно в кочевьях.

⁵¹⁶ЦГА РК. Ф. 139. Оп. 1. Д. 359. Л. 80.

⁵¹⁷ЦГА РК. Ф. 139. Оп. 1. Д. 359. Л. 74-82.

Врачебно-питательный пункт № 3 был расположен в Кустанайской губернии, насчитывающей 450.000 населения. База отряда и местопребывание райуполномоченного Красного Креста в г. Кустанае. Отряд развил свою деятельность в Семиозерном районе, так как остальные районы губернии обслуживались квакерами, АРА и Помголом. Отряд располагал 2.000 пайков, распределяя их через столовые: 8 столовых⁵¹⁸. В январе 1922 г. Кустанайскую губернию охватила эпидемия тифа, которая «нащупав благоприятную почву истощения человеческого организма от голода, своей костлявой рукой начала косить рабочих и крестьян, а в особенности бесприютную бедноту. За последнее время фактами установлены массовые случаи смерти в городе Кустанае и его окрестностях от эпидемии тифа на почве недоедания и скверных гигиенических условий и в дальнейшем эпидемия может развиваться еще больше, если не будут приняты своевременно всевозможные меры предосторожности и борьбы с тифом. Ввиду приближения весны, от тифа не гарантирован ни голодный, ни сытый одинаково, и ясно встал перед трудовым народом вопрос жизнь или смерть» – отмечается в Постановлении Кустанайской губернской чрезвычайной комиссии по борьбе с эпидемией тифа от 15 января 1922 г.⁵¹⁹

Врачебно-питательный отряд № 5, самый отдаленный из всех отрядов Красного Креста в КССР, расположен в далекой Букеевской губернии с 400000 кочевым киргизским населением. На всю губернию имеется лишь один город Урда и несколько сел: Джанибек, Ганюшкино, Новая Казанка и Таловка. Культурное развитие населения стоит на самой низкой степени развития. Киргизы живут в самых тяжелых, в смысле гигиены условиях, являющихся причинами вспышкающих эпидемий тифов и цинги. Из других заболеваний отмечаются кишечные и в некоторых местах вспышки холеры. Главный процент смертности падает на заболевания от цинги и истощения. Медицинская работа, за отсутствием средств и обслуживающего персонала, функционирует слабо. Отряду предоставлено 1000 пайков, на которые он развернул три столовые, две из них в Таловском поселке. Весною 1922 г. в губернии голодало до 100000 человек. Красным Крестом приняты все меры к усилению медпомощи киргизам через свои вновь открытые фельдшерские пункты.

В г. Орске сформирован отряд № 6 для оказания врачебно-питательной помощи населению Орского уезда и главным образом его Можаровского района. Было открыто 9 столовых и два раздаточных пункта. Число довольствующихся в питательных пунктах отряда достигало 2000 чел.

В Оренбургской и Семипалатинской губерниях наблюдалось развитие холерной эпидемии. Оренбург развернул госпиталь на 500 коек. В Семипалатинской губ. ощущается недостаток медикаментов и медперсонала. С переходом на местные средства во всех уездах губернии большинство больниц закрывается.⁵²⁰

⁵¹⁸ ЦГА РК. Ф. 139. Оп. 1. Д. 359. Л. 74-82.

⁵¹⁹ ГАКО. Ф. Р-620. Оп. 2. Д. 95. Л. 10.

⁵²⁰ «Совершенно секретно»: Лубянка – Сталину о положении в стране (1922-1934 гг.). Т. 1. 1922-1923. С. 128.

В другом архивном документе отмечалось, что из 9000 санитарных коек, предназначенных «голодающей Киргизии» пришло лишь 3150 коек, а из 8807 медперсонала предусмотрено пайков 2619. «Кирнаркомздрав не может территорию равно 1/3 Западной Европы, с населением в 5,001 миллионов душ, свернуть 2/3 и без того убогой лечебной сети, местами радиусом до 150-200 верст и уволить 2/3 медперсонала»⁵²¹. По смете запрашивалось 800000 рублей, отпущено было только 125000 рублей.

В отчете Акмолинского горздравотдела за 1922 г. говорилось: «Больницы находятся в плачевном состоянии, не ремонтировались. Стены покрыты копотью, плесенью, температура в помещениях зимой 13-14 градусов. Бывают частые перебои в снабжении дровами, уборка и спринцевание больных не производится, прачечные бездействуют. Больница освещается коптилками, свечами. Один колодец на больницу устроен внутри помещения, где вода горько-соленая. В больнице работает 1 врач, 5 единиц среднего, 11 младшего персонала, 1 завхоз и имеются 40 коек (10 коек на родильное отделение, 15 – на гинекологическое, 15 – на глазное)»⁵²².

Наркомат здравоохранения Киргизской АССР в 1922 г. создал в Оренбурге Краевую химико-бактериологическую лабораторию, которая должна была заниматься вопросами санитарии и эпидемиологии в республике. Однако малочисленный штат и отсутствие некоторых нужных специалистов затрудняли работу лаборатории. В июле на базе этой лаборатории был создан Краевой санитарно-бактериологический институт (впоследствии он стал Краевым санитарно-бактериологическим институтом имени КазЦИК).

Проблемы в обеспечении борьбы с эпидемиями не были преодолены и в 1923 г. На Третьем Всекиргизском съезде отделов здравоохранения, проходившем в июне 1923 г. рассматривался вопрос борьбы с инфекционными болезнями. В своем докладе нарком здравоохранения М.С. Шамов остановился на неудовлетворительном состоянии медико-санитарного дела в Казахстане и поставил ряд задач перед наркоматом здравоохранения: «Здоровая питьевая вода, охрана жилищ, почвы, воздуха, охрана труда и т. д. отсутствовала даже в губернских городах, более или менее благоустроенных, не говоря уже о кибитке и землянке киргиза, куда не проникал ни один луч санитарного света. Нужно было создать кадры медперсонала, в котором наш край нуждался даже в мирное время. Нужно было создать противочумную организацию, пришедшую в упадок во время империалистической войны и совсем уничтоженную во время гражданской войны... Задачи трудные, задачи непосильные, но требующие немедленного разрешения, ибо эпидемия 1919–1921 гг., косившая направо и налево целые поселки, станицы и аулы, не была еще изжита, и нужно было ожидать вспышки ее в 1922 г. Не менее серьезна была опасность со стороны холеры. Можно было ожидать вспышки чумы в Букеевской и Уральской губерниях»⁵²³.

⁵²¹ЦГА РК. Ф. 82. Оп. 1. Д. 52. Л. 89.

⁵²²Государственный архив г. Астана. Ф. 110. Оп. 1. Д.10. Л. 17.

⁵²³Труды 3-го Всекиргизского съезда здравотделов. Оренбург: Советская степь, 1923.С.6.

Таким образом, голод неминуемо вызвал эпидемии различных болезней. Государство не смогло обеспечить население Киргизского края ни продуктами, ни медицинскими препаратами, ни медицинскими кадрами. Силами немногочисленных работников здравоохранения, которые работали в Киргизском крае в период голода 1921–1922 гг. делалось все возможное и порой невозможное для сдерживания эпидемий, оспопрививанию местного населения, привитию элементарных норм гигиены. Медицинские работники месяцами не получали жалованья и положенного продовольственного пайка, часто не имели элементарной теплой одежды в условиях резко континентального климата, но продолжали работать в этих экстремальных условиях. Среди погибших от голода и эпидемий были и медицинские работники: врачи, медсестры. Осложняли работу беженцы, которые пребывали из «голодных» районов России, так и неблагополучных губерний края. Остановить этот процесс было невозможно. Люди целыми аулами покидали свои родные места и уходили в поисках продовольствия и помощи. Зачастую не находя никакой помощи, замерзали в степи, как свидетельствуют архивные документы и воспоминания очевидцев. Большую работу проводили в крае неправительственные благотворительные организации: АРА, квакеры, Красный Крест. Несмотря на это, помощи этих организаций было недостаточно, они при всем желании не могли охватить все голодающее население края, количество которых по официальным данным составляло 2653340 человек. Поскольку эти организации ограничены в средствах и существуют в основном на пожертвования. Органы здравоохранения Киркрая неоднократно обращались в центральные органы с просьбой о помощи, докладывали о бедственном положении сложившихся в голодающих губерниях, об эпидемиях, вызванных голодом. Составлялись сметы для остро необходимых продуктов и лекарств, однако центральные власти выделяли средства на 20-30% от запрашиваемой суммы. Местные органы власти, органы здравоохранения всевозможными средствами на тот период времени пытались «достучаться» до центра о страшном бедствии, охватившем Киргизский край. Об этом мы узнаем из многочисленных донесений, телеграмм, докладов, разговоров по прямому проводу и т.д. Местные органы призывали центральные власти оставить собранный урожай и скот для нужд местного населения, но и здесь не находили поддержки. Все, что принудительными методами изымалось у местного населения – все переправлялось в центральные регионы в счет продразверстки.

4-ТАРАУ XX Ғ. 20 Ж. БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚТЫҢ САЛДАРЫ / ПОСЛЕДСТВИЯ ГОЛОДА НАЧАЛА 20-Х ГГ. XX В. В КАЗАХСТАНЕ

4.1 Ашаршылық салдарымен күрескен комиссия жұмысы

Р.Ж. Байдалы

Ашыққандарға көмектесетін орталық комиссия 1922 жылы 26 қыркүйекте таратылып, оның орнына Ашаршылық салдарымен күресетін Орталық комиссия құрылды. Ол комиссия жұмысын 1922 жылдың 15 қазанында бастады. «Қазақ Орталық Атқару Комитеті (БОАК – ВЦИК) жанындағы ашаршылық салдарымен күрес жөніндегі орталық комиссия туралы ережеде» былай делінген: «1922 жылғы 27 қыркүйекте Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитеті (БОАК – ВЦИК) жанындағы АшкөмОК-нің Пленумы бекітілген ашаршылық салдарымен күрес жөніндегі жергілікті комиссиялар туралы бекітілген ереженің негізінде қираған ауылдардағы мал шаруашылығын қалпына келтіруге жәрдемдесу және халықтың қамтамасыз етілмеген санаттарына, бірінші кезекте ашаршылықтан зардап шеккен шеткері аймақтардағы балаларға көмек көрсету мақсатында Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитеті (БОАК – ВЦИК) жанындағы ашаршылық салдарымен күрес жөніндегі орталық комиссия құрылады»⁵²⁴.

Бұл уақытта аштыққа ұшыраған өлкелерде ауыл шаруашылығы дағдарысқа ұшырады. Адамдардың аштан, ауру-сырқаудан өлуі, өзге аймақтарға бас сауғалап босып кетуі мен егін егетін тұқымдық астықтың болмауынан егін егілмей қалып жатты. 1922 жылдың күзінен бастап ашаршылық салдарын жою бойынша губерниялық комитеттер келесі жылдың егін егу науқанына дайындалды. Ауыл шаруашылығынан бөлек аштыққа ұшыраған балалар мен ересек адамдарды тамақтандыру сол кезде де өзекті болды. Олардың бәрі қалалар мен темір жол бекеттерін, тамақтандыру асханаларын жағалап жүрді. Ал, ауылдағы жергілікті қазақ тұрғындарына келсек Бейімбет Майлинның «Аштық құрбаны», «Күлпаш», «Айт күндері»⁵²⁵ әңгімелеріндегі ашаршылықтың боямасыз көрінісін көз алдымызға әкеледі. Мәселен қазіргі Қостанай облысы, Бейімбет Майлин ауданы Әйет елді мекеніндегі тұрғындар осы аудандағы Асенкритовка ауылдық округі Майлин ауылында аштан өлген адамдардың сүйектерін көргендері сол жердегі жергілікті тұрғындардың әлі есінде сақталған. Біздіңше бұл 1922 жылы 2 тамызда жазылған Бейімбет Майлинның «Күлпаш» шығармасындағы⁵²⁶ өмірде болған кейіпкерлердің сүйектері болуы мүмкін.

⁵²⁴Қазақстандағы ашаршылық. Голод в Казахстане. 1921-1922. Сборник документов и материалов. Алматы «Алматы-Болашақ», 2021. 1 том. 20 б.

⁵²⁵Майлин Бейімбет Шұғаның белгісі. Повестер мен әңгімелер. Алматы, «Жазушы», 1974, 608 б.

⁵²⁶Сонда 40 б.

Зерттеуші Ө.Исенов «Кеңес үкіметі 1921-1922 жылдардағы аштыққа ұшырағандарға көмек қорын ұйымдастырған. Мұны Қостанай облыстық мемлекеттік архивіндегі (Р-298 - қор, 1-тіркеу, 3-іс., 55-қор, 5-тіркеу, 15-іс.) 1921-1922 жж. аштыққа ұшырағандарға көмек көрсететін арнайы «Қостанай губерниялық «Аштарға көмек» төтенше комиссия ұйымдары атқарған жұмыстары туралы есеп беріп отырғандығын архив құжаттары айғақтайды. Бірақ «Аштарға көмек» ұйымының жұмысының нәтижесі шамалы болғанға ұқсайды. Шалғай аудандар мен қыстақтар мен ауылдағы аштарға көмек жетпеген немесе қазақ ауылдары мұндай ұйымдардың барынан бейхабар болғанға ұқсайды. Бұл мәселе әліде зерттеуді қажет етеді» дейді⁵²⁷.

1922 жылдың 12 қазанында Қостанай губерниясындағы аштықпен күрес жөніндегі төтенше комиссияның есебінде «губерниядағы тамыз және қыркүйек айындағы аштық жағдайы өзгерген жоқ. Тамыз және қыркүйек айында егін жиналғаннан жағдай біршама өзгерді. Әсіресе, бұл, қалада байқалды. Ашыққандардың көпшілігі ауылдарға астық жинауға кетіп, жұмыс істеді. 4 шілде мен 20 қыркүйек аралығында тамақтандыру орындарына тіркелген басқа губерниялардан келген қоныс аударушылар менелінен кетіп қайта оралғандардың саны 3355-ке жетті. Мемлекеттен шұғыл көмек күткен 59 494 ашыққан адам болды»⁵²⁸. Мұны біз архивтен алынған төмендегі кестедегі сандық мәліметтерден көреміз.

1 Кесте. Аштыққа ұшыраған аудандардағы ашыққандарға өнімді тарату жөніндегі мәлімет⁵²⁹.

Аудандардың атауы	Шұғыл көмек күткен ашыққандар		барлығы	Жылқысыз шаруашылықтар	Ешқандай малы жоқ шаруашылықтар
	қазақ	орыс			
Федоров	9775	6748	16523	4742	1240
Қостанай	7089	4124	11213	3300	780
Семиозер	-	6976	6976	2150	480
Денисов	13483	7534	21017	4642	1292
Адамовск	-	3765	3765	2663	816
Барлығы	30 347	29147	59 494	17 479	4608

Бұл кестеде қазағы көп Торғай уезі және Қостанай қаласы есепке алынбаған.

⁵²⁷Исенов Ө. Ашаршылық жылдарынан жеткен әңгіме. <https://taisoigan.kz> (15.04.2022).

⁵²⁸ҚОМА 24 к.п. 1 т. 118 іс. 9 п.

⁵²⁹ҚОМА 24 к.п. 1 т. 118 іс. 9-10 п.

2 Кесте. Қостанай губерниясындағы ашаршылық салдарының есебі жөніндегі мәлімет⁵³⁰.

Аудандардың атауы	Жұмыс малы жоқ шаруашылықтар				
	Аштық пен эпидемиядан өлгендердің саны	4 бас малы бар шаруашылықтар	1 бастан 4 бас малы барлар	барлығы	Сонымен қатар
Қостанай	10 875	652	3915	3300	780
Федоров	4640	834	5421	4742	1240
Урицкий	2710	669	5352	2658	544
Боровской	3410	567	4251	3868	1004
Денисов	7498	646	3228	4624	1292
Семиозер	3688	442	2212	2160	480
Адамовск	4610	1051	3855	2863	816
Барлығы	37 461	4861	28234	24215	6156

Бұл кестеге Қостанай қаласы және Торғай уезі туралы мәлімет кірген жоқ. Жердің шалғайлығынан Торғай уезінен мәлімет уақытылы келіп түспеген шығар. Шаруашылыққа байланысты Қостанай қаласы қарастырылмаған.

3 Кесте. Қостанай губерниясындағы көмекке мұқтаждарға өнім тарату⁵³¹.

Жетімдер	Жартылай жетім	Үйсіздер	Шаруашылықтар		
			жылқысыз	Мүлде малсыз	егінсіз
4195	11188	4045	24115	6140	4375

Кестеге ашықпаған аудандар да енгізілген. Сонымен қатар Торғай уезі туралы мәлімет жоқ. Бұдан біз аштықтың салдарын көреміз.

Осы жылдың 9 қыркүйегінде 775 бас мал, 29 қыркүйекте 774 бас мал Семей губерниясынан қайырымдылық есебінен Қостанай губерниясына жеткізілді. Бұл қайырымдылық арқылы келген мал тек мал шаруашылығымен айналысатын қазақ ауылдарына берілді. Ал, 20 қыркүйекте Ақмола губерниясынан сатып алынған 500 бас мал жағдайы жоқ шаруаларға жұмыс малы үшін суда ретінде арнайы қаулы негізінде берілді. Осы қыркүйек айында ашыққан губернияларға 97 бас жылқыны тегін беру үшін поезд арқылы жөнелтуге рұқсат берді. Сонымен қатар рұқсат Есілден келе жатқан оралушы – қоныс аударушыларға да берілді⁵³².

Осы 1922 жылдың 15 қазанындағы аштықпен күрес жөніндегі Қостанай губерниясындағы төтенше комиссияның құрылуынан бастап жойылған күнге дейінгі В. Сукачтың мәліметінде губерниялық ашыққандарға көмек президумының 70 отырысы болып, онда 401 сұрақ шешілген. Пленумның

⁵³⁰ҚОМА 24 к.п. 1 т. 118 іс. 10 п.

⁵³¹ҚОМА 24 к.п. 1 т. 118 іс. 10 п.

⁵³²ҚОМА 24 к.п. 1 т. 118 іс. 10-11 п.

25 отырысында 125 сұрақ шешімін тапқан. Жұмысшы президиумының 15 отырысы болып, онда 76 сұрақ шешілген. Барлығы 110 отырыс болып, онда 602 сұрақ шешілді. Орталықтан 1 042 000 сом, жергілікті жерден 2 481 019 сом 39 тиын келіп түсті. Барлығы 3 523 079 сом. Оның 3 324 303 сомы жаратылды. Квакерлер жұмысын, АРА-ның асханалар жұмысын тоқтатты. Бұл архив дерегінде аштықтың салдары берілген. Мәселен аштықтан, эпидемиядан 37 461 адам өлді. Жылқысы жоқ 24 415 шаруашылық, мүлде малы жоқ шаруашылықтар 6140, егінсіз қалғандар 4375, үйсіздер 4045, жетімдер 4195, жартылай жетімдер 11 188. Шұғыл көмекке мұқтаж аштар 30 347-қазақ, 29 147 – орыс, барлығы 59 494 адам. Осы уақыт аралығында 2178 бала, 3091 үлкен адам, барлығы 5269 адам эвакуациаланды. Ашаршылықпен күрес кезінде 59 494 аш адамды қанағаттандыру үшін айына 32 721 пұт азық керек. Бұл сан 1923 жылдың астығы шыққанша 1 қаңтарға дейін екі есе өседі⁵³³.

1922 жылдың 28 қазанындағы «Степная заря» газетіндегі ашаршылық салдарымен күресті губернияда ұйымдастыру мен ауыл шаруашылығын қалпына келтіру бойынша былай деп жазды: «губерниялық комиссияның орнына құрылған ашыққандарға көмек комиссиясы аштық салдарымен күресуде атқарылатын жұмыс өте көп. Ашаршылық салдарымен бірнеше жыл күресуге тура келеді. Статистикалық мәліметтердің негізінде ауыл шаруашылығын толық қалпына келтіру үшін Қостанай губерниясында қалыпты жағдайға түсу үшін 7-10 жыл керек. Қазіргі таңда біздің губернияда 60 мың ашыққан адам бар. Олардың саны өседі. Бізде 4500 шаруашылықта астық жоқ, 24 000 шаруашылықта жылқы жоқ. 6000 шаруашылықта ешқандай мал басы жоқ. 4000-нан аса үйсіз-күйсіздер, 4500-ден аса жетімдер бар. Аштарды аман алып қалып, балаларды аяққа тұрғызу керек. М.Калинин жолдастың аштық салдарына бұрын бергеннің онан бір бөлігін ғана берем деген сөзі конференцияда айтылды. Бұдан шығатын қорытынды – өз күшімізбен шығуымыз керек. Қала бірінші болып, жоспарлы түрде, ұйымдастырылған жұмысты бастау керек»⁵³⁴.

Ашаршылық салдарымен күрес мемлекеттік мекемелердің өкілдерінен құрылған подкомиссия арқылы жүргізілді. 1922 жылдың желтоқсанында құрылған бағалау подкомиссиясы Қазақ Халық жер комитеті берген 47 000 сомды 103 875 сомға дейін көбейтті. Мәселен Қостанай ауданына – 22 500 сом, Денисов ауданына 37 800 сом, Федоров ауданына – 20 475 сом, Боровской ауданына 14 175 сом және Урицк ауданына 925 сом бөлінді⁵³⁵.

Комиссия қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыруда еңбек бөлімімен бірлесе жоспар құрып, Аманқарағай орман шаруашылығында ескі арықтарды тазалауға Орталықтан 938 пұт астық берілді. 1923 жылдың 15

⁵³³ҚОМА. 670-к., 1-т., 10-іс, 54-55 орам п.

⁵³⁴Степная заря, г. Кустанай, 28 октября 1922 г. № 108. С. 1.

⁵³⁵Қазақстандағы ашаршылық. Голод в Казахстане. 1921-1922. Сборник документов и материалов. Алматы «Алматы-Болашақ», 2021. 2 том. С. 591.

наурызында Қостанай губерниясына «АРА» келіп 5000 адамды құрғақ дәммен тамақтандырмақшы болды. Бұған арналған орынды олар балалар мекемелері, ауруханалар, қаладағы балалар асханасында және Собез үйлерінде ашпақшы болды. Ал, сәуір айында құрғақ дәмнің санын 10 000 жеткізді. Ашыққан уездердегі қазақ тұрғындарына қосымша таратты. Қазіргі таңда Орталықтан әртүрлі мәдени дақылдан Қостанай ауданына 11 300 пұт, Федоров ауданына 8 550 пұт, Денисов ауданына 10 000 пұт, Урицк ауданына 2 150 пұт, Боровской ауданына 4 500 пұт бөлінді⁵³⁶.

Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінен «1922 жылдың 15 қазанынан 1923 жылдың 1-тамызына дейінгі Қостанай губерниясының ашаршылық салдарымен күресетін комиссия қызметінің есебі» құжатын таптық. Онда 1922 жылы 20 қазанда Қостанай губерниялық ашаршылық салдары комиссиясы ұйымдастырылып, ол үштік құрамнан тұрғаны, 29 отырыс болып, 149 баяндама тыңдалғаны айтылады. Ұйымдастыру жұмысы бойынша 15, қаржы 11, ауыл шаруашылығын қалпына келтіру 19, өндіріс 2, қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру 14, панасыз балалармен күрес 8, қоғамдық тамақтандыруды ұйымдастыру 19, ашаршылық, соғыс мүгедектеріне көмек 8, аштық салдары бойынша үгін-насихат жұмыстары 6, аштық салдарына салық төлеу 3 және 37 әртүрлі жұмыстар істелінген. Ауыл шаруашылығын қалпына келтіру бағытында 30 335 бас мал сатып алу үшін – 1 516 750 сом, ауыл шаруашылығына керек құрал-сайман сатып алуға – 1 512 232 сом, ауыл шаруашылығына керек құрал-сайманды жөндеуге – 116 000 сом, қоғамдық жұмыстарға 1 411 426 сом, барлығы 4 556 513 сом керек.

Губерния 5 уезден тұрады. Қостанай уезі 18 болыстан, Федоров уезі 15 болыстан, Денисов уезі 23 болыстан, Боровской уезі 8 болыстан, Урицкий уезі 9 болыстан тұрды⁵³⁷.

1923 жылдың 15 мамырынан Сібірден қоныс аударушылар, кері оралушы ашаршылық босқындарының қарасы көбейді. 15 мамыр мен 1-тамыз аралығында 562 ашаршылық босқындарын жеңілдетілген тарифпен және 37 адам тегін жөнелтілді. Шілде айында губерния бойынша егіннің шығымдылығы орташадан 25% төмен болды. Кейбір уездерде құрғақшылықтың кесірінен астықтан айрылып қалса, қалғанын жылқылар жеп қойды. 1921-1922 жылдардағы ашаршылықтан арыла алмаған губерния Орталықтың көмегі болмаса тағы да ашаршылық қайталанатынын мәлімдеп көмек сұрады⁵³⁸. Бұл құжаттан біз губерния тұрғындарының ашаршылықтан әлі арылмағанын анықтаймыз.

1922 жылы 1 қарашадан бастап Ашаршылық салдарын жою бойынша губерниялық комитеттер (Губпоследкомгол) өз жұмыстарын бастады. Олардың міндеттеріне халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету, төрт түлік малға жем-шөп дайындау сияқты жұмыстарды ұйымдастыру кірді. Губернияға қарасты уездерде ашаршылық салдарын жою бойынша уездік комитеттер (Упоследкомгол) құрылса, болыс, ауылдарда өзара көмек

⁵³⁶Қазақстандағы ашаршылық. Голод в Казахстане. 1921-1922. Сборник документов и материалов. Алматы «Алматы-Болашақ», 2021. 2 том. С. 592.

⁵³⁷ҚР ОМА. 1215-қ.р, 1-т., 21-іс, 1-п.

⁵³⁸ҚР ОМА. 1215-қ.р, 1-т., 21-іс, 2-3 п.

жөніндегі комитеттер жасакталды. Бір қызығы, уездердегі ашаршылықпен күрес жұмыстарын үйлестіру Уездік үштік деп аталатын құрылымға тапсырылды. Мысалы, 1922 жылы қараша айында Орал губерниясына қарасты Калмыков уездік үштігінің құрамына Бисенов, Тінәлиев, Пальгов есімді жергілікті билік өкілдері кірген⁵³⁹.

Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік архивінде ізденіс жұмыстарын жүргізу барысында Орал губерниясындағы ашаршылық салдарын жою бойынша комитеттің есебін кездестірдік. Мұнда 1922 жылғы қарашада губерниядағы ашыққан адамдардың саны 125 165 адам, яғни халықтың 32%-ы деп көрсетілген.

4 Кесте. Орал губерниясындағы ашыққан адамдар туралы мәлімет 1922 ж. қараша⁵⁴⁰.

№	Елді-мекеннің атауы	Тұрғындардың жалпы саны	Ашыққан балалар	Ашыққан ересектер	Барлығы
1	Орал қаласы	34 171	8000	5000	13 000
2	Орал уезі	68 866	11 011	14 211	25 222
3	Калмыков уезі	39 597	5 118	8 395	13 513
4	Елек уезі	75 842	11 520	13 176	24 696
5	Жымпиты уезі	68 360	14 777	23 957	38 734
6	Гурев уезі	104 000	4 000	6000	10 000
	Барлығы	390 811	54 426	70 739	125 165

Өлкеде қалыптасқан ахуалды 1922 жылғы төмендегі мәліметтерден де анық байқаймыз. Мысалы, 1922 жылғы 12 қарашадағы жағдай бойынша Жымпиты уезінде барлығы 38 734 адам,оның ішінде 14 777 бала, 23 957 ересек адам ашаршылыққа тап болған. Әсіресе Ащысай (5306), Қурайлы (3 077), Тамды (2 568) болыстарында жағдайдың өте қиын болғандығы анық көрінеді.

5 Кесте. Орал губерниясы Жымпиты уезіндегі ашыққан адамдар туралы мәлімет 1922 ж. қараша⁵⁴¹.

№	Болыс атауы	Жұмысқа жарамдылар		Балалар (14 жасқа дейін)	Қарт адамдар		Барлығы
		Ерлер	Әйелдер		Ерлер (55 жастан жоғары)	Әйелдер (45 жастан жоғары)	
1	Ащысай	1 130	1 010	2 196	642	328	5 306
2	Бұлдыртты	520	469	897	152	102	2 140

⁵³⁹Гизатов С.М. 1921-1922 жылдардағы Орал және Бөкей губернияларындағы ашаршылық және оның зардаптары. Отан тарихы 2023. №26 (2). 304 б.

⁵⁴⁰Гизатов С.М. 1921-1922 жылдардағы Орал және Бөкей губернияларындағы ашаршылық және оның зардаптары. Отан тарихы 2023. №26 (2). 305 б.

⁵⁴¹Гизатов С.М. 1921-1922 жылдардағы Орал және Бөкей губернияларындағы ашаршылық және оның зардаптары. Отан тарихы 2023. №26 (2). 305 б.

3	Тұздықөл	232	187	711	202	217	1 549
4	Шалқар	503	405	473	23	21	1 425
5	Қалдығайты	588	384	732	141	141	1 986
6	Мәтеш	430	415	780	245	192	2 062
7	Тайпак	296	168	629	69	127	1 298
8	Тамды	849	481	896	156	186	2 568
9	Өлеңті	630	343	659	300	200	2 132
10	I Жымпиты	413	292	274	374	252	1 605
11	Өзен	282	268	315	63	64	992
12	Қарасу	554	360	797	66	112	1 889
13	Дуана	676	336	1 052	170	220	2 454
14	Қурайлы	928	886	1 310	36	28	3 077
15	II Жымпиты	517	507	1 310	243	216	2 793
16	Сабынкөл	527	242	409	87	74	1 339
17	Көк Өзен	328	204	225	46	65	868
18	Жақсыбай	670	491	716	137	90	2 104
19	Соналы	291	178	507	84	93	1 153
	Барлығы	10 364	7 626	14 777	3 239	2 728	38 734

Батыс Қазақстан облысындағы ашыққан адамдардың саны күн санап арта берген. Өйткені дәл осы архив құжатынан 1922 жылдың желтоқсан айындағы ашаршылыққа ұшырағанадамдардың санының 144 655-ке жеткендігін, яғни Орал губерниясының 37%-ын құрағандығын көреміз. Атап айтқанда, Орал қаласында 14 705, Орал уезінде 28 662, Елек уезінде 43 646, Жымпиты уезінде 42 149, Калмыков уезінде 15 493, Гурьев уезінде 10 000 адам ашаршылыққа душар болған.

1921-1922 жылдардағы ашаршылық Орал және Бөкей губернияларындағы халық санының едәуір азаюына әкеліп соқты. Өңірдегі демографиялық өзгерістерді төмендегі кестеден көруімізге болады.

6 Кесте. 1917-1923 жж. Орал және Бөкей губерниясындағы халық санының динамикасы⁵⁴².

№	Губерниялар	1917 ж.	1920 ж.	1923 ж.
1	Орал	655 097	513 840	360 058
2	Бөкей	251 180	230 240	216 133
	Барлығы	906 277	744 080	576 191

Байқап отырғанымыздай Орал және Бөкей губернияларындағы халық саны 6 жыл ішінде 330 086 адамға немесе 36,4%-ға азайып кеткен. Деректерден Орал губерниясындағы халықтың 1917 жылғы 655 097 адамнан 1923 жылы 360 058 адамға, яғни 45%-ға қысқарған. Бұл үлкен көрсеткіш болып табылады.

⁵⁴²Гизатов С.М. 1921-1922 жылдардағы Орал және Бөкей губернияларындағы ашаршылық және оның зардаптары. Отан тарихы 2023. №26 (2). 307 б.

Өлкедегі ашаршылық ауыл шаруашылығын дағдарысқа ұшыратқан болатын. Адамдардың аштықтан қаза табуы, бас сауғалап өзге аймақтарға көшуі салдарынан егін егілмей қалды. 1922 жылы қараша айында жергілікті билік тарапынан Орал губерниялық жер бөлімі (ГубЗО) мен Азық-түлік комитетіне (Губпродком) егін шаруашылығы науқанын жоғары деңгейде ұйымдастыру мақсатында қар тоқтату, егістік тұқымдарын дайындау жөнінде тапсырма берілді.

Ашаршылық салдарын жою бойынша Орал губерниялық комитеті ауыл шаруашылығын көтеруден басқа да кешенді шараларды қолға алды. Олардың қатарында қаржылай көмек жинау, тұрғындарды жұмыспен қамту, қираған шаруашылықты қалпына келтіру мәселелері бар еді. Әсіресе аштыққа ұшыраған адамдарды тамақтандыру ісі өзекті болып қала берді. 1922 жылы желтоқсан айында ашаршылық салдарын жою бойынша Орал губерниялық комитеті 1 айға арналған азық-түлік нормасын бекітті. Бұл құжат бойынша ересек адамға 11 1/4 фунт астық, балаларға 16 7/8 фунт, май 1/4 фунт, жарма 3 3/4 фунт, балық еті 3 3/4 фунт, көкөніс 15 фунт, тұз 1 фунт бөлу қарастырылды⁵⁴³.

Архив деректерінен ашқұрсак балаларды тамақтандыруда бірқатар заң бұзушылықтардың орын алғандығын байқаймыз. Мысалы, 1923 жылы мамыр айында АРА комитетінің Калмыков уезіндегі инспекторы М.А. Висков Мерген ауылындағы №61 тамақтандыру пунктінде балаларға берілуі тиіс сүттің нормадан төмен берілгендігін, ал Каленов ауылындағы №62 пунктте тамақтардың шикі күйінде таратылғандығын баяндаған⁵⁴⁴.

Бөкей өлкесіндегі ашаршылық апаты сүзек, тырыскак, оба және басқа да жұқпалы аурулармен қоса қабат жүріп отырды. Бұған дәлел 1922 жылы 30 қазан күні Бөкей губерниялық денсаулық сақтау бөлімінің менгерушісі губерниялық аштық салдарымен күрес комиссиясына мынандай мәлімдеме жібереген: «Здравотдел настоящим сообщает, что за период с 1-го января по 1-го июля, т.е. за 6 месяцев эпидемических заболеваний зарегистрировано. Тиф брюшной заболело 118, умерло 8, Тиф сыпной заболело 232, умерло 35 и на почве голода заболело 1272, умерло 255. Холерой заболело 423, умерло 227 человек. Меры борьбы, за отсутствием спецотрядов на места вспышек отправляются местный медперсонал. В назначенной срок получено было от КНКЗ полутора миллиарта рублей, и в настоящее время имеется кредит в также сумме на борьбу с эпидболезнями»⁵⁴⁵.

⁵⁴³Гизатов С.М. 1921-1922 жылдардағы Орал және Бөкей губернияларындағы ашаршылық және оның зардаптары. Отан тарихы 2023. №26 (2). 307 б.

⁵⁴⁴Гизатов С.М. 1921-1922 жылдардағы Орал және Бөкей губернияларындағы ашаршылық және оның зардаптары. Отан тарихы 2023. №26 (2). 307 б.

⁵⁴⁵Боранбаева Б.С., Сарсенбаева Ф.Л. Орал, Бөкей губернияларындағы ашаршылық зардаптары (Батыс Қазақстан облыстық архив құжаттары негізінде) / «Қазақстандағы 1930-шы жылдардағы жаппай ашаршылық және қазақтардың шектес аумақтарға мәжбүрлі қоныс аударуы: заманауи түсіну және ғылыми бағалау мәселелері»: халықар. ғылыми-тәжірб. конф. мат-ры – Алматы: «Мадияр» ЖК, 2022 ж. – 64-65 б.

Осылайша Бөкей губерниясындағы ашаршылықтың салдарынан халықтың жаппай қатерлі жұқпалы ауруларға шалдығуы, өлкеде емханалар мен ауруханалардың және дәрі – дәрмектердің жетіспеуі ел ішінде адам өлімінің санын көбейтіп, нәтижесінде бұл Бөкей өңірінің демографиялық құлдырауына әкеліп соқтырады. Бұл пікірді төмендегі архив дерегінен анық көреміз.

1922 жылы 11 қараша күні Орынбордағы ашаршылықпен күрес Орталық комиссиясының Бөкей губерниясындағы мектептердің жабылуы, оқушылар мен мұғалімдер санының азаюы себебін сұраған жедел хатына Бөкей губерниясындағы оқу ісінің меңгерушісі: «1921-1922 оқу жылында 232 мектеп болды. 1922-1923 оқу жылында 81 мектеп қалды. 1921-1922 оқу жылында 9920 оқушы болды. 1922-1923 оқу жылында 5400 оқушы қалды» деген жауап қайтарған. Демек, Бөкейдегі ашаршылық салдарынан өлкедегі 4520 оқушы мерт болып, 151 мектеп жабылған⁵⁴⁶.

Ақмола губерниясында 1922 жылдың 15 қазанын бастап Ақмола губерниялық комитетінде Ақмола губерниялық аштық салдарымен күрес комиссиясы құрылып өз жұмысын бастады.

Ашаршылық босқындарының туған еліне оралуы 1922 жылдың маусым айынан басталды. Олар алғашқы кезде темір жол арқылы мемлекет есебінен тегін жөнелтілді. Ашаршылық босқындарын туған өлкелеріне жөнелту Аштық салдарымен күрес комиссиясының ең қиын жұмыстарының бірі болды. Ол көп уақыт пен шығындарды қажет етті. Босқындар Ақмола губерниясының әртүрлі жерлерінде болды. Бұлардың барлығы белгіленген күні дәл уақытында келе алмайтын. Губерниялық комиссия ашаршылық босқындарын туған жеріне жөнелту үшін Омбыдан немесе Мәскеуден рұқсат алу керек. Көп уақыт жіберіп рұқсат (наряд) алғанымен, губкомиссияның күштеуінсіз жөнелту мүмкін болмады. Мәселен 1922 жылдың қазан айында Петропавл темір жол станциясының бастығы 741 кері оралушы адамдарға Орталықтың берген нарядын ақылы деп түсіндірді. Губерниялық атқарушы комитет ақшасын төлейміз деген міндеткерлік алды. Сонымен қатар станция бастығы балалар билетінің тарифын ересек адамның тарифымен есептеп қате жіберді. Бұл жанжалды Губерниялық комиссия Орынбор мен Мәскеуге жеткізуге мәжбүр болды. Мемлекет есібінен тегін жүреміз деген әртүрлі категориядағы адамдар да болды. Жергілікті халықтан Украина жеріне кетпекші адамдар аз болған жоқ. Губерниялық комиссия жұмыс істеген уақытта 1923 жылдың 1 тамызындағы кері оралушы ашаршылық босқындары мемлекет есебінен тегін 15 668 адам, Губерниялық ашаршылық салдарымен күрес комиссиясы есебінен тегін 389 адам, 74 пайыздық жеңілдік есебімен 595 адам,

⁵⁴⁶Боранбаева Б.С., Сарсенбаева Ф.Л. Орал, Бөкей губернияларындағы ашаршылық зардаптары (Батыс Қазақстан облыстық архив құжаттары негізінде) / «Қазақстандағы 1930-шы жылдардағы жаппай ашаршылық және қазақтардың шектес аумақтарға мәжбүрлі қоныс аударуы: заманауи түсіну және ғылыми бағалау мәселелері»: халықар. ғылыми-тәжірб. конф. мат-ры – Алматы: «Мадияр» ЖК, 2022 ж. 64-65 б.

барлығы 16 652 адам жөнелтілді⁵⁴⁷. 1923 жылы ақпан айында қоғамдық жұмыстар жөнінде сұрақ туындады. Губерниялық ашаршылық салдарымен күрес комиссиясы жергілікті билікпен әртүрлі жұмыстар болатынын Орталыққа хабарлап, оған көп қаржы керектігін мәлімдеді. Наурыз айында Орталықтан нұсқаулық алып қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыратын Губерниялық ашаршылық салдарымен күресетін комиссия, Губерниялық Еңбек бөлімі, Губерниялық жер бөлімі, Губерниялық әлеуметтік қамтамасыз ету, Губерниялық комитет және Губерниялық шаруашылық бөлімдері құрамынан ерекше комиссия құрылды. Бұндай комиссиялар калаларда уездерде де құрылды. Жаңадан құрылған комиссиалар жоспарын құрғанымен қаржының жеткіліксіздігінен жұмысын тез бастап кете алмады⁵⁴⁸. 1922 жылдың қыркүйек айынан бастап, аштыққа ұшырағын губерниялар, Одақтас автономиялы республикалардағы өкілетті органдардың және Мәскеудің берген мандаттары негізінде Ақмола губерниясынан немесе Сібір губернияларынан жылқы сатып алушылар темір жол арқылы еш кедергісіз тасымалдауға көмек сұрап жатты. Бұл сатылып алынған жылқылар аштыққа ұшыраған шаруашылықты қалпына келтіруге қажет еді. Орталықтың рұқсатымен темір жол арқылы вагондарға жылқыларды тиеп жеңілдікпен тасымалдау көзделді. Темір жол бекеттеріне айдалып әкелінген жылқылар мен арнайы жеткізуші уәкілдер кезектерін айлап күтті. Аштық салдарымен күрес комиссиясының көрсетілген мекен-жайға жіберілетін сатып алынған жылқыларды тиейтін вагонға куәлік алған өкілетті уәкілге теміржол бекетінің бастығынан сұранысы арқылы жүзеге асырды. Сонымен қатар жеке және аштық салдарымен күрес комиссиясының жүгі де осылай тасымалданды. Барлық берілген құжаттар Тауар конторына тіркеліп кезекпен жүзеге асырылды. Бірақ бұл белгіленген губерниялық ашаршылық салдарымен күрес комиссиясының бекітілген тәртібіне қарамай әртүрлі келіспеушіліктер туындағанда оларды жергілікті саяси орган шешіп отырды. Міне мұндай құжаттарды Ақмола губерниялық ашаршылық салдарымен күрес комиссиясы 1923 жылдың 20 ақпанында берді. Жалпы 5 326 жылқы Ақмола және Петропавлдан жөнелтілді⁵⁴⁹.

Ақмола губерниясында аштық жылдары 1921 жылдың 2 тамызынан 1923 жылдың 1 тамыз аралығында жұмыс істеген комиссияларды төмендегі кестеден көреміз.

⁵⁴⁷Қазақстандағы ашаршылық. Голод в Казахстане. 1921-1922. Сборник документов и материалов. Алматы «Алматы-Болашақ», 2021. 2 том. С. 663-664.

⁵⁴⁸Қазақстандағы ашаршылық. Голод в Казахстане. 1921-1922. Сборник документов и материалов. Алматы «Алматы-Болашақ», 2021. 2 том. С. 665.

⁵⁴⁹Қазақстандағы ашаршылық. Голод в Казахстане. 1921-1922. Сборник документов и материалов. Алматы «Алматы-Болашақ», 2021. 2 том. С. 666-667.

7 Кесте. 1921 жылдың 2 тамызынан 1923 жылдың 1 тамыз аралығындағы Ақмола губерниялық комиссия өкілдерінің саны⁵⁵⁰.

№	Аты жөні		Жыл
1	Смирнов	2 тамыз бен 1 қыркүйек	1921
2	Казбеков	1 қыркүйек пен 5 қазан	1921
3	Евдокимов	5 қазан мен 20 қазан	1921
4	Фетисов	20 қазан мен 3 қараша	1921
5	Айслямов	3 қараша мен 1 желтоқсан	1921
6	Егоров	1 желтоқсан мен 19 желтоқсан	1921
7	Воронов	19 желтоқсан мен 22 ақпан	1922
8	Шкуричев	22 ақпан мен 30 наурыз	1922
9	Данилов	30 наурыз бен 17 мамыр	1922
Осуществление политики «военного коммунизма» в Казахстане негативно отразилось на состоянии сельскохозяйственного производства. Сокращение посевных площадей и поголовья скота, падение производительности труда привели к началу 1921 г. к кризису сельского хозяйства и массовому голоду 1921-1922 гг. Негативные демографические последствия свидетельствовали о начале складывания общественных

⁵⁹³СКГА. Ф. 55. Оп. 1. Д. 28. Л. 42.

⁵⁹⁴Госархив в г. Ишиме. Ф. 18. Оп. 4. Д. 10. Л. 42.

отношений в государстве «нового типа», в котором цели оправдывают средства и достигаются любой ценой.

По масштабам голод начала 1920-х гг. в Казахстане стал народным бедствием и по характеру – гуманитарной катастрофой.

В целом, голод начала 1920-х гг. усугубил всеобщий кризис в Казахстане, который проявился в экономической, политической, социальной и духовной жизни общества.

4.3 1921-1922 жж. Қазақстандағы ашаршылықтың демографиялық салдарлары

А.И. Құдайбергенова

Қазақ АКСР-нде ХХ ғасырды 20 жылдарының басында республика аумағын толықтай қамтыған деуге болатын ашаршылық орын алды. Кеңестік биліктің салтанат құру кезіндегі еліміздегі апат табиғи құбылыстардың ғана емес, ең алдымен жаңа билікке келген Кеңестік өкіметтің саяси-экономикалық саясатының нәтижесі болды.

Жалпы алғанда, Кеңес билігінің алғашқы онжылдықтарында Қазақстан алапат үш ашаршылықты басынан кешірді: біріншісі – 1917-1918 жж. Түркістандағы ашаршылық, екіншісі – 1921-1922 жж. Қазақстан АКСР-інде орын алған ашаршылық. Бұл ашаршылықтардың себептерінде ерекшеліктер болғанымен, екі автономия аумақтарында орын алғанымен, алапат ашаршылықтардан халықтың бас көтере алмауына байланысты оның тұтас қазақ халқына тигізген салдарлары демографиялық апатқа әкелді.

1920 жылдардың басындағы ашаршылықтың салдары тек ішінара жойылып, ал азаматтық соғыс жылдарындағы әкімшілік қысымнан айығып үлгермеген республиканың шаруа қожалығы 1930 жылдары большевиктер партиясы жүргізген ауыл шаруашылығына қатысты саясаттың өсу қарқынына мүлдем дайын болмады. Нәтижесінде 1929-1933 жж. үшінші алапат ашаршылық орын алды.

Орта Азия мен Қазақстан Республикаларының аумағын межелеу деп аталатын 1924 ж. тарихи оқиғаға дейін қазақ жерлері: оңтүстік бөлігі Түркістан республикасының құрамында, ал шығыс, солтүстік және батыс бөлігі Қазақ АКСР ретінде Ресей федерациясының құрамында болғанын бәріміз білеміз.

Ресми түрде 1918 жылы құрылған Түркістан республикасында 1917-1918 жж. орын алған ашаршылық халықтың өлімінің жоғары көлеміне, қайғылы салдарларға әкеп соқтырды. Көп ұзамай, 1921-1922 жылдары Қазақ АКСР (1920 жылы құрылған) аумағын қамтыған ашаршылық та елдегі демографиялық ахуалды апаттық күйге түсірді.

ХХ ғасырдың 20-жылдарында республиканың жекелеген өңірлерінде

тоқтамаған ашаршылық 1931-1933 жылдары жаппай сипатқа ие болып, бүкіл Қазақстанды қамтыды. Сондай-ақ, Кеңес Одағының басқа да республикаларын қамтыған бұл жылдарғы ашаршылық ерекше ауқымды болып, салдарлары қазақ ұлтының тағдырына тигізген әсері қайғылы болды. Қазақстан үш ашаршылықтың нәтижесінде төрт миллионнан астам адамынан айрылды.

1917-1918 жылдары Қазақстанның оңтүстік бөлігінде, 1921-1922 жж. солтүстігі, батысы мен шығысында орын алған ашаршылықтардың себептеріне Қазан төңкерісінен кейінгі азаматтық соғыс, экономиканың күйреуі: егіннің шықпауы және жұтты да жатқызуға болады. Сонымен қатар, бұл жерде оның тағы бір саяси себебінің болғанын атап кетсек. Оған Ресейдің құрамында болған түркі тілдес халықтар жерінде «автономия» мен «тәуелсіздік» және «түркі бірлігі» туралы идеялардың болуы және оны жүзеге асыра бастауының кеңестік билікке қауіп төндіруінен қорыққандық деп те айтуға болады. Ашаршылыққа ұшырағандарға сырттан келген (мысалы – АРА) көмектің негізінен түркі тілдес халық тығыз орналасқан, ауылдық жерлерге берілмеуінің бір себебін осылайша түсіндіруге болады. Саяси белсенділік таныту негізінде екі бірдей: Алашорда, Түркістан Мұқтариятының Ресей федеративті республикасының автономиялары түрінде құрылғанының өзі Алаш партиясының бағдарламасында жазылғандай, «Федерация мағынасы – құрдас мемлекеттердің бірлесуі. Олардың іргесі бөлек, әрқайсысы өз тізгінін өзі алып жүреді» деген қағидатты мәселесімен ұнамады. Екі автономия да жойылды. Қиын-қыстау кезде ауыртпалықты жеңіп шыға алар озық ойлы ел басшылары қудаланды. Жергілікті биліктің тізгінін ұстайтын басшылыққа араларында «ұлы орыстық шовинизм» уымен уланғандары бар, революционер атын жамылған бұзақылары, тіпті қылмыскерлері де бар төңкерісшіл күштер келді. Бұлардың барлығы 1921-1922 жылдардағы Қазақстанның батыс, солтүстік және шығыс өңірлерін қамтып, елді үлкен алапатқа әкелген ашаршылыққа қарсы күресте биліктің сүлесоктық пен немқұрайлылық көрсеткенін түсіндіреді.

Мәселені рет-ретімен түсіндірейік. Алдымен, 1917-1918 жж. ашаршылық жайлы мәліметтерге тоқталсақ:

1917-1920 жж. статистикалық мәліметтерге сүйенген В.А. Семенюта 1 халық саны миллионнан аса адамға кеміді десе, М. Шоқай Түркістанда 1114,0 мың адам аштықтан қырылды дейді, төтенше комиссар П.А. Кобозев аштық кезінде Түркістан халқының 25%-ы, шамамен 1900,0 мың адамдай қырылды деп көрсетеді⁵⁹⁵.

Бұл кездегі республика халқының сандық динамикасын 1917 жылғы екінші Бүкілресейлік ауыл шаруашылығы және жер санағын және 1920 жылғы бірінші кеңестік санақты (халық, ауыл шаруашылығы және өнеркәсіп) салыстырмалы талдау кезінде байқауға болады.

⁵⁹⁵Қоңыратбаев О. Тұрар Рысқұлов: қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі. Түркістан кезеңі. Алматы: Қазақстан, 1994. 444 б. – 45, 69 бб.

1917 жылы, Қазан төңкерісі қарсаңында армияны азық-түлікпен қамтамасыз етуді ұйымдастыру, сондай-ақ жер мөлшерлерін есепке алу мақсатында 57 губерния мен облыстар бойынша өткізілген Екінші Бүкілресейлік ауылшаруашылық және жер санағы Қазақстанның жекелеген аймақтарындағы байырғы тұрғындар туралы үзік статистикалық мәліметтер береді. Мәселен, қазақтар Қазақстан аумағындағы екі әкімшілік бірлікте: Ішкі Орда (84,3%) және Маңғышлақ (82,7%) уездерінде басым көпшілікті құрады. Сондай-ақ, қазақтардың жоғары үлес салмағы салыстырмалы түрде алғанда Семей облысында да байқалды: халықтың 2/3-нен астамы (67,3%). Үш облыста: Сырдария (59,7%), Торғай (58,2%) және Орал (52,5%) облыстарында олар тұрғындардың жартысынан көбісі деп есептелсе, Ақмола мен Жетісу облыстарында қазақтар тұрғындардың жартысына жетпеді: тиісінше 40,5% және 42,4% болды. Қазақтар ең аз үлесті Ақмола облысының Петропавл (25%) және Көкшетау уездерінде (24,1%), сондай-ақ бүкіл халықтың үштен бірінен (35,3%) сәл астамы болған Қостанай уезінде көрсетті⁵⁹⁶.

Түркістан республикасында болған ашаршылықтың салдарын Қазақ АКСР-не толығымен кірген уездер халқының 1917 ж. ауылшаруашылық санағы мен 1920 ж. халық санағы бойынша мәліметтерін салыстыра отырып байқауға болады.

Айта кету керек, 1917 ж. ауыл шаруашылығы санағы тамыз айында басталып, кей жерлерде 1918 ж. қаңтарына дейін созылды⁵⁹⁷. 1917 ж. ауыл шаруашылығы санағы Түркістан жерін толығымен қамтығанымен, Қазақстанның басқа барлық жерлерінде жүргізіле алмады. Сонымен бірге мұнда халық саны, кәсібі, мамандықтарына байланысты құрамы жайлы мәліметтер болғандықтан, оның материалдарын қажеттілігіне қарай қолдануға болады.

Келесі, бірақ, кеңестік кезеңнің алғашқы халық санағы 1920 ж. жүргізілді. Азамат соғысы аяқталмағандықтан, Қазақстанның бірқатар жері бұл санаққа ілінбей қалды. Санақ кеңестік билік орнаған аумақтың 72%-ын ғана қамтыды. 1920 ж. 28 тамызда өткізілген санақ әскери коммунизмі мен большевиктік террор жағдайында жүрді. 1920 ж. бір мезгілде ауыл шаруашылық санағы да жүрді. Алайда, санаққа ілінген аймақтарға қатысты салыстыру жұмысын жүргізуге болады.

Сонымен, екі санақ аралығындағы өзгерістерге келсек, Түркістан Республикасындағы ашаршылық жылдарын қамтыған мерзім арасында қазақтар үштен бірінен айрылған – 34,1%-ға кеміді. Қазағы көп кеміген Әулиеата (43,8%-ға) және Лепсі (42,1%-ға) уездері халқының жартысына жуығынан айрылды^{598, 599}.

⁵⁹⁶Материалы по земельному вопросу в Азиатской России. Степной край. Петроград: Екатеринбургская тип. И.Ф. Вайсберга, 1917. 135 с. С. 32-33.

⁵⁹⁷Ресей мемлекеттік экономика архиві (РМЭА). 1562-к., 2-т., 336-іс. 32-п.

⁵⁹⁸Зарубин И.И. Список народностей Туркестанского края. – Ленинград, 1925. – 23 с., С. 11; Статистический ежегодник. 1917-1923 гг. Ташкент: Издание ТЭС-а, 1924. 115 с.

⁵⁹⁹Материалы Всероссийских переписей 1920 года. Перепись населения в Туркестанской Республике. Ч. 1. Поселенные итоги. Вып. 3. Поселенные итоги Сыр-Дарьинской области. Ташкент: Изд. ЦСУ Туркеспублики, 1923. 69 с. (Таблица 142)

Кесте 1 – Түркістан Республикасы құрамында болған, кейіннен ұлттық-мемлекеттік межелеу нәтижесінде Қазақстанның құрамына кірген жерлердегі қазақтар динамикасы (1917-1920 жж.)^{600, 601.}

Уездер	1917 ж.	1920 ж.	1917-1920 жж. өсім	
			абс.	%%
Алматы	160529	128313	-32216	- 20,1
Лепсі	129876	74789	-55087	-42,1
Талдықорған	167478	123584	-43894	-26,2
Жаркент	46592	52804	6212	+13,3
Әулиеата	195899	110013	-85886	- 43,8
Шымкент	277598	124951	-152647	- 39,0
Түркістан	-	44214	44214	
Перовск	151458	92740	-58718	- 38,8
Қазалы	122644	73436	-49208	-40,1
Барлығы	1252074	824844	-427230	-34,1

1-кестеден 1917-1920 жылдары аралығында Түркістан республикасының кейінірек Қазақ АКСР құрамына енген уездеріндегі қазақтардың үштен бірге (34,1%-ын) немесе 427 230 адамға кемігенін көреміз^{602.}

Аштыққа ұшыраған көшпенді халық арасында өлім ересектер арасында 30 %-ды қамтыса, ал, кейбір аудандарда 75 %-ы қырылған^{603 604.}

1918 ж. көктемі мен жазында Ресейден Қазақстанға тамақ іздеген босқындар көптеп келіп, жұмыссыздардың қатарын одан ары толтырса, өз кезегінде аштыққа ұрынған Түркістан өңірі халқы босып, Орынбор-Ташкент темір жол бойын жағалай солтүсікке жаяулатып, ағылып жатты. Орынбор, Қостанай және Ақтөбе қалалары босқындарға толып кетті.

1923 ж. 15 наурызында қалалар мен қалалық елді мекендерде халық санағы және бір мезгілде өнеркәсіп орындары мен сауда кәсіпорындарының санағы жүрді. Халықтың саны жасына, жынысына қарай есептеліп, кәсібі мен жеке шаруашылығы саналды. Санақ жаңа экономикалық саясаттың жүргізілуіне орай өткізілді. Салғырттың орнына салық алуға байланысты ірі және кіші мемлекеттік кәсіпорындар және жеке коммерциялық мекемелердің мемлекетке төлер салығын реттеу үшін де қажет болды. КСРО-ның құрылуы, кеңес өкіметінің бекуі, жаңа экономикалық саясат жылдарында өткізілген бұл санаққа Қазақстанның қалалары толық қамтылды деуге болмайды.

⁶⁰⁰Зарубин И.И. Список народностей Туркестанского края. Л.: Изд-во Рос. акад. наук, 1925. 24 с.

⁶⁰¹Материалы Всероссийских переписей 1920 года. Перепись населения в Туркестанской Республике. Ч. 1. Поселенные итоги. Вып. 3. Поселенные итоги Сыр-Дарьинской области. Ташкент: Изд. ЦСУ Туркеспублики, 1923. 69 с. (Таблица 142).

⁶⁰²Статистический ежегодник. 1917-1923 гг. Ташкент: Издание ТЭС-а, 1924. 115 с.

⁶⁰³Статистический ежегодник. 1917-1923 гг. Ташкент: Издание ТЭС-а, 1924. 115 с.

⁶⁰⁴ҚРОМА. 5 к. 5 т. 101 т. 31-33 пп.

Бұл кезеңде статистикалық жұмыс анағұрлым жолға қойылған болатын. Санақ материалдарын өңдеу мәселесімен білікті адамдар айналысты. Санақ материалдары халықтың саны, қалалардағы орналасуы, айналысатын кәсібі бойынша мәліметтер берді. Бірақ, кейбір аудандар санаққа енбей қалды. Мысалы, Орал облысындағы Форт Урицкий және Орынбор губерниясының құрамында болған Торғай қалалары мәліметтері көлік жолының қолайсыздығынан 1923 ж. санаққа енбей қалды⁶⁰⁵.

Соған қарамастан елдегі өзгерістерді анықтауда осы санақтар материалдарын пайдаланамыз. Мысалы, Түркістан Республикасындағы азамат соғысы мен 1917-1918 жж. ашаршылықтың халық құрамына тигізген әсерін анықтау үшін 1897 ж. І Бүкілресейлік жалпы халық санағы, 1917 ж. Түркістанда жүргізілген ауыл шаруашылық санағы мен 1920 ж. Ресейдің 58 губерниясын қамтыған халық санағы мәліметтерін салыстырайық.

Жалпы алғанда 1897-1920 жж. Түркістан Республикасы құрамындағы қазақ жерлерін мекендеген халық 13,4%-ға немесе 199,3 мың адамға кеміген (1897 ж. 1493,8 мың адам, 1920 ж. 1294,5 мың адам есептелінген). Соның ішінде ер адамдар саны 22,6%-ға, әйелдер 9%-ға, ауыл халқы 17,3%-ға кеміген. Жетісу облысында 1897 ж. 658,5 мың адам есептелінсе, 1920 ж. 7,1%-ға кеміген. Қала халқы облыста 31,5%-ға өскенімен, ауыл халқы 9,8%-ға кеміген. Сырдария облысы аумағы бойынша айтсақ, 1897-1920 жж. халық саны 29,3%-ға, соның ішінде ер адамдар 32,5%-ға, әйелдер 13%-ға кеміген.

Енді автономия ретінде РКФСР-дің құрамында болған, қазіргі Қазақстан аумағының батыс, солтүстік және шығыс бөліктері кірген, 1921-1923 жж. ашаршылық орын алған Қазақ АКСР-іне келейік.

*1920 жылғы статистикалық деректер бойынша бүкіл республиканың халқы 4.464.138 адамды құрады /Адай және Маңғышлақ уездерінсіз/. Халықтың жалпы санының 66%-ы көшпелі және 34%-ы отырықшы деп есептелінді. Сол есеп бойынша қала халқының үлесі 6,7% және ауыл халқының үлесі 93,3% болды*⁶⁰⁶.

XX ғ. 20-жылдардың басында қазақ халқының өмір сүруінің негізгі әдістері мен малшаруашылығы өнімдеріне, көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылыққа негізделген өмір салтына тәуелді болды.

1920 жылғы Бүкілресейлік демографиялық-кәсіптік санақ материалдары бойынша Қазақстандағы ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіптік мекемелердің есебінің жай-күйін талдау аймақтағы әлеуметтік-экономикалық дағдарысты көрсетті. Азаматтық соғыс жылдарындағы азық-түлік салғырты Қазақстанның ауыл шаруашылығының дамуына кері әсерін тигізді. Сонымен қатар, 1920 жыл егін бітік шықпады әрі аймақтың жекелеген

⁶⁰⁵Статистико-экономический обзор Киргизской Советской Социалистической Республики. Оренбург: Типография №1, 1923. 234 с.; Классовый и профессиональный состав городского населения ТССР в 1923 г. Приложение к статистическому ежегоднику. Ташкент: Издание Туркестанского экономического совета, 1924. 142 с.

⁶⁰⁶Ресей Федерациясы мемлекеттік архиві (РФМА). 1064-к. 4-тіз. 45-іс. 4 л.

аумақтарын жұт басып алды. Бұл жаппай апат кейбір жерлерде молдан 95%-ға дейін азаюына әкелді.

Мал басының күрт азаюымен көшпелі шаруашылықтар мен шаруа қоныс аударушыларының едәуір бөлігі салық төлей алмады. Келесі, 1921 жылы құрғақшылық шөптерді жойды, мал азығы болмады. Күзде жаппай мал қырыла бастады, ал қыста тіпті күшейе түсті. Ал, мал басының күрт азаюы Қазақстанның байырғы көшпелі және жартылай көшпелі халқын күнкөрістен айырды, нәтижесінде 1921-1922 жж. ашаршылыққа алып келді, әсіресе Қазақ АКСР-де ашаршылық ерекше апатты жағдайға жетті.

1917 жылмен салыстырғанда 1922 жылы ҚазАКСР-да (Орынбор губерниясынсыз) ірі қара малдың саны 2,4 млн-ға, жылқы 2 млн-ға, ұсақ мал (қой мен ешкі) 8,2 млн-ға, түйе 0,3 млн. басқа азайды. Жалпы, барлық мал түрлерінің саны осы жылдар ішінде 12,9 млн. басқа немесе 64,7%-ға кеміді⁶⁰⁷. Мысалы, 1920 жылы Атбасар уезінде 10,5% шаруашылықтың мүлде малы жоқ немесе тек 1 бас (ірі қара малға есептегенде) малы бар деп есептелінді; сондай-ақ, 20,2% шаруашылықтың – 2-2 бастан; 11,9% - 3-3 бастан ғана малы болды. Қарқаралы уезінде көшпелі шаруашылықтардың 24%-дан астамында малы жоқ немесе бар болғаны 10 бастан аз мөлшерде қой болған, ал көшпелі шаруашылық жағдайында мал тіршіліктің негізгі көзі болғаны және халықтың көпшілігінің егін екпегені белгілі.

Экономистердің бағалауы бойынша, орташа көшпелі шаруашылықта олардың өмір сүруін қамтамасыз ету үшін шамамен 100-150 бас мал (қой сияқты ұсақ малды да есептегенде) болуы керек еді⁶⁰⁸. Алайда, Қазақ АКСР өкілінің Еңбек және қорғаныс кеңесіне жазған баяндама хатында «Жүздеген шақырым жол жүргенімен, бірде-бір тірі жан кездеспеді. Халықтың тұрмыстық өмірінде жылқы сирек жануарға айналды» деген жазбасы сол кездегі қазақ даласындағы шындықтан хабардар етеді⁶⁰⁹. Бұл көшпелі мал шаруашылығы негізгі күнкөріс көзі болған халықтың мүшкіл халін, ашаршылыққа ұшырау деңгейін көрсетеді.

Сондай-ақ, жекелеген губернияларға байланысты мәліметтерге тоқталсақ, онда 1921 жылы 10 маусымдағы Қазақ ОАК Төралқасының отырысында жасалған Струппенің «Губжербөлім. Губжербөлім менгерушісі Бекмұхамедов жолдасқа: а/ Мал шаруашылығы» деген баяндамасында Бөкей губерниясының мал шаруашылығы толық құлдырағаны атап өтілді. Мысалы, мұнда 1916 ж. мал саны – 1 362 000 бас деп есептелсе, 1920 ж. Жер органдарының жүргізген мемлекеттік санағы бойынша ірілі-ұсақты мал басын есептегенде тек 450 000 бас мал қалған. Жан басына шаққанда $\frac{1}{2}$ - $\frac{3}{4}$ бастан ірі қара мал болып шығады. Малдың мұндай жаппай қырылуы әскери жағдайлар мен мал өнімдерін дайындау кезіндегі жыртқыштық қатынасқа байланысты⁶¹⁰.

⁶⁰⁷Сборник статистических сведений о движении населения, скота и урожая с 1880 по 1922 г. Оренбург: 5-я Гос. Тип. Оренполигр., 1925. 97 с. – С. 22, 23, 44, 45.

⁶⁰⁸Дахшлейгер Г.Ф. Историография Советского Казахстана (очерк). Алма-Ата: Изд-во «Наука» Казахской ССР, 1969. 192 с. С. 94-95.

⁶⁰⁹РФМА. 1318-к. 1-тіз. 193-іс. 33-п.

⁶¹⁰Сборник статистических сведений о движении населения, скота и урожая с 1880 по 1922 г. Оренбург: 5-я Гос. Тип. Оренполигр., 1925. 97 с. С. 38.

Сондай-ақ, егіс көлемі 1916 жылғы 72,2 миллион десятинадан 1920 жылы 60,5 миллион десятинаға дейін төмендеді, ал өнімділік 1914 жылмен салыстырғанда қара топырақты жерлерде орташа есеппен 52 десятинадан 1919 жылы 42 десятинаға дейін төмендеді⁶¹¹.

Нәтижесінде бұл жағдай өмір сүру салты көшпелі мал шарушалығымен байланысты қазақ халқын жаппай ашаршылыққа душар етті.

1921-1922 жж. ашаршылық Қазақстанның Орынбор, Ақтөбе, Орал, Қостанай, Бөкей губерниялары мен Адай уезін қамтыды. Мысалы, Ақтөбе губерниясының кейбір аудандары бойынша аштыққа ұшырағандар саны халықтың 80%-на жетті. Тамақтанбау нәтижесінде 1921 жылдың аяғында түрлі індеттер тарады⁶¹².

Сонымен бірге, аталған өңірлерден бөлек, Ақмола мен Семей губернияларының бірқатар аудандары мен Түркістан Республикасында да ашаршылықтың орын алғанын архив құжаттары көрсетеді.

Ашаршылық және онымен байланысты аурулардан туындайтын өлім-жітім, сондай-ақ апат аймақтарынан халықтың жаппай мәжбүрлі көші-қоны (босқыншылық) халық санының күрт төмендеуіне әкелді. Егер 1914 жылы Қазақстан аумағында 4 811 662 адам өмір сүрсе, содан кейін 1922 жылдың басында халық саны 3 795 963 адамды құрады⁶¹³.

Жекелеген губернияларға кезек берсек, жағдай мынадай болып көрінді: Қостанай губерниясының жағдайы туралы есеп бойынша аштық жылынан кейін (құжат мерзімі көрсетілмеген – А.Қ.) губерния, Торғай уезін есептемегенде, ашаршылық салдарынан өз халқының 45.603 адамынан айрылды, 1923 ж. 1 тамызына қарай 331.534 адам есептелінді, оның ішінде қазақтар 123.690 адам және орыстар 207 354 адам болды⁶¹⁴.

Орал губерниясы бойынша деректері де 2 жыл ішінде халықтың күрт төмендегенін көрсетеді: егер 1920 жылы губернияның халқы 500.000 адамға тең болса, ал 1922 жылы 361.500 адам қалған. Губпоследголдың мәліметтері бойынша азайғандардың ішінен 47.273 адам аштық негізінде әртүрлі себептермен қайтыс болды, қалғандары эвакуацияланды немесе жай қашып кетті, бұл олардың аштықтан өлмеуіне кепілдік бермеді.

Губернияда 1922 жылы қарашада 97.691 адам, желтоқсанда 112.299 адам, қаңтарда 132.767 адам ашаршылыққа ұшырады. Осылайша, біз аштықтың өсуі біртіндеп артқанын көреміз. Губпоследгол мәліметтері бойынша азық түлікке аса мұқтаж халықтың қажеттілігі барлық жергілікті мүмкіндіктерден алынғанымен қанағаттандырылғаны 10%-дан аспайды екен⁶¹⁵.

Онсыз да аштыққа ұшыраған халықтың жағдайын басқа губерниялардан босқындардың келуі одан ары қиындатты. Мысалы, Ақмола губерниялық

⁶¹¹РМЭА. 478-к. тіз. 451-іс. 124-п.

⁶¹²ҚРОМА. Р 320 к. 1 т. 45 іс. 98 п.

⁶¹³История Казахстана. Очерк. Алматы, 1993. 265 б. С. 229.

⁶¹⁴РФМА. 3-к. 35-іс. 1-п.

⁶¹⁵РФМА. 1065-к. 2-тіз. 113-іс. 35-п.

аштыққа қарсы көмек кеңесінің баяндамасында ашаршылықтың бір себебі 1921 жылы да, 1922 жылы да, губернияны басып қалған Еділ бойындағы ашыққан босқындардың үлкен ағынынан да туындағандығы айтылған. Сондай-ақ, құжатта көмек ала алмай, өлімге душар болған, көмекке өте мұқтаж 30.000-ға жуық тіркелген адамдардың саны аталған⁶¹⁶. Азық түлік көмегін бөлгеннен кейін жағдай сәл жақсарды. Бірақ одан әрі атап өткендей, 1922 ж. қаңтарынан бастап азық-түлік жинау бойынша белгілі бір жұмыс атқарылып, 174026 адам есепке алу керек аштықтағылардың саны келтірілген, оның ішінде 25000 босқын, 149026 жергілікті халықтың міндетті көмегіне мұқтаж қолдауды қажет етеді. Барлық уақытта (2022 ж. ақпан-қыркүйек – авт.) ашыққандар асхана арқылы тамақтандырылды және 7025 адамға азық-түлік берілді⁶¹⁷. 1 тамыз – 27 қыркүйек аралығында күшейтілген жұмыс нәтижесінде 11 мыңға жуық адам жіберілді.

Айта кету керек, ашаршылықтың көлемін есепке алу жұмыстары да жүргізіліп отырды. Мысалы, 1922 жылғы 15 қазандағы №1 нұсқамамен КОАК ОК последгол жанынан құрылған барлық губкомоследголдарды сауалнамаларды толтыруға және аштыққа ұшырағандар туралы қысқаша мәлімет беруге міндеттейді. Ақмолгубкомпоследгол сауалнамасына сәйкес, 1921 жылы губерния бойынша екі уездің зардап шеккенін анықталды: Петропавл және Көкшетау және Атбасар уезінің екі ауданы: Богуначинский және Оргинский. Панасыз балалар – 2963 адам, камтамасыз етілмеген мүгедектер саны – 1000 адам және жұмыссыздар – 300 жан саналды⁶¹⁸. 1921 ж. бір ғана Ақмола уезінде 74 мың аштыққа ұшыраған адам тіркелді.

1922 ж. жылдың ақпан айында Ақмола губерниясы бойынша 472000 адамның ашаршылыққа ұшырағаны тіркелді. Сондай-ақ, 1 мамырда 440397 жан, 1 қыркүйекте 162446 адам аштыққа ұшырағандар есебінде тұрды⁶¹⁹. 1922 жылдың 1 қарашасында аштыққа ұшырағандар (жергілікті және босқындарды қоса есептегенде) саны 440397 адам деп жазылды⁶²⁰. Бұл аштықтан аман деп есептелінген Ақмола губерниясы бойынша мәлімет.

1921-1922 жж. ашыққан адамдардың нақты санын анықтау қиын, себебі қолда бар құжаттарда сандық мәліметтер бірдей емес. Дегенмен, барлық құжаттарда берілетін сандар мөлшері бір-біріне өте жақын. Сондықтан шамамен көрсетуге болады.

Мысалы, 1921 жылы 15 шілдеде ұйымдастырылған Ашыққандарға көмек Қырғыз (Қазақ) ОК есептеуі бойынша республиканың барлық тұрғындары 4.757.552 адамнан (оның ішінде ересектер 2.522.997 адам, балалар 1.994.655 адам (бұл жерде Адай уезі қосылмаған). Онда ересектер мен балаларға бөлмеген есеп бойынша 240.000 адам бар) жалпы саны 2.653.300 адам болатын 5 губерния мен 1 уезд аштыққа ұшырады. Аштыққа

⁶¹⁶ҚРОМА. 1215 к. 1 т. 19 іс., 6 п.

⁶¹⁷ҚРОМА. 1215 к. 1 т. 19 іс. 6-кп.

⁶¹⁸ҚРОМА. 1215 к. 1 т. 19 іс. 9-п.

⁶¹⁹ҚРОМА. 1215 к. 1 т. 19 іс. 9 кп.

⁶²⁰ҚРОМА. 1215 к. 1 т. 19 іс. 53-п.

ұшырағандардың санын айларға шаққанда былай есептелінді: 1922 жылдың 1 қаңтарында 1.600.452 адам; 1922 жылдың 1 сәуірінде – барлығы 1.761.470; 1922 жылдың 1 шілдесінде барлығы 2.065.394 адам ашаршылыққа ұшырады. Сонымен қатар, Ақмола губерниясының 3 уезі көмекке мұқтаж болды⁶²¹.

Сондай-ақ, 1921-ж. желтоқсан – 1922-ж. маусым айлары аралығындағы ай сайынғы аштыққа ұшырағандар саны туралы мәлімет ашыққан адамдар санының динамикасын көрсетеді. Ол есеп 1922 ж. ашыққан халық санының әрдайым өскенін көрсетеді⁶²².

2-кесте-1921-ж. желтоқсан-1922-ж. маусым айлары аралығындағы ашыққан адамдар саны⁶²³.

Губерния	Желтоқсан	Қаңтар	Ақпан	Наурыз	Сәуір	Мамыр	Маусым
1	2	3	4	5	6	7	8
Орынбор	444 786	351 166	437 776	577 366	526 401	506 259	498 051
Орал	400 900	328 816	277 835	70 000	378 816	292 098	292 098
Қостанай	192 340	237 494	283 449	336 725	359 350	354 350	333 105
Ақтөбе	359 325	361 051	359 326	252 714	361 049	234 580	300 000
Бөкей	100 000	100 000	100 000	77 059	66 265	66 265	66 250
Елекауданы	-	-	-	-	86 720	91 855	15 000
Адай уезі	75 000	75 000	75 000	-	-	-	-
Торғай уезі	-	-	-	-	60 000	75 000	75 000
Барлығы	1 572 351	1453527	1533386	1613864	1838601	1620407	1579 504

3 кестеде Бөкей губерниясы халқының қаңтар-наурыз мәліметтері біркелкі сандармен берілген. Бұл нақты мәліметтің болмағандығынан хабардар етеді. Мүмкін Аштарға көмек Қырғыз (Қазақ) ОК-не дер кезінде мәлімет жеткізілмеген болар. Оны облыстық архивтен табылған құжат арқылы толықтырар болсақ, онда Бөкей губерниясындағы аштықтың көлемі анағұрлым анығырақ болады. Ол бойынша, Бөкей губерниясында 1922 жылдың 1 наурызындағы ашыққан адамдардың жалпы саны **326831** адам деп көрсетілген⁶²⁴.

⁶²¹ҚР ОМА. Р-320 қ. 1 т. 29 іс. п. 9.

⁶²²РФМА. 3 қ. 1 т. 35 іс. 70 п.

⁶²³РФМА. 3 қ. 1 т. 35 іс. 70 п.

⁶²⁴Батыс Қазақстан облысының Орталық мемлекеттік архиві, 313 к.1 т., 1 іс.11 п.

3-кесте. Ашаршылыққа ұшырады деп жарияланған Бөкей губерниясындағы тұрғындар туралы мәліметтер⁶²⁵.

Губерния атауы	17 жасқа дейінгі балалар		18 бен 65 жас аралығындағы жұмысқа қабілетті ересектер адамдар		80 жастан асқан егде адамдар		Олардың қатарында көмекке зәру ересектер	
	Ұлдар	Қыздар	Ер адам	Әйелдер	Ер адам	Әйелдер	Ер адам	Әйелдер
Бөкей губерниясы	84598	88402	76139	75960	1011	720	31189	36811
Барлығы	173000		152099		1731		68000	
Жалпы	326831							

3 кестедегі мәліметтер келесі құжатта берілетін облыстар бойынша адам шығыны туралы мәліметтерге шамамен ұқсас.

Қазақ АКСР-і губерниялары бойынша 1922 ж. шілдедегі ашыққан адамдар санын жас ерекшеліктеріне байланысты көрсетілетін кестеге көз жүгіртейік:

4 кесте 1922 жылы Қазақ АКСР-де аштыққа ұшырағандар саны⁶²⁶

Атауы	Балалар	Ересектер	Барлығы
Орынбор губерниясы	234 512	263 539	498 051
Ақтөбе губерниясы	72 309	227 691	300 000
Қостанай губерниясы	95 930	237 116	333 106
Ақмола губерниясы	210 000	230 000	440 000
Орал губерниясы	165 559	126 539	292 098
Семей губерниясы	6 110	8 396	14 505

Бұл мәліметке Бөкей губерниясындағы тұрғындар туралы наурыз айына қатысты мәліметтерді қоссақ (326831 адам)⁶²⁷, сонда 2022 ж. көктем-жазында Қазақ АКСР бойынша ашыққандар саны 2204591 адам болып шығады.

⁶²⁵«XX ғ. 20-шы жылдардың басындағы Қазақстан мен оған іргелес аумақтардағы ашаршылықты зерттеу мәселелері: себептері, көлемі және тарихи салдары»: халықаралық ғылыми-тәжірбиелік конференцияның материалдар жинағы = «Проблемы исследования голода начала 20-х гг. XX века в Казахстане и сопредельных территориях: причины, масштаб и исторические последствия»: Сборник материалов международной научно-практической конференции. / Құраст. М.М. Қозыбаева, Р.Ж. Байдалы, А.А. Бекенова. Алматы: Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, 2023. 224 б. (110-116). Қаз., рус.

⁶²⁶ҚР ОМА. Ф-Р. 320-қ.1-тіз. 36-іс. 62-п.

⁶²⁷Батыс Қазақстан облысының Орталық мемлекеттік архиві, 313-қор, 1-тізбе, 1-іс.

1920-1921 жылдардағы Қазақ АКСР халқының динамикасын салыстырсақ (3 кесте), онда 1920-1922 жж. республика халқы Орынбор губерниясынсыз есептегенде 610 358 адамға, ал 1920-1921 жылдардағы тіпті 919 839 адамға азайғанын көреміз. Егер Қазақ АКСР Орынбор губерниясымен қоса есептесек, онда 1920-1921 жж. 1013279 адамға кеміген екен⁶²⁸.

5 кесте 1916–1922 жж. Қазақ АКСР халық санының динамикасы⁶²⁹.

Жылдар	1916	1917	1920	1921	1922	1920-1922 (+/-)
Қазақ АКСР Орынбор губерниясымен	4712181	4611926	4610278	3596999	3795963	-814315
Оренбор губерниясы	1038171	940058	770044	676604	566054	- 203 990
Қазақ АКСР Орынбор губерниясынсыз	3674010	3671868	3840234	2920395	3229876	- 610 358

Сонымен, 5 кестедегі көрсеткіштер 1920-1922 жылдары халық санының 610 358 адамға күрт төмендегенін көрсетеді, бірақ бұл жерде Қазақстанның 4 губерниясы бойынша ғана мәліметтің есептелгенін ескеру керек. Соның ішінде: Орал губерниясы (Торғай, Қостанай, Орал, Лбищен, Гурьев уездері), Ақтөбе губерниясы (Ақтөбе, Ырғыз, Темір уездері), Ақмола губерниясы (Атбасар, Ақмола, Петропавл, Көкшетау уездері), Семей губерниясы (Семей, Өскемен, Зайсан, Қарқаралы, Павлодар уездері) мәліметтері бар. Көріп отырғанымыздай, бұл тізімде Бөкей губерниясы мен Адай уездері жоқ.

Айта кету керек, әр түрлі архивтық құжаттарда халық саны мен аштыққа ұшырағандар саны әр түрлі көрсетілген. Бірақ соған қарамастан, бұл сандар 1921-1922 жылдардағы аштықтың көлемі туралы жалпы мәлімет бере алады.

Мысалы, 1922 жылғы 9 қарашадағы дерек бойынша Қырғыз (Қазақ) АКСР-да ашаршылыққа дейін 5½ миллион адам болса, енді 4. 956 адам есептелінген, оның 45% отырықшы халық және 55%-ы көшпелі халық қалғанын көрсетеді. 1922 жылы құрғақшылыққа байланысты егіннің шықпауынан Бөкей (400000 адам) және Орал (350.000 адам) губерниялары халқы және 422 десятина жерге астық еккен Қостанай губерниясының Адамов және Денков аудандары қатты зардап шекті. Жұмыс малына келсек, жылқылар саны 1916 және 1920 жылдармен салыстырғанда 115.748 басқа кеміді. Бұл 1916 жыл көрсеткішімен салыстырғанда – 73%, 1920 жылдағы көрсеткіштің 58%-ы болып табылады⁶³⁰.

⁶²⁸Сборник статистических сведений о движении населения, скота и урожая с 1880 по 1922 г. Оренбург: 5-я Гос. Тип. Оренполигр., 1925. 97 с. С. 4, 5, 18, 19.

⁶²⁹Сборник статистических сведений о движении населения, скота и урожая с 1880 по 1922 г. Оренбург: 5-я Гос. Тип. Оренполигр., 1925. 97 с. С. 4, 5, 18, 19.

⁶³⁰РФМА. 1065-к. 2-тіз. 113-іс. 1-п.

1917 жылғы революция, азаматтық соғыс және соған байланысты биліктегі шиеленістер мен кеңестік азық-түлік салғыртының нәтижесі Орал губерниясы халқының да жағдайының нашарлауы мен ашаршылыққа әкелді, Орал губерниясында халық саны 1916 жылдан бастап азайды және 1921 жылы халықтың саны 26491 адамға кеміді (бұл 1916 жылғы халық саны көрсеткішінің 25,4%-ы).

1921 және 1922 жылдары ауылдан аш халықтың қалаларға мәжбүрлі түрде қоныс аударуы – босқыншылық пен Ресейден, Украинадан және басқа жерлерден келген мигранттардың қалаларға тұрақтануы қала тұрғындарының 6032 адамға өсуіне әкелді. Бұл губерния халқының 1920-1921 жылдар аралығында 15033 адамнан (1920 жылғы барлық халықтың 24,9%) айырылған кезде болды. Дәл осындай жағдай Қазақ АКСР-нің басқа губернияларының қалаларында да байқалды.

Жалпы, ҚазАКСР бойынша халықтың динамикасы келесідей болды: 1920 жылға дейін халық саны 168366 адамға өсті, 1921 жылы өткен 1920 жылмен салыстырғанда 919839 адамға күрт төмендеді, ал 1922 жылы 1921 жылмен салыстырғанда 308884 адамға ұлғайды, бірақ 1920 жылғы көрсеткішке 610955 адамға жеткен жоқ⁶³¹. Ашаршылықтың ерекше қайғылы кезеңі 1921-1922 жж. қысында болды. Осы уақытта каннибализм фактілері жиілеп кетті.

Айта кету керек, сандық деректер әрқашан бірдей бола бермейді. Мысалы, «Статистикалық мәліметтер жинағының» деректері бойынша: Ақмола және Семей облыстарында 1921 жылы барлығы 2100985 адам болған деп есептедік⁶³², ал Бас егіс комитетінің хатшысы РСФСР Халықжеркомге халықтың тұтынуы үшін қажетті өнім көлемін есептеу кезінде жіберген, 1921 жылғы егін көрсеткіштерін талдау жөніндегі қорытындысында әрбір губернияның халық санын көрсете отырып, басқа, бірақ шамамен алынған сандар беріледі: Семей (1 025521 адам), Ақмола (1.010.128 адам), Қостанай (414.300 адам), Ақтөбе (464.106 адам), Бөкей (221.791 адам), Орал (515.400 адам), Орынбор бойынша барлығы 533.970 адам, Адай уезі бойынша тұрғындар саны 240.000 адам⁶³³ деп көрсетілген. Сонымен бірге, онда былай делінген: «осылайша, Ақмола және Семей губернияларын қоспағанда, Кирреспубликаның 6 аштық жайлаған губерниясы бойынша 1.087.633 десятина егу кезінде, орташа өнімі десятинадан 3,4 пұт болғанда, 4.719.391 пұт астық жиналды, ал халқы 2.388.961 адам болғандықтан, аштық нормасы бойынша 22.105.854 пұт азық-түлік қажет болады, нан өнім тапшылығы 17.386.186 пұтпен көрсетіледі»⁶³⁴.

⁶³¹Сборник статистических сведений о движении населения, скота и урожая с 1880 по 1922 г. Оренбург: 5-я Гос. Тип. Оренполигр., 1925. 97 с. С. 22, 23, 44, 45.

⁶³²Сборник статистических сведений о движении населения, скота и урожая с 1880 по 1922 г. Оренбург: 5-я Гос. Тип. Оренполигр., 1925. 97 с. С. 16, 17.

⁶³³Ресей мемлекеттік қазіргі заман тарихы архиві (РМҚЗА). 1064 к. 1 тіз. 88 іс. 67-68, 81-пп.

⁶³⁴Ресей мемлекеттік қазіргі заман тарихы архиві (РМҚЗА). 1064 к. 1 тіз. 88 іс. 81-п.

Бұл құжатта 1922 ж. егінді егу барысында Республиканың аштыққа ұшыраған губернияларына (Қостанай, Ақтөбе, Бөкей және Адай уездері) қажетті 17.386.186 пұт астық қажеттігін, ол мөлшердің халықты және жұмыс малды 45 күнге азықтандыруға қажетті мөлшерге жетпейтінін атап өтеді. Сонымен қатар, астық өнімділігі мен жетіспеушілігі туралы ақпарат Ақмола және Семей губернияларынсыз берілген, өйткені ол губерниялардан алынатын егін Орталықтан брондалып қойылған және Орталықтың нұсқауынсыз бір пұт нан шығаруға болмайтын еді. Бұл құжатта ҚазАКСР халқының саны бойынша деректер бар, онда Орынбор губерниясынсыз 3891246 адам болғандығы, ал Орынбор губерниясымен 4425216 адам болғандығы көрінеді⁶³⁵. Жоғарыда аталған деректерге сүйене отырып, 1922 ж. Қазақ республикасында 3891246 адам өмір сүрген деп айта аламыз⁶³⁶.

Егерде 1917-1920 жж. Қазақстан халқы 6 218,3 мың адамнан 4679795 адамға дейін азайса, ал 1923 ж. 3 786 910 адамға дейін төмендеді. Яғни, 1920-1923 жж. аралығында халық саны 892 885 адамға кеміді⁶³⁷.

Осы жылдары сырттан Қазақстанға көш жалғасқанымен оның қарқыны біршама баяулады. 1922-1925 жж. мигранттардың көп бөлігі Украина мен Еділден, азы Орал, Қиыр Шығыс, Сібір, сондай-ақ Беларусь пен Орта Азиядан келді. Республикаға келгендердің 80%-дан астамы, негізінен суармалы және егіншілікпен айналысатын ауылдық жерлерде қоныстанды. Қоныс аударушылардың арасында 1916 ж. көтерілісті басу барысында Жетісу мен Шығыс Қазақстаннан кеткен, атап айтқанда Шыңжаңнан (Қытай) келген қазақтар да болды.

6 кестеде Қазақ АКСР-нің 1917-1922 жж. аралығындағы халқының сандық динамикасы келтірілді. 1925 жылы Орынбор қаласында шыққан статистикалық мәліметтер жарияланған кітап елдің 1916 ж. ұлт-азаттық көтеріліс, 1917 ж. төңкерістер, 1918-1920 жылдардағы Азамат соғысы, 1921-1922 жж. ашаршылық жылдарын қоса қамтығандағы елдің сандық мәліметінің өзгерістерінен қысқаша мәліметтер береді. 1920-1922 жж. (+/-) өсімнің мәліметтері ашаршылықтың басталу қарсаңы және өршіген тұстарындағы халық санын талдасақ, халық саны кеміген губернияларға, алдымен Орынбор губерниясы (ауыл халқы 32,5%-ға), содан соң Ақтөбе губерниясы (ауыл халқының 27%-ы), Орал губерниясы (20,2%) екендігін байқаймыз⁶³⁸.

⁶³⁵РМҚЗА. 1064 қ. 1 тіз. 88 іс. 82-85-пп

⁶³⁶Қазақ АКСР халқының жыл сайынғы сандық өзгерісі алғаш рет талданды. Бірақ бұл есепте Адай ауданы бойынша деректер жоқ. Сондай-ақ Қазақ АКСР бойынша жалпы деректерден Орынбор губерниясының халқы туралы деректер алынып тасталды. Біз бұл мәселенің ары қарай өз тарапымыздан зерттелетініне ерекше мән береміз.

⁶³⁷История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). В пяти томах. Том 4. Алматы: Атамұра, 2009. 768 с. С. 657-658.

⁶³⁸Сборник статистических сведений о движении населения, скота и урожая с 1880 по 1922 г. Оренбург: 5-я Гос. Тип. Оренполигр., 1925. 97 с. С. 22, 23, 44, 45.

6 кесте. 1917-1922 жж. Қазақ АКСР халқы санының динамикасы⁶³⁹

Губерниялар мен уездер		1916	1917	1920	1921	1922	1920-1922 жж. (+/-) өсім	
							Абс.	%
Орал губ. (Торғай, Қостанай, Орал, Лбищенский, Гурьев уездері)	қала	74862	74636	63404	48371	54403	- 9001	- 14,2
	ауыл	597792	580461	459440	234250	371460	- 87980	- 20,2
	барлығы	671654	655097	522844	282651	425863	- 96981	- 19,5
Ақтөбе губ. (Ақтөбе, Ырғыз, Темір уезі)	қала	20619	21780	23710	23710	23710	-	-
	ауыл	494448	470918	430750	372480	314210	116540	- 27
	барлығы	515067	492707	454460	396190	337920	- 116540	25,7
Ақмола губ. (Атбасар, Ақмола, Петропавл, Көкшетау уездері)	қала	77879	77879	54693	54693	54640	- 53	- 0,01
	ауыл	1111984	1116010	1141990	978460	931810	-210180	-18,5
	барлығы	1189863	1193889	1196629	1033099	986460	- 210169	- 17,6
Семей губ. (Семей, Өскемен, Зайсан, Қарқаралы, Павлодар уездері)	қала	83193	83193	101831	97625	101326	-505	- 0,5
	ауыл	720621	751004	1028760	900015	966510	- 62250	- 6,1
	барлығы	803814	934197	1130091	1067886	1067836	-62255	- 5,5
ҚазақАКСР Орынбор губерниясымен бірге	қала	437305	440688	406838	388099	397833	-42855	- 2,2
	ауыл	4271493	4167858	4203440	3208900	3395130	- 808310	- 19,3
	барлығы	4712181	4611926	4610278	3596999	3795963	- 814315	-18,0
Орынбор губерниясы	қала	158424	158425	142904	142904	142904	-	-
	ауыл	870747	781633	627140	533700	423780	203360	-32,5
	барлығы	1038171	940058	770044	676604	566684	- 203360	-26,5
ҚазақАКСР Орынбор губерниясысыз	қала	278881	285643	263934	245195	254929	-9005	-3,5
	ауыл	3400746	3386225	3576300	2675200	2971350	- 704950	- 17,0
	барлығы	3674010	3671868	3840234	2920395	3229279	- 610955	-16,0

⁶³⁹Сборник статистических сведений о движении населения, скота и урожая с 1880 по 1922 г. Оренбург: 5-я Гос. Тип. Оренполигр., 1925. 97 с. С. 22, 23, 44, 45.

1922-1925 жж. Қазақстанға Ресей мен Украинаның шаруалары ғана емес, сонымен бірге қазақтар да қоныс аудара бастайды. Біртіндеп табиғи өсім байқалады: 1924 ж. орыстар мен қазақтардың табиғи өсімі, тиісінше, 25% және 16,1%-ді, 1927 ж. 32,9% және 27,1%-ді құрады.

Осы жерде әкімшілік-аумақтық, шекаралық өзгерістерді де айта кететін жайт: 1924 ж. ұлттық-мемлекеттік межелеу нәтижесінде Түркістан АКСР-інің құрамындағы Жетісу және Сырдария облыстарының қазақ жерлері Қазақ АКСР-нің құрамына кірді. Олар: Сырдария облысының Қазалы, Ақмешіт, Түркістан және Шымкент уездері толығымен, Әулиеата уезінің 36 болысының 25-і, Ташкент уезіндегі 31 уездің 10-ы, Мырзашөлдің 8 болысының 2-еуі. Сондай-ақ, Самарқанд облысынан Қазақстанға Жизак уезінің 6 болысы берілді. Жетісу облысынан Қазақ АКСР-не Алматы, Талдықорған (бұрынғы Қопал), Лепсі және Жаркент уездері мен Пішпек уезінің 3 болысы кірді⁶⁴⁰. 1924 ж. 14 қазанында БОАК-нің 11 шақырылымындағы II сессиясының «Орта Азия мен Қазақстанды ұлттық межелеу» туралы қаулысы өте маңызды құжат болып табылады. Оның 4 пунктін Қырғыз (қазақ) халқының жұмысшы және диқан топтарының жалпы қалауы бойынша қырғыз (қазақ) халқына Қазақ АКСР-не қосылу мақсатында Түркістан Автономиялық КСР құрамынан шығу құқығы беріледі», - делінді. Жалпы алғанда Қазақстанға Түркістан Республикасы аумағының 39,9% жері тиді (602,7 мың кв. км.)⁶⁴¹. Осы межелеу кезінде Қазақ АКСР-нің құрамында Амудария облысы мен Хорезм аумағының бірқатар бөлігінен Қарақалпақ автономиялық облысы құрылды. 1925 ж. 12-19 ақпанында Төрткүлде өткен Автономиялық облыс Кеңестерінің I Құрылтай съезінде Қарақалпақ Автономиялық облысының Қазақ КСР-і құрамына ерікті түрде қосылғаны заңды түрде ресімделіп, Қарақалпақ Автономиялық облысының құрылғаны жөнінде Декларация жарияланады. Қарақалпақ халқының жері де алғаш рет тұтас аумаққа негізделген ұлттық мемлекеттілік құрылымға бірікті. 1925 ж. 15-19 сәуірде Бүкілқазақтық Кеңестердің V съезі Қарақалпақ Автономиялық облысын Қазақ АКСР-і құрамына енгізу туралы ресми түрде толық шешім қабылдайды.

1924 ж. 12 желтоқсанда Сырдария облысы губерния болып қайта құрылады да, оның орталығы Шымкент қаласы болып белгіленді⁶⁴². 1925 ж. ақпанында Қазақ ОАК Төралқасы республика орталығын Орынбор қаласынан Ақмешітке (Қызылорда) ауыстыру қаулысын қабылдайды. Осы жылдың сәуір айында Орынбор губерниясы Қазақ АКСР құрамынан шығады.

Сонымен бірге, 1925-1927 жж. Қазақстан мен Қарақалпақстан арасындағы шекараға байланысты бірқатар шекаралық жерлердің ауысуы да болды. 1933 ж. Үстірттегі Маңғыстау мен Табын аудандарына енетін жерлердің

⁶⁴⁰Белан П.С. Границы Казахстана: краткая история формирования. Алматы: Тарих тағылымы, 2008. 156 с. С. 69.

⁶⁴¹ҚРОМА. 5-к., 5-т., 101-іс. 1-п.

⁶⁴²ҚРОМА. 5-к., 5-т., 97-іс. 3-п.

бірқатар бөлігін Қарақалпақстанға теліген Қарақалпақ АКСР-нің картасы шықты. 1936 ж. 26 қаңтарда Қазақ ОАК Төралқасы Қазақстанға жататын жерлерді Қарақалпақстанға берген, бірақ, Қарақалпақстанның алғысы келген жерлерін Қазақстанға қалдырған шешім шығарады және т.б.⁶⁴³.

Осындай өзгерістермен Қазақстан халқы 1926 ж. санаққа кірді.

Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында болған демографиялық үдерістердің нәтижелерін 1926 жылғы Бүкілодақтық халық санағы қорытындылады. 1926 ж. халық санағы Қазақстан халқының саны мен құрамындағы ірі өзгерістерді тіркеді. Қазақстандық демографтар бұл санақтың ауытқу қателігі 4-тен 7%-ға дейін деп санайды⁶⁴⁴. Қазақстанның қазіргі шекарасындағы халықтың жалпы саны 6 073 979 адамды құрады, бұл 1920 жылмен салыстырғанда 1394184 адамға (14,8%) артық, 1897 жылмен салыстырғанда Қазақстан халқы бір жарым есеге жуық өсті (149,4%). Бұл жергілікті халықтың табиғи өсуі арқылы да, негізінен Ресей мен Орталық Азияның ішкі губернияларынан мигранттардың келуімен де болды.

1926 жылғы БХС бойынша республикада 86 этникалық топтың өкілдері өмір сүрді. Қазақтар басым этнос болды, олардың халық құрамындағы үлес салмағы 58,7%-ды құрады, бірақ абсолюттік саны 1897 жылмен салыстырғанда 6,5%-ға ғана өсті. Орыс халқының саны, керісінше, 2,8 есе өсті, ал үлес салмағы 21,6% жетті. Украиндықтардың (13,9%), немістердің (0,8%) және өзбектердің (2,1%) үлес салмағы да өсті⁶⁴⁵.

1926 жылғы санақ бойынша қала халқының саны аз болып қалды-539 мың адам немесе республика халқының жалпы санының 8,4%. Урбанизация деңгейі жалпы одақтан 2 есе төмен болды (17,9%).


Қала халқы көбінесе орыстардан (52,8%) және украиндардан (5,9%) тұрды. Қала тұрғындары құрамындағы қазақтар небәрі 14,4%-ды құрады. Қала тұрғындарының жалпы санындағы олардың үлесі біркелкі емес: Қостанай уезінде – 1,6%-дан, Адай уезінде – 70,1%-ға дейін, Ақмола губерниясында – 12,8%, Ақтөбе – 13,7%, Семей – 21,6%, Сырдария – 21,9%, Орал – 18,8%, Жетісу губерниясында – 6,9%⁶⁴⁶. Қазақтардың Қазақстан қалаларына біркелкі қоныстанбауы оңтүстік өңірдің қалаларында із қалдырды, олар екі бөлікке бөлінді: әдетте орыстар және басқа этнос өкілдері мекендеген «жаңа қала» және қазақтар қоныстанған «ескі қала» – бұл даламен тығыз байланысты шеттер.

⁶⁴³ҚРОМА. 5-к., 17-т., 451-іс. 12, 15-пп.

⁶⁴⁴Асылбеков М.Х., Галиев А.Б. Социально-демографические процессы в Казахстане (1917-1980 гг.). Алма-Ата: Ғылым, 1991. 185 с.; Тәтімов М., Әлиев Ж. Дербестігіміз – демографияда. Алматы: Жеті Жарғы, 1999. 264 б.

⁶⁴⁵Всесоюзная перепись населения 1926 г. Т.VIII. Казакская АССР. Киргизская АССР. Отдел I. Народность, родной язык, возраст, грамотность. М.: ЦСУ Союза ССР, 1928. 262 с.: табл. С. 2, 3, 20, 21, 51, 59.

⁶⁴⁶Всесоюзная перепись населения 1926 г. Т.VIII. Казакская АССР. Киргизская АССР. Отдел I. Народность, родной язык, возраст, грамотность. М.: ЦСУ Союза ССР, 1928. 262 с.: табл. С. 15-45.



1-диаграмма. 1926 жылғы санақ бойынша Қазақстан халқының этникалық құрамы

1926 ж. санақта халықты жынысына, жасына, ұлтына және сауаттылығына сәйкес есепке алды. Қазақстан халқының жыныстық құрамындағы өзгерістер динамикасына көз жүгіртсек. 1926 ж. Қазақ АКСР-індегі ерлердің үлесі – 50,9%, әйелдер – 49,1%, ауыл халқы бойынша ерлер – 51,3%, әйелдер – 48,7%, қала халқындағы 49,1% – ерлер, 50,1% – әйелдер болыпты. Ал, 1939 ж. Қазақ КСР-да ерлер үлесі – 52%, әйелдер – 48%, сонын ішінде қала халқының 51,9% – ерлер, 48,1% – әйелдер, ауыл халқының 52% – ерлер, 48% – әйелдер болды. Салыстыру үшін 1939 ж. КСРО бойынша ерлер 47,9%, әйелдер 52,1% қала халқының құрамындағы 47,9 және 52,1%, ауыл халқында 48,0 және 52,0% болып, әйелдер үлесінің басым болғанын айтайық.

1926 ж. 0-4 жастағылар 1923-1926 жж. аралығында туылғандар бүкіл халықтың басқа жастағы топтардың адам санының мөлшерінен анағұрлым көп. Бұлар 1921-1922 жж. пен аштықтан кейінгі 1923-1926 жж. компенсаторлық кезеңде туылғандар. 1921-22 жж. жас балалар мен кәрі жастағылар көп өлгені айтылады. 1926 ж. санақта бұлар 1917-1922 жж. аралығында туылған 5-9 жас аралығындағылар мен 1912-1916 жж. аралығында туылған 10-14 жастағылар. 1921-1922 жж. болған ашаршылықтың өзі халықтың үштен бірін алып кетті деуге болады⁶⁴⁷.

Халықтың табиғи өсуі алдыңғы кезеңмен салыстырғанда айтарлықтай өсті. Мәселен, 1924 жылы орыстар мен қазақтардың табиғи өсімі тиісінше 25 және 16,2 промиллені, 1927 жылы – 32,9 және 27,1 құрады. Табиғи өсімнің айырмашылығы көшпелі өмір жағдайында балалардың көбірек өлімінен туындаған қазақтар мен орыстардың балалық шақ деңгейіндегі айырмашылықпен түсіндіріледі. Жалпы халықтың табиғи өсімінің артуына сырқаттанушылық пен өлім-жітімнің төмендеуі әсер етті, бұл кеңестік

⁶⁴⁷Всесоюзная перепись населения 1926 г. Т.VIII. Казакская АССР. Киргизская АССР. Отдел I. Народность, родной язык, возраст, грамотность. М.: ЦСУ Союза ССР, 1928. 262 с.: табл.

дәрігерлердің жедел жұқпалы эпидемиямен сәтті күресіне ықпал етті. Тск 1922-1925 жылдары іш сүзегімен сырқаттанушылық 15 есеге, дизентерия – 2 есеге, іш сүзегімен сырқаттанушылық – 25 есеге және т. б. қысқарды⁶⁴⁸.

XX ғ. 20-30 жж. халық құрамындағы терең өзгерістерге әкелген демографиялық апат нәтижесіне келсек, оны санақ мәліметтерінде берілетін жас топтары пирамидасынан байқауға болады. Ол жылдардағы жастық және жыныстық көрсеткіш пирамидада үнірейген жерлер түрінде көрінеді. Бұдан кейінгі санақтарда да 1921-1922 жж. туылғандар мен ерлер үлесі төмен болды. Мысалы, 1926, 1939, 1959 жж. және одан кейінгі санақтарда 1921-1922 жж. және 1929-1933 жж. туылғандар мен ерлер үлесі төмен болды. Ашаршылық пен жұт жылдарының нәтижесі санақтарда құлдырау кезеңдері болып былай көрінеді: 1926 ж. санақта 5-9 жастағылар 1939 ж. 15-19 жас, 1959 ж. 35-39 жас, 1979 ж. 55-59 жастағылардың тұсының пирамидаларына ойсырап тұруы. Бұлар 1917-1924 жж. туылып, стихиялы опатты басынан кешіргендер.

Жалпы, 1926 ж. санақ бойынша Қазақстанда 6198,0 мың (3627,6 мыңы қазақ) адам деп есептелсе, 1937 ж. санақта қазақтардың саны 2 млн 181,5 мыңға әзер жетті. Екі санақ арасында қазақтар 1 млн 393,8 мыңға кеміген.

Қорытындылай келе, осы кезеңде Ресейдің, Украинаның және басқа жерлердің орталық аймақтарынан көші-қон жүріп жатқанын, ал қазақтардың абсолютті саны олардың халық құрамындағы үлесі де азайғанын атап өтеміз. Қазақтардың негізгі бөлігі ауыл тұрғындары болып қала берді, олардың қала тұрғындары құрамындағы үлес салмағы шамалы болды.

